

Кенен ӘЗІРБАЕВ

---

---

# ШЫГАРМАЛАРЫ



Бестомдық

2-том

*ЖАРЫСТЫМ ТАЛАЙ  
ЕЛДІҢ ЖУЙРІГІМЕН*

Айтыстар мен дастандар

КЕЛЕШЕК

Алматы

2017

ӘОЖ 821.512.122

ББК 84 Каз-5

Ә 36

*Қазақстан Республикасы Мәдениет жөнне спорт министрлігі «Мәдениет жөнне өнер саласындағы бәсекелестіктің жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насыхаттау жөнне мұрагат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басым шығару жөнне тарату» кіші бағдарламасы бойынша жасырқ көрді.*

Құрастыруышы – Бақытжан Кененұлы Әзірбаев

## ӘЗІРБАЕВ К.

**Шығармалары.** Бестомдық. 2-том: Айтыстар мен дастандар – / К. Әзірбаев – Алматы: «Келешек», 2017 – 204 бет.

Екі ғасыр тоғысында өмір сүрген, бұрын өткен ақын-жыраулар мен әншілерден қалған алтын сынықтай дарабоз өнерпаз, ақын, сазгер Кенен Әзірбаевтың шығармалар жинағының бұл томына үзенгілес, әріптес ақындармен әр кезендегі айтыстары мен дастандары еніп отыр. Ақын бұрынғы айтыс өнеріндегі белгілі дәстүрлерді одан әрі дамыта отырып, өзінің ақындық шеберлігін паш етеді.

ӘОЖ 821.512.122

ББК 84 Каз-5

Ә 36

ISBN 978-601-03-0487-1

ISBN 978-601-03-0489-5

© Әзірбаев. К, 2017

© «Келешек», 2017



# АЙТЫІСТАР



# *АЙТЫСТЫҢ БЕТАШАРЫ*

Ежелден ел салты бар,  
Айтыс десе талпынар.  
Көрі мен жас келгенде,  
Ақын қиял шарқ ұрап.  
Ат қосқандай бәйгеге,  
Озып келсе даңқы бар,  
Жүзден жүлде алғанды,  
Мадақтайтын салты бар.  
Айтысқа тән жолашар,  
Асыл сөздер жарасар.  
Ұлы думан-жиынды,  
Ақсақалды шал ашар.  
Мен де ақынның бірімін,  
Сөзіме жұрт таласар.  
Домбырамды шертейін,  
Бақытты елім қаласа.  
Сол дәстүрден озбайын,  
Сөз сарасын қозғайын,  
Жиналғанда әлеумет,  
Жыр шашуға біз дайын.  
Шәкіртерім, достарым,  
Жақынға айтар сөз дайын.  
Бүгін қосқан бастарың,  
Ақынға айтар сөз дайын.  
Жүйріктерім, бауырым,  
Ауданың мен аулыңың,  
Колхоз, совхоз қауымның,  
Табыстарын айтыңдар.  
Социалистік шартпенен,  
Жарысқаның айтыңдар  
Қайсысы озып қайсысы,  
Қалысқаның айтыңдар.



Оркендеген елінді айт,  
Өндіріс пен кенінді айт,  
Егін менен жерінді айт,  
Еңбексүйгіш ерінді айт,  
Өзенің мен көлінді айт,  
Алыс отар, шөлінді айт,  
Мал азығы — шебінді айт,  
Мыңғыраған төлінді айт,  
Мыңдал алған өнімді айт.  
Қара жаға, көк бөрік,  
Қаракөлдің молын айт.  
Мәдениет орнын айт,  
Көркемөнер жолын айт,  
Қызылшаның көбін айт.  
Жетісі мен кемін айт,  
Кемшілікті көріп айт.  
Әділ сынап, теріп айт,  
Ыза болсын жалқаулар,  
Көп алдында көзіне айт.  
Қытықтамай шымшып айт,  
Откір жырмен қыршып айт.  
Ұл-қыздарым, қызып айт,  
Аққу-қаздай жүзіп айт,  
Арғымақтай шұлғып айт.  
Ақбөкендей желіп айт,  
Оза шауып орғып айт.  
Тыңдаушыға жол ғып айт.  
Облысы Жамбылдың,  
Ленин орденін алғанды айт.  
Тойы-тойға ұласып,  
Данқы жерді жарғанды айт.  
Бұл бақытқа жеткізген,  
Партияға алғыс айт.  
Ал, жол болсын, ақындар,  
Абыройлы болып қайт!



## **КЕНЕН МЕН ШӘЛИПА**

**К е н е н:**

Мінгенім астымдағы қызыл шолақ,  
Қыз байғұс әкесіне аз күн қонақ.  
Әй, қыздар, кедейсінбей өлеңінді айт,  
Тұсына келіп қалдым “құдашалап”.

**Ш ә л и п а:**

Бағып жүрген ешкіңнің бәрі жағал,  
Әріптесім сен болсаң, әдіре қал.  
Әдіре қал дегенге арсандамай,  
Жел жағымды мұңқітпей әрі жоғал.

**К е н е н:**

Мен өзім Алатаудың ителгісі,  
Қойшының қызға жақын икемдісі.  
Кедейсің деп кемітпе, байдың қызы,  
Келіп отыр құрбыңның сүйкенгісі.

**Ш ә л и п а:**

Көк ала үйрек ұшады көл дегенде,  
Ешкі емеді қойшылар шөлдегенде.  
Сүт сауам деп кеуденің бәрі сірне,  
Қойың бақпай, ой, сорлы-ау, нең бар менде!

**К е н е н:**

Қызы едің сен бір байдың өтпей жүрген,  
Жиырма беске келгенше кетпей жүрген.  
Көрмегендей мақтанба, байдың қызы,  
Мен – қойшы сендей қызды ептей жүрген.

**Ш ә л и п а:**

Рас, бізге бозбалалар болады ашық,  
Ашық жайын біле ме қойшы пасық.



Сарымайдан дәметкен кеуден құрсын,  
Жел жағымда жүрмеші теке сасып.

К е н е н:

Сендей адам емес пе қойшы деген,  
Жол үстінде жолықтым тойшыменен.  
Көрмегендей мақтанба, байдың қызы,  
Жолың болмас сырласпай қойшыменен.

Ш Ә л и п а:

Сенің атаң, ей, Кенен жалаңаяқ,  
Құртқан екен құдайым аямай-ақ.  
Әкең байғұс ұстап жүр қазан-аяқ,  
Қойды жөндеп бақсаңшы сандалмай-ақ.

К е н е н:

Сенің атаң, Шәлипа, Байбалақ-ты.  
Жиырма бескे келгенше бақты-қақты.  
Төсіндең томпиган екі емшекті,  
Мендей қойшы мыжғылап аймалапты.

Ш Ә л и п а:

Өйт-бүйтпесем, ей, байғұс, өйт-бүйтпесем,  
Қу шекпенді құржитып отқа үйтпесем.  
Жапалақша жарбандаپ қалмай қойдың,  
Итаяққа ас құйып «көйіт, көйіт», десем.

К е н е н:

Шәлипа, сен олай деп кесірленбе,  
Жүйрік аттай замғаймын көсілгенде.  
Адамды итке теңеп шақыратын,  
Шешен ит қып өзінді өсірген бе?<sup>1</sup>...

1898—1900 жж

---

<sup>1</sup> Осы арада тойға бірге келе жатқан шешесі әдепсіз өлең айтқан қызына ұрсып, айтысты тоқтатып, Кененге орамал бергізген.



# **КЕНЕННИҚ БӨДЕНЕ ЖӘНЕ ШӘЙНЕК ДЕГЕН ЖЕҢГЕЛЕРИМЕН ӘЗІЛ-ҚАҒЫСЫ**

**К е н е н:**

Женгелер, жүрмісіндер күйлі жайлы,  
Ішкелі аңсап келдім қүрең шайды.  
Ауылға көшіргелі келіп тұрмын,  
Жатақ қып жатасың ба осы Ақсайды?<sup>1</sup>

Көп боп еді, женгелер, көрмегенге,  
Сала келдім бір қолқа жеңгелерге.  
Ақсайда ағаш бағып отырғанша,  
Көшсөңші Қордайдағы туған елге.

**Б ө д е н е — Ш ә й н е к:**

Орныңыз құтты болсын, болыс қайным,  
Кигенің шенел, шәпкі, орыс қайным.  
Кедейден өкімет боп шыққанында,  
Жақсы екен нашарларға болысқаның.

Көш десен тоқсан түйе жиғызып кел,  
Құрмет пен парасатты білгізіп кел,  
Жұз жорға, ер-тоқымы ылғи күміс,  
Жұз қамшы ер басына ілгізіп кел!

**К е н е н:**

Женгелер, көшем десен көшіремін,  
Еркелеп төсегінде көсілемін.  
Байлардың жорғаларын алып келіп,  
Мінгізіп көңілінді өсіремін.

---

<sup>1</sup> Бұл – әзіл қағысу Алматы – Бішкек тасжолы үстіндегі Ақсай өзені жағасында болған.



Иірсу, Берікқара малдың жері,  
Көкорай, көк майсалы ылди, өрі.

Қосылған ағайынға көшіп барып,  
Әркімнің өзіне ыстық туған елі.

Б ө д е н е — Ш ә й н е к:  
Өкімет бізге де жер берді кесіп,  
Кедейге ерінбеген болды несіп,  
Астығы ағыл-тегіл жерді тастап,  
Неміз бар сол Қордайға қайта көшіп.

Қайным-аяу, малдан қымбат тал мен терек,  
Алма, өрік, ақша болар, мал не керек?!

Ақ бидай, қызыл тары бәрі бізде,  
Картошка, қауын-қарбыз жемі болек.

К е н е н:  
Жеңгелер, ермедіндер қайныңызға,  
Қарадық олай болса жайыңызға.  
Жүрерміз келіп-кетіп, есен-сау бол,  
Ал енді аттаналық аулымызға.

1921 ж



## **КЕНЕН МЕН ЛӘТИПА**

**К е н е н:**

Мен едім Кенен ақын Қордайдағы,  
Төгейін өлеңімді таңдайдағы.  
Ләтипа, дауысынды естіп келдім,  
Жатсаң да Төмен Балқаш шалғайдағы.  
Өзіндей өнерпазды көргенімде,  
Қайнайды зығырданым қай-қайдайдағы.  
Топардың тогайында сен бір бұлбұл,  
Әнінді құбылжытып салғай тағы,  
Ақиық Алатаудың қыранымын,  
Кондырып бұтағыңа алғай дағы.

**Л ә т и п а:**

Сен бе едің Қордайдағы Кенен деген, —  
Құлағым келеді деп елеңдеген.  
Сыртыңнан естуші едім атағынды,  
Ойда жоқ, түлен түртіп келер деген.  
Ашадан Сауытбек пен Жидебай кеп,  
Айтысып менен көnlі төмендеген.  
Қайрақбай, Әлдібай мен Көшкімбай кеп,  
Бәйсімбекпен алты ақын шөмендеген.  
Болғанда сен іздеген, мен сұраған,  
Іздеген сұрағанға деген келген.  
Ап етпей, қап етпестен, Кенен құрбым,  
Азырақ сынасалық өлеңменен.

**К е н е н:**

Мен едім Дулаттағы Кенен ақын,  
Жол жүріп жеті бекет келген ақын.  
Тайымда атқа қосып елім мені,



Бәйге алған оза шауып арғымақпын.  
Жеңдім деп өңшең шалды мақтанасын,  
Олар қайда болып еді менен ақын?!  
Тілінді тарта сойле асқақтамай,  
Шаңыма ілеспейді сендей қатын.

Л ә т и п а:

Сен болсаң кім қорқады, Кенен ақын,  
Жасыңдан жарымаған кедей ақын,  
Мақтанба көрмегендей, білмегендей,  
Қураған Қекшолақпен сірі тақым.  
Сен болсаң кім сескенер, Кенен болыс,  
Қолына таяқ алған<sup>1</sup>, кедей болыс.  
Мақтайсың өзінді өзің көтермелеп,  
Келсең де үш жұз түйе сұрап «помощь».  
Бүкіл мынау қазақтан серік таппай,  
Қасыңа қосып апсың «сары орыс».

К е н е н:

Ләтипа, келтірмеші шайтанымды,  
Біліп ем осы сөзді айтарынды.  
Орыс пенен қазақты бөлетүғын,  
Коңілің неге орыстан тойтарылды?  
Үш жұз түйе аламын әскер үшін,  
Қом-шомымен айдатып қайтарымда.  
Талассаң тар кезеңге мен шығармын,  
Тыртындалаш шауып көрші байталынды.

Л ә т и п а:

Ей, Кенен, жүйрік емес, жүріскерсің,  
Өлеңге әуенменен мініскерсің.  
Желпініп жеңемін деп, аptyқпағын,  
Шында сам сөз таба алмай тіміскірсің.

---

<sup>1</sup> Осы арада жиында отырган Ләтипаның байы Әбіжан Тайшыбайұлы жанжал шығараады. Сөйтіп айтыс бітпей қалады.



Арының қайтпай жүрген ақын болсан,  
Қысылып жүрген жолың жіңішкесін.  
Көк байтал күнде озып бәйге алып жүр,  
К... бәйге алса иіскерсің.

### К е н е н:

Ләтипа, бір көруге ашық едім,  
Ауылдың Хантаудағы қашық еді.  
Көк байтал күнде озып жүргенменен,  
Оны да жабы сәурік басып еді.  
Тұғырдан туған құлын шабан болып,  
Көшке де ілеспейтін жасық еді.  
Қазанның қүйесіндей қара байың,  
Қүйеуің таңдал тиген осы ма еді?  
Кетпеннің ұңғысындағы кеңірдегі,  
Көргенде қалдым түрін шошып енді.  
Қашар мен арғымақты матағандай,  
Жатасың қайтіп қана қасына енді?  
Жүрсөңші Алматыға бізден бірге,  
Қояйын сүйгеніңе қосып сені.  
Тіл алсаң бізден қалма, Ләтипажан,  
Әйелге теңдік жолы ашылды енді.

### Л ә т и п а:

Ей, Кенен, қоқаң, сестен қорықпаймын,  
Дүлдүлмін неше таңға зорықпаймын.  
Өлеңнің тандайымда ұясы бар,  
Ешкімнен үйренбеймін, тарықпаймын.  
Болса да байым момын елім жақсы,  
Үстінде үш болыс ел қалықтаймын.  
Елімнің еркелеткен арқасында,  
Дарияда жүзіп жүрген балықтаймын.



**К е н е н:**

Ләтипа, асыл нарқын білген қандай,  
Жас шақта құліп, ойнап жүрген қандай!  
Бұл күні әйелдерге ерік тиді,  
Қалайша жүрсің шыдал жаман байға-ай?!

Жанымда жау-жарақты жолдастар бар,  
Жүрсөңші тілімді алсаң, бізден қалмай.  
Жоқ болса жанашырың, сүйенерің,  
Өкімет пана болып қорғағандай.

**Л ә т и п а:**

Ей, Кенен, бұл сөзіңе нана алмаймын,  
Шын айтсаң, мен соңыңнан қала алмаймын.  
Ақ бата, қызыл қанды бұзбаймыз деп,  
Ұзатты байладап, матап ел-ағайын.  
Озіндей әзілдессем құрбыменен,  
Еркексіп ұра береді жаман байым!

1921 ж



## **ЖАМБЫЛ МЕН КЕНЕН**

К е н е н :

Ақынның асқан алыбы,  
Халықтың болған жарығы,  
Сәлем бердік о, Жәке,  
Мәскеу барып қайтқанда,  
Кеудене орден таққанда,  
Шаршап келіп тынығып,  
Өз үйінде жатқанда,  
Арнайы келдім о, Жәке,  
Орденіңді құттықтап,  
Қуанғаннан кеп едім.  
Көрісейін деп едім!  
Тәуірмісің о, Жәке,  
Отан қамын тіледің,  
Халық үшін жүргегің,  
Көсемге теңеу таптың ба,  
Ақылы дана зерегім.

Ж а м б ы л :

Сәлем беріп келіпсің,  
Рақмет, Кененім.  
Осы аурудан жазылып,  
Ел көрем бе деп едім.  
Тәуір болдым шүкірлік,  
Қоңілімді демедің.  
«Жаңа занға» шырқашы,  
Сағындым ғой, Кененім!

1934 ж



## **КЕҢЖЕҚОЖА МЕН КЕНЕН**

**К е н ж е қ о ж а :**

Арғы атам Мәделі мен Майлықожа,  
Ғылым мен өнерге асқан сайлы қожа.  
Қазыны, қарта менен сары қымызды,  
Қонаққа соятұғын тайды қожа.  
Сүйеніп құсжастыққа, мамық төсек,  
Ішпейтін қаймақ қатпай шайды қожа.  
Патша менен бай-манап заманында,  
Санаған жүлдізнама айды қожа.  
Дін – ислам күшті болып тұрған шақта,  
Халыққа әділ болған жайлы қожа.  
Сен болсаң кедейлерді жиып алыш,  
Бермедің бай-болысқа ешбір маза.  
Бай-манапқа тілекtes қожалар деп,  
Біздей асыл тұқымға бердің жаза.  
Бай-құлақ, қожа менен болыс, билер,  
Көбісі қорлықпенен болды қаза.  
Кенендей жарымаған жарлыларды,  
Москваға шақырды неңе бола?  
Петроград патшаның ордасына  
Жамбылды апарды ма салуға аза.  
Есек мініп жүретін ел жағалап,  
Тоқсандағы тобырға беріп баға.  
Сапырылған көжедей араласып,  
Кедей, жалшы бой бермес арашаға,  
Тұғыр озып, тұлпардан баға кетіп,  
Төрт аяғы тірелді «тамашаға».  
Ал, Кенен, ақын болсаң, бердім кезек,  
Мен жоқ жерде ақынсың оңашада.  
Мен – қожа, сен қарасың, арадағы,  
Тұлпарға Көкшолағың жанаса ма?



## К е н е н:

Ау, Қожа, кедейлерге тіл тигізбе!  
Келтірді не жақсылық дінің бізге?  
Жарығы құллі әлемге бірдей түскен,  
Теңеймін Ильич шамын Ай мен күнге.  
Халықтың ғасыр бойы қанын сорған,  
Патша-бай, қожа-молда болдың бірге.  
Оқытпай түрлі ғылым, өнер жолын,  
Қамаған ер, әйелді қара тұнге.  
Құрекен Жетісуда байға қарсы,  
Ұялмай сын тағасың адап ерге.  
«Қара сүйек», «ақ сүйек» ауылы деп,  
Кесірің талай тиген еңбекші елге.  
Адамды арбап-алдан айналдырған,  
Сиқыршы, молда-қожа жақын келме.  
«Көпке жазған көмусіз қалар» деген,  
Шындық жол мен әділет орнап бізге.  
Еліме бақыт берген Ленин жолы,  
Кедей тапты шығарды асқар белге.  
Есек мінсе Жамбылды кім көріп еді?  
Бүкіл халық шығарды сыйлас тортеге.  
Абай менен Жамбылды кім білмейді,  
Құрманғазы күйлері күмбірлейді.  
Балуан Шолақ, Шөже мен Сүйінбайдын,  
Ақан, Біржан, Сарбас, Орынбайдың,  
Ән-жырына құлағын кім түрмейді?!

Көкшолағы Кененнің дүлдүл болды,  
Өзі совет халқына бұлбұл болды.  
Патша менен байларға жолдас болған,  
Қожа-молда сүйкімсіз құзғын болды.  
Талай байлар халықты қан қақсатқан,  
Қойға тиген қасқырдай қуғын көрді,  
Бай-манапқа тіс қайрап жүрген жалшы,  
Ошін алып, еліме тұлға болды.  
Большевиктік ададық, әділ жолы,



Езілген еңбекші елге нұрлы болды.  
Жержүзі кедей таптың мұңын жоқтап,  
Партия салған жолы үлгі болды.  
Қараңғы елге күн шығып, тұман кетіп,  
Кәрі-жас, әйел-еркек сыйлы болды.  
Жер, суға жеті атасы жарымаған,  
Құнарлы құтты жерге кедей қонды.  
Колхоз, совхоз үйым боп, қала гүлдеп,  
Бас пен малы өркендер көңілі толды.  
Ішің күйсе тұз жала, Кенжеқожа,  
Армансыз айтшы тағы, бердім жолды.

### К е н ж е қ о ж а:

Елшісі пайғамбардың қожа-молда,  
Бастайтын мұсылманды жұмақ жолға.  
Патшалар, бай-манаптар мешіт салып,  
Талайды қажы қылған Мекке жолда.  
Жамбыл менен мақтайсың Абайыңды,  
Ата тілін алмаған жабайыңды.  
Ақан сері, Біржан сал, Құрманғазы,  
Дәріптейсің арғын мен адайыңды.  
Балуан Шолак, Орынбай, Сүйімбайлар,  
Шөже, Тұбек, Сарбас талайыңды.  
Ишан, төре, қожамен салыстырма,  
Алтын емес, жеңілtek қалайыңды.  
Мәделі, Майлышқожа сегіз қырлы,  
Ән-күйге қақтырайын таңдайыңды.  
Дәүлеткерей бал тамған бармағынан,  
Ақ пен қара болмайды ағайыңды.  
Айт десең, Кенен ақын, тағы айтайын,  
Білемін өңкей кедей жақындарың,  
Еркекпен қатар жүріп қатындарың,  
Арақ пенен шошқаны арамсынбай,  
Адал, арам аралас сапырғаның.  
Ақтық жолдан адасып, жүрсің байғұс,



Жеті тозақ отына жақындаңың.  
Өмірде жарымаған, Кенен ақын,  
Сілеңді осы емес пе қатырғаным!  
Тауықтай тал-тал жүнің жұлынады,  
Мезгілсіз таң атты,— деп шақырғаның.

К е н е н:

Кезекті бердің маған Кенжеқожа,  
Кесір айтпа, сен дағы пенде қожа.  
Сәлденді орап, Аллалап, таң атқанда  
Азан айтып әлек боп мойын соза.  
Қарақұстай үймелеп қансонарда,  
Олжа алам деп бір адам болса қаза.  
Ештеме алмай жүрмейді ишандарың,  
Қанағатшыл ақниет болса таза.  
Өлім шықса молдалар қуанады.  
Қаралы үйге бермейсің ешбір маза.  
Түрлі салық өлгенге саласындар,  
Бермесе боласындар тағы наза.  
Төлемеген тозаққа күйеді деп,  
Жалғыз атын кедейдің ап жаназа.  
Қатім Құран шығарып підия алдың,  
Жұрт алдында тарттырам саған саза.  
«Жылдығын», «жетілігін», «қырқын» бер деп  
Қаралыға ас бер деп салдың аза.  
Бейсенбі, жұма сайын бір тоясын,  
Бұл қылығың боріден кем бе, қожа?  
Құраныңды жерге ұрып, кісі өлмесе,  
Қасқырдай боп шабасың елге, қожа.  
Патша, байға тілекtes боламын деп,  
Ағып кеткен ақ сәлдең селге қожа.  
Халық сүйген ақынға соқтығам деп,  
Қақпанға түстің келіп демде қожа.  
Сөзіме Кенжеқожа құлақ салшы,  
Сен өлең үйреткендей мақтанасың,



Жеті атамнан кетпеген ақын-жыршы.  
Ерегіссең екеуміз жарысалық,  
Екіленіп саныңа үршы қамшы.  
Қалың қазақ халқының бұлбұлымын,  
Таудан аққан мен бұлақ, сен бір тамшы.

К е н ж е қ о ж а :

Ау, Кенен, атың дарқан кең екенсің,  
Ән-жырға, әңгімеге тең екенсің.  
Әншейін сырттан өсек айтып жүрген,  
Ақындар құндел жүрген ер екенсің.  
Өнерге жап-жасыңнан талаптанған,  
Қордайдың саулап тұрған желі екенсің...

1938 ж



# **КЕНЕН МЕН ӘБДІАЛИ**

**К е н е н :**

Ел анасы – жер болар.  
Ел ағасы – ер болар.  
Кіндік кесіп, кір жуған  
Жер балаңмен тең болар.  
Ұшқан құс қонбай қоя ма,  
Еңбексіз қарның тоя ма?  
Ел мен жерден сыр алмай,  
Аң қуған жолы бола ма?  
Ат мойнында тұмарсың,  
Ат аунаса сынарсың,  
Ал, қызыл тіл, сайраши,  
Ажал жетсе тынарсың.  
Сұлуға көзім қараши,  
Топырақ басса жұмарсың.  
Асылды інім, киіп қал,  
Арғымақ, жорға мініп қал,  
Көп алдында сойлеп қал,  
Жиналған халық тыңдасын.  
Жүйрік аттай көсліп,  
Жібек жілтей есіліп.  
Осы жерден ертеде,  
Жеті ғалам ел өткен,  
Әркім қорғап Отанын,  
Атақты талай ер өткен.  
Жері байдың – елі бай.  
Бас пен малы өркендер,  
Көсегенәнді көгерктен.  
Ерлер туып, жау шауып,  
Елдің қамын жеп өткен.  
Тәттіні тісім шайнап қал,  
Жер астында қиарсың,  
Осы жерім – атажұрт,



Ұлы жұз өскен қоныс құт.  
Екі жұз болыс ел болған,  
Төрт ата Дулат көп ұлт.  
Албан, Суан үшеуі,  
Жарықшақтан тарайды.  
Бәйбішеден Сарыўйсін,  
Абақ, Тарақ бәрі Үйсін.  
Шапырашты, Ошақты,  
Парлап мінген қос атты.  
Сыландыдан Ысты боп,  
Үш тамғалы атапты.  
Бақтиярдың тұқымы  
Арғы атасы Төбейді.  
Төбейден бері қөбейді.  
Абақ, Тарақ баласы,  
Алатауды жебейді.  
Әркім шабар үранға,  
Бәйдібек пен Домалак,  
Бейіті Бөген-Шаянда,  
Ата-анамды айтпай қоям ба?!

### Ә б д і ф а л и :

Көпшілік, бәріңізге сәлем бердім,  
Бауырлар, жұрсіз бе аман, қаладағы.  
Көсілтіп топқа салып көрініздер,  
Адамның ақын деген жорғалары.  
Сөйле деп Кенен ақын кезек берді,  
Әркімнің өзіне алтын қолда бары.  
Баптаған жүйрігінің мен де бірі,  
Сырланған алтынменен арналары.  
Қияға шыңнан орлеп арындармай,  
Неліктен Әбдіғали қорғанады.  
Өлеңнен түйме түйіп, бауын қадап,  
Сол болсын көпке салған олжалары.  
Көпшілік ортасында ән шырқайын,



Даусым көкке шалқып, аспанға өрлеп.  
Қанішер фашистердей қас дүшпанға,  
Наркескен алмас болат қылыш сермеп.  
Қаһарман қайратыма мініп алып,  
Терейін сөз асылын соттай тергеп.  
Намысын Отанымның ойлағанға,  
Айнадай алғыр сөзім болсын өрнек.  
Кене аға, аман-есен жүрмісіңіз,  
Кішіге о да міндеп сәлем бермек.  
Теренге сөзді еркімен шомылдырмай,  
Көрерсіз аспандатып әнге сермеп.  
Шекердей шыққан сөзім бал тілімнен,  
Дәмі жоқ сөйлемеймін сөзді кермек.  
Жүйріктің шапса шаңы ілеспеген,  
Құздардың арындаған шыңын өрлеп.  
Алматы облысы туған елім,  
Алатау айналамды жатқан көлбеп.  
Суреттеп бұл жерімді көрсетейін,  
Айтарлық қай жерің бар бүған теңдеп?

Тірелген Алатаудың басы көкке,  
Хан Тәңірі, Тянь-Шань арғы шетте.  
Ақ наизадай төбесі қаһарланып,  
Алып шапқан батырдай жауын бетке.  
Жемісі жеткілікті тұр-тұрімен,  
Шынарлы миуалы ағаш шыққан бетте.  
Алабы Алматының қалың орман,  
Отанның әскеріндей жатқан шетте.  
Тастары жаңғырады сөйлегенде,  
Қазына қойны толған түрлі кенге.

К е н е н :  
Біздің елдің атақты,  
Ерлерімен таныссан,  
Айтуға, сірө, жалықпан.



Төле би шыққан Үйсіннен  
Өзі өзіз, өзі әділ,  
Атағы зор қалыстан,  
Қаздауысты Қазыбек,  
Алшыннан шыққан Әйтеке,  
Табыннан шыққан ер Серке,  
Керейден шыққан қос қасқа,  
Тұрсынбай мен ер Жабай,  
Шақшақ ұлы Жәнібек,  
Қанжығалы Бөгенбай,  
Қаракерей Қабанбай,  
Қатар туған арыстан.  
Алатаяуда – Ұлы жүз,  
Сарыарқада – Орта жүз,  
Орал тауда – Кіші жүз  
Кең өріс тапқан алыстан.  
Қысқаша жоба көрсеттім,  
Айта берсек тауыспан.  
Енді бері келейін,  
Ақ бөкендей желейін.  
Жақсыбай мен Қазанқап,  
Екеуін айтып берейін.  
Жетісудың ел, жерін,  
Атақтысын терейін.  
Қасқараудан Өтеген,  
Үйде тұрмас кетеген,  
Қырық жыл өріс қараған,  
Безіп қатын-баладан.  
Жамбыл да айтты бағалап,  
Ертеде-ақ елге тараған.  
Мүйізі бар басында,  
Ораздан шыққан Жолбарыс,  
Тарихта бар, ел таныс.  
Ногайбай мен Кебекбай,  
Тілге шешен, сөзге бай.



Ауданымыз атақты,  
Сұлутөр мен ел Қордай.  
Түп нағашым Қабанды-ай,  
Жүртқа мәлім болғандай.  
Оз ұстазым – Сарбас,  
Олеңі жүққан айрандай.  
Сарбас деген кең ақын,  
Жамбылменен тең ақын.  
Тірі жүрсе бүл кездे,  
Талайыңды жеңетін.  
Қалмырзамен айтысып,  
Қырғыздан бәйге алатын.  
Оз нағашым Қаңтарбай,  
Сүйінбаймен бір парды-ай,  
Түп атам жүйрік тұлпардай,  
Ақиық қыран сұңқардай,  
Байқап сөйле, ақыным,  
Токталып қалма айта алмай!  
Тобықтан қиып, мен кетсем,  
Жапалақтай далақтап,  
Топ түсерсің ортага-ай!  
Жақсы ақынның өлеңі,  
Шебер тіккен киімдей.  
Балдан тәтті үғылар,  
Жас баланың тіліндей.  
Елжіретер көңілінді,  
Құрманғазы күйіндей.  
Жақсы сөз жұпар аңқиды,  
Жазғы шөптің гүліндей.  
Құлағыңдан кетпейді  
Бұлбұлдардың үніндей.  
Халқым келді қамалап,  
Сайра тілім, мұдірмей.  
Ақын болсаң Сариев,  
Жауап берші кідірмей,



Сауалым бар Сариев,  
Тауып берші бөгелмей,  
«Жүк аумайды бұраумен»,  
«Сөз ашылар сұраумен».  
«Қар өседі қылаумен»,  
«Бала өседі сылаумен»,  
Ер Тарғын мен Қобыланды,  
Исатай мен Махамбет,  
Құрманғазы, Тәттімбет  
Қайдан шықты, жауап ет!  
Жетісуды атап бер,  
Малдай санап матап бер.  
Аяғы қайда құяды,  
Басы қайдан шығады,  
Атағы зор Алатау,  
Астана түрған бақша-бау,  
Хан Тәңірім биік қай жақта,  
Ата, айтшы, қылмай дау!  
Байқара, Жамбыл деген жер,  
Жәкең туған кеменгер.  
Дәл қай жақта болады?

Ә б і ғ а л и:

Ақын өлең бастайды,  
Тастүлек құстай қомданып.  
Жауап сөзден қашпайды,  
Ақ домбыра қолға алып,  
Біраз ғана сөйлейін,  
Откендерден қозғалып.  
Ер Қарасай ұраным,  
Атағы шыққан жауды алып.  
Батырлығын сұрасан,  
Асыра құған таулардан,  
Қалың қара қалмақты,  
Алатаудан жол салып,



Шапыраштының баласы,  
Сауыт киген найза алып.  
Сарыбай мен Сұраншы,  
Молжігіт – қонақ серігі.  
Қазақты шауып алам деп,  
Қоқанның ханы келгенде,  
Сарыкемерден қашырып,  
Шоқпардан ары асырып,  
Төбе боп қалған өлігі.  
Тозған елді құраған,  
Алатаудың баурына  
Мекендеткен елімді.  
Түқымы соның біздерміз,  
Қылышынан зәр тамған,  
Жапыра жауды талқандап,  
Найзасынан қан тамған.  
Ақын десең осы елде,  
Қызыл тілден бал тамған.  
Сүйінбайдың үрпағы  
Әбдіали ән салған.  
Сарбасыңды айтасың  
Жорға еді деп шайқалған.  
Оған теңдес Бақтыбай,  
Хан Тезектей төренің,  
Зәрлі жүзін қайтарған.  
Балғамен үрған шегедей  
Тобесінен тойтарған.  
Қолқа қойдың Кенеке,  
Сұрауды тауып қай-қайдан.  
Қарасай бабам ер еді,  
Әңгімесі көп еді,  
Қарасайдың мазарын  
Өздеріндей ақсақал  
Сарыарқада деп еді.  
Ер Тарғын мен Ерсайын



Кіші жүзден дер еді.  
Қаздауысты Қазыбек,  
Шақшақ ұлы Жәнібек,  
Қазақтың асқан ері еді.  
Қанжығалы Бөгенбай,  
Арғыннан шыққан аға еді.  
Қаракерей Қабанбай,  
Найманның ұран-жары еді.  
Бұл айтылған адамдар,  
Ел аузында бар еді.  
Құнанбайұлы Абайдың,  
Ақылы дария жан еді.  
Әдебиет жазбасы  
Сол кісіден қап еді.  
Одан бері келейін,  
Үш орден алды Жамбылым,  
Жырдың күйін шырқатып,  
Заманның қақты дабылын.  
Мұңын мұндарап ән салды,  
Еңбекші кедей табының.  
Елестетіп көзіңе  
Өткен күннің сағымын.  
Асаудың жырмен үйретті  
Қырдағы өскен тағының.  
Жержүзі тегіс естіді  
Күй мен жырдың сарынын.  
Жамбылдан үлгі сұранып,  
Басқа елдің де ақыны  
Жіберіп тұrap жазуын.  
Ұлы майдан үстінде,  
Жүректен шаншып немісті,  
Аянбай жұмсақ қаруын,  
Ленинград еліне  
Қоршауда қалған кезінде,  
Жұбатып туған бауырын,



Сәлемін жазып жолдады,  
Бассын деп қайғы-жалынын,  
Отан әмірін қолданып,  
Дүшпандарға долданып,  
Тарихтың айтты анығын.

\* \* \*

Нарынқол қатар жатыр Кегенменен,  
Айтайын жер қолемін өлеңменен,  
Соңыма ер, танытайын соның бәрін,  
Кенеке, ойың болса көрем деген.  
Тянь-Шань, Қырғыз жері, Шудың басы,  
Айқасып біздің жерге кемерленген.  
Ертеде қырғыз, қазақ жорығында,  
Жер екен ата-бабам көп օрлекен.  
Екейде атам Талтаң, Тағай батыр,  
Ақша Қосай, Қараشتай берендермен,  
Біздің ел жау жағындың панаы еді,  
Қаймықпай жолын тосқан кезендерден.  
Жамбыл тауы Шуменен айқас жатқан,  
Басында Жамбыл содан туып келген.  
Жамбыл туып әкесі той қылыпты,  
Атанған Жамбыл аты соныменен.  
Атап-атап кетесің батырым деп,  
Көрсетпей ер жорығын терең жерден.  
Айтайын Жетісудың арнасынан,  
Бұлағы шыққан таудың жар басынан.  
Ақсу барып Жоңғардың жонын тіліп,  
Іле қыып ағады жамбасынан.  
Қаратал, Кексүменен қатар түсіп,  
Жарысып бір-біріне жалғасынан.  
Балқашқа мың тораптан құйылады,  
Қаратал кен шығарды қамбасынан.  
Лепсі – Саржазықты жарып акқан,  
Канал бар кең қазылған ортасынан.



Еңбектің қайраткери қалың колхоз,  
Тасқынды тарс бекіткен ортасынан.  
Егін сап екі жағын тоған тартқан,  
Жайқалып көк егісі Нілге батқан.  
Жамбылдың айта қойшы іс, өнерін,  
Кәнеки, жер байлығың бізден артқан?!  
Еншіңе Шуды бердік Жетісудан,  
Көтеріп жүктей тасты бүркүлдатқан.  
Пайдаға қандай қылышп асырғаның,  
Көрсетші табысынды бұдан тапқан.

### К е н е н :

Øршіл мінез шалқасқа,  
Қамшы үрғызбас жамбасқа.  
Ақын болсаң Сариев,  
Осылай деп сөз баста.  
Жүйріктің көрінді,  
Көп алдында үйқасқа.  
Сүрінбейді шын тұлпар,  
Төрт аяғын дәл басса.  
Түсіп қалма қақпанға,  
Алды-артынды байқаста.  
Айға қолың жетер ме,  
Аламын деп жармаспа!  
Жамбыл, Абай көпке ортақ,  
Менікі деп адаспа!  
Отан үшін жырлайық,  
Жау орнынан түрмасқа.  
Дүшпан жылдам құрысын,  
Тілекtes боп, көп жасқа.  
Тянь-Шаньның тауынан,  
Тасып тулап аққан су.  
Қапшагайға қайта үрүп,  
Күнбатысқа тартқан су.  
Қарағай, қайың ну орман,



Жемістен түйме таққан су.  
Арқар, марал, киіктер,  
Жұзіп дәмін татқан су.  
Бас пен малы теңесіп,  
Ел қызыққа батқан су.  
Қазақ, қырғыз даласын,  
Қақ жарып ағып жатқан су.  
Фасыр бойы көрі қар,  
Балқып бойы тасқан су.  
Нұрлы судан күй құліп,  
Ел жүйесін тапқан су.  
Іргелі қала салынып,  
Бақыт шамын жаққан су.  
Колхоз, совхоз тең бөліп,  
Шаттық әнін айтқан су.  
Тасөткел деген каналым,  
Түзеліп түр заманым.  
Осы айтқан табысты,  
Көп алдына саламын.  
Бидай дәні бармақтай,  
Тары дәні жаңғақтай.  
Арпа дәні асықтай,  
Сұлы дәні қасықтай,  
Күнбағыс бар табақтай.  
Қауын, қарбыз лақтай.  
Қызылша түбі келідей,  
Жұзімі тартқан желідей.  
Жүгері дәні жұмыртқа,  
Жүгірер бала ымыртта.  
Әбдіали әріптес,  
Сол сөзімді ұмытпа!  
Туып өскен жерімде,  
Күн құлағы шығып түр.  
Тана қашып, тай тоқтап,  
Саулық егіз туып түр.



Жұз саулықтан жұз елу,  
Қозы есіріп беріп түр.  
Шопандар мен жылқышым,  
«Құтты құрық» болып түр.  
Қартабаев Сатылған,  
Еңбектері артылған.  
Жұз биеден жұз құлын,  
Аман-есен қосылған.  
Жылқышылар ыскырып  
Қарына құрық қыстырып,  
Арғымақтар астында,  
Жер тарпиды пыскырып.  
Насыбайын бір атып,  
Тау жаңғырта түшкіріп.  
Айғырлары арқырап,  
Таудың сұы сарқырап,  
Таң атарда туады  
Шолпан жүлдyz жарқырап.  
Жамбылдағы қой саны,  
Сегіз жұз жетпіс мың болар.  
Малды жырга қоспаса,  
Ақындарға мін болар.  
Қаптап өрген сиыр мал,  
Үйір-үйір жылқы бар.  
Жылқы совхоз тағы бар,  
Бәрі тұлпар жануар.  
Құлақтары қамыстай,  
Тұяқтары болаттай,  
Құйрықтары қылыштай.  
Әскер үшін жаралған,  
Бар денесі құрыштай.  
Бірінші бәйге алғамыз,  
Орта Азиялық жарыста-ай!  
Енді тоқтар кезің бар,  
Құры бекер жарыспай.



Әдепсіздік көрсетіп,  
Ағанменен алыспай,  
Шындықпенен айталық,  
Құр кеудеге салыспай.  
«Жығылған тоймас күреске»,  
Меніменен тіреспе.  
Алматыға жақынсып,  
Астанаға ақынсып,  
Айтысқалы тұрсын-ау.  
Мен жеңдім деп мақтанып,  
Көпіргелі тұрсын-ау.  
Ақындық сөз кезегін,  
Ағаң саған бұрсын-ау.

### Ә б д і ғ а л и :

Сөйлейін мал байлығын табыс артқан,  
Жоспарын орындаған қойған шарттан.  
Колхозды совхозбенен атап-атап,  
Түсейін «Дегересте» арғымақтан.  
Асылдан ақалтеке айғыр салып,  
Биені мың-мыңдаған құлындарқан.  
Көп жылқы көлбеп жатыр “Дегересте”,  
Аспанның жүлдзызындай көрер көзге,  
Тіл жетіп байлығымды айта алмайтын,  
 Тағы бар колхоз, совхоз бұдан өзге.  
Асылын он алты одақ тегіс біліп,  
Үлгі етіп көрсетеді айтар сөзге.  
Сұмбідей сымға тартқан сүйектері,  
Найзадай сұлулығы салған тезге.  
Майданға әскер мінер аттанарда,  
Соларға баптап қойған осы кезде.  
Қанатты, қалбағайлы, бөкен санды,  
Қаз мойын, қамыс құлақ, құлан жалды.  
Алмалы, Аңырақай, Үш шоқыда,  
Көресің қаптап жатқан жылқы малды.



Белінен енесінің қарғып ойнап,  
Тұғанда таңғаларсың құлышындарды.  
Жайлауы «Суықтөбе» бүлтпен теңдес,  
Құлпырып шыққан шөбі кілемге өндес.  
Балажан арғы шеті қырғызды орап,  
Осы жер жаз жайлауға тиген дербес.  
Таушелек, Ілеменен қатар ағып,  
Көксуы құнгемен шағылысқан.  
Талғардың тал шоқысы Тұргенменен,  
Құмбел мен Алаяқтан басы айқасқан,  
Алма, орік, қарағай мен қайың, жиде,  
Жер беті көрінбейді ну ағаштан.  
Майтөбе, Қарақия, Құлансазда,  
Мекендер әртүрлі андар түқым шашқан.  
Құндыздар су бойында «қыз ұзатып»,  
Ақку, қаз, қоңыр үйрек маймаң басқан.  
Кенеке, сізге айтатын сөзім осы,  
Кейбіреу дәметеді ішпес астан.  
Жерімнің, міне, осындай сайранында,  
Айтайын еңбек ерін күші тасыған.  
Қоғалы ауданында Салихадан,  
Атақты кіміңіз бар, бұдан асқан?  
Ағызып сүттен бұлақ көл-дария  
Ісімен өзгелерге үлгі шашқан.  
Қызылшаны таудай үйіп Нұрипа да,  
Мұнымен ел ерлері үнін қосқан.  
Жөнім жоқ бұларды мен айтпасыма,  
Сайлаған депутатқа Қазақстан.  
Жылқышы Әбдібай да орден алған,  
Табысы біріменен бірі үласқан.  
Жеткізді жылқы басын мыңға тарта,  
Биеден сексен ғана үйымдасқан.  
Асырып табыстарын асқар таудан,  
Қой қоздатып, бұлақтай бие сауған.  
Ел еркесі біздерде толып жатыр,



«Қорықпайды шешен — даудан, батыр —  
жаудан».

Жүргізсем еңбек ерін дамылменен,  
Таңғалып ауызыңа кірер тәубең.  
Кенеке, кедей едің мал жағынан,  
Аларсың бізден сұрап болса сауған.

1943 ж



## **КЕНЕН МЕН БОПИНА**

**К е н е н:**

Бопина, келіп қалдым тойыңызға,  
Қуаныш сыймай келді қойнымызға.  
Бір қолқа салдым міне, қабылдасаң,  
Қолымды артайын деп мойныңызға.

**Б о п и н а:**

Көркемжан ер жетті ме, Кенекем-ай,  
Тамаша жүрген жерің, мерекем-ай!  
Бақытжаның туыпты құтты болсын,  
Тойымды қызық қылған берекем-ай.

**К е н е н:**

Кеп отыр жауды жеңіп Жарылғабың,  
Он жылдай дерексіз боп табылғаның.  
Шақырып үш аудан ел той жасадың,  
Үйінде дауласқаның не қылғаның!

**Б о п и н а:**

Жас келін боп Кенеке-ау, жүруші едім,  
Айтарыңды жүректен білуші едім.  
Шұбар атпен төбенді көргенімде,  
Жолың тосып көпірде тұрушы едім.

**К е н е н:**

Көрінер ақ үй сұлу үзігімен,  
Көрінер келін сұлу жүзігімен.  
Бопина, оның рас жөніңе кел,  
Шықпайсың тоғыз келін тізімінен.



**Б о п и н а:**

Кенен-ау, ат мінерсіз қара шұбар,  
Үстінде ақсақалың жарасылар.  
Сөзімді әзіл-қалжың айтсам дағы,  
Озінде тоғыз келін таласы бар.

**К е н е н:**

Бопина, әзілінді білмеймін бе,  
Келінмен сіздей ойнап, құлмеймін бе?  
Көлдегі сен — аққу, қаз, мен — лашын,  
Қайырып қанатынды ілмеймін бе?

**Б о п и н а:**

Кенеке-ау, ат мінерсіз қара көктен,  
Жарасар келбетіңе нар жұн шекпен.  
Қоялық екеуміз де бұл әзілді,  
Хат бар ма Шолпанқұл мен Қыдырбектен?

**К е н е н:**

Бопина, қандай жақсы сұрағаның,  
Құлаққа бұл өлеңің ұнаганын.  
Хат та жоқ, хабар да жоқ екеуінен,  
Жүргенін не тұрмыста біле алмадым.

**Б о п и н а:**

Кенеке-ау, екі бауырың келсін аман,  
Жауды жеңіп, той болса бар ма арман!  
Осы отырған халқыңың тілегі бар,  
«Тоғыз келінді» айтса деп шуылдаған.

**К е н е н:**

Айтайын, айт десендер «Тоғыз келін».  
Тоғызға толтырам деп көп іздедім.  
Жүргенде өзімсініп кей келінді,  
Бұзып кетіп бозбала зар иледім.



Талай-талай шарт қойдым келіндерге,  
Келін «кел» деп шақырса ерінем бе!  
Табаны таймай тұрар келін болса,  
Келіп-кетіп тұруға өзір мен де.

Женге менен балдыздан да келін қызық.  
Қүрең шай келін құйса көзін сүзіп.  
Бар ма еken бұл жалғанда ондай ләzzэт,  
Қасында отыра алман денем қызып.

Қайнар көз, қара торы, ақшыл келін,  
Айтпай білер тілінді жақсы келін.  
Құрт ішкендей құмардан шығар едім,  
Бір күн қасып арқамды жатса келін.

Кененнен шал деп күдер үзбе келін,  
Табылар деді ме еken іздегенім?  
Шабады кәрі тарлан шаршы топта,  
Қайтесіз құнан, дөнен іздегеннен?

Май палау, келін келсе қаймақпенен,  
Бура ойнайды қаңтарда тайлақпенен.  
Жанға жайлы, жайдары болса келін,  
«Ерекке жақсы әйел қайрақ» деген. —

Келінжан, «кен» деген сөз — Кенен деген,  
Ағаштың ең мықтысы емен деген.  
Жетпіске сыр бергем жоқ, сыр сұрасан,  
Сексенде де болмайды жүзім төмен.

1944 ж



# **КЕНЕН МЕН ШАШУБАЙДЫҢ СОНҒЫ КЕЗДЕСУІ**

К е н е н:

Шашеке, амансыз ба, күйлі-жайлы,  
Өнерге өрен аға сегіз сайлы.  
О, шіркін, қәрілік те кеп қалыпты,  
Аяғы бұл өмірдің түйетайлы.  
Алабын Алатаудың әнмен жайқап,  
Көрген ең қырғыз, қазақ кен жамайды.  
Айтысып Сарбас, Жамбыл, Куандықпен,  
Ән-күймен қүйқылжытып сән сырнайды.  
Асында Ноғайбайдың алғашқы рет,  
Көргенім мініп барып жайдақ тайды.  
«Аққайын», «Сырлықайын» әндерінді,  
Үйреніп мендей інің елге жайды.  
Ақында сізден үлкен енді кім бар,  
Жамбыл мен үлгі етеміз ұлы Абайды.  
Шашеке, сәлем бердім өлеңменен,  
Көргендей жаңа туған күн мен айды.  
Шашеке, кепті жасың сексен беске,  
Аяқта тұсау түсіп шешілмеске.  
Алты күн айлық жолды басқан түлпар,  
Қалыпсыз ілесе алмай қозыкөшке.  
Кең-байтақ Сарыарқада шапқан дүлдүл,  
Түлкіні тостен қашқан қаққан дүлдүл.  
Сұлу қызы, жора-жолдас, төрт түлік мал,  
Бір кезде Жетісудан тапқан бұлбұл.  
Аралап қазақ, қырғыз, абақ, тарақ,  
Дәм-тұзын Алатаудың татқан бұлбұл.  
Мінеки, Москваға келіп тұрсыз,  
Қызығын саяхаттап көріп тұрсыз,



Кіргенде мавзолейге дана жатқан,  
Бас иіп сарымайдай еріп тұрсыз.  
Нұрланған астананы араладын,  
Қызығын көрдің үрпақ балалардың,  
Бастаған партияның арқасында,  
Бәйге алған боз тарландай бағаландың.

### Ш а ш у б а й:

Аман ба елі-жұртың, ақын Кенен,  
Жасыңдан ниетіміз жақын Кенен.  
«Бозторғай», «Қекшолақтай» әнге шырқап,  
Жайылған Жетісуға атың Кенен,  
Атыңды әкең қайдан қойған тауып,  
Әншісі Алатаудың думан-сауық.  
Біржан сал, Ақан, Әсет, Балуан Шолақ,  
Солардың жолын қудың әнін салып.  
Інісі ең аты шұлы Сарбастың,  
Кененжан, жаны бірдей көрі-жастың.  
Көрілік жеңіп алды құлдилатып,  
Жас кезде таудан асқан болдым тасқын.  
Көзіме ел мен жерді елестетіп,  
Тұсіріп қоңіліме амандастың.  
Жас кезде аралаған Жетісуым,  
Ән шырқап, сайрандаған асқар нұым,  
Халқыма қазақ, қырғыз менен сөлем,  
Орнатқан өкіметтің жеңіс туын.  
Аралап ел-жұртымды қайтар едім,  
Шіркін-ай, қалтырап тұр мына буын!  
Бақытты заманымда Мәскеуге кеп,  
Мың жасап жасаңғырап, қайта тудым.

1949 ж



## **КЕНЕН МЕҢ ӘСІМХАҢ**

*1949 жылы замандастарының шақыруымен Кенен Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы «Киров» колхозына келеді. Ақын түскен үйге ел көп жиналады. Топ ішінен жас ақын Әсімхан Қосбасаров Кенекеңе олеңдеміп сөлем береді.*

### **Ә с і м х а н:**

Ассалау мағалейкүм, Кенен аға,  
Қордайдан ат арылтып келген аға.  
Біз сізді көрмегелі көп жыл өтті,  
Өлмеген көріседі деген аға.  
Мөлшерлеп ән-жырыңды есепке алсам,  
Мұхиттың дариясындаі терең аға.  
Жамбылдың бірге жүрген шәкірті едің,  
Аламыз үлгі-онеге сенен аға,  
Түсті деп осы ауылға естіген соң,  
Озінмен кездесуге кеп ем, аға.  
Жиналып өңшең ақын текке отырмай,  
Халыққа өлең айтып берелі аға.  
Әндерің тізген меруерт сияқтанып,  
Жәкеңмен Москваға бір аттанып,  
Ағаның денсаулығы жақсы ма?— деп,  
Жүремін сыртыңыздан сұрап қалып.  
Тыңдауға бал сөзінді халқың құмар,  
Үй толып ел жиналды құлақтанып.

### **К е н е н:**

Кенендей ел сыйлайды қариясын,  
Бір кезде қарияңды сағынарсын.  
Алмабай, Сартжан, Көшер шақырып ең,  
Бұрылып келмей кетсем тарынарсың.  
Үйіне Бейсембайдың келіп түстім,



Ауылдан мен шыққалы болды үш күн.  
Кешегі Байбуырлы Сарбас ақын,  
Жамбылдың оң қолынан сарқыт іштім.  
Солардан көп әңгіме естігемін,  
Жігітке пайдасы жоқ асығыстың.  
Әсімхан, талабы бар жігіт едің,  
Аға деп сәлем беріп қолды қыстың.  
«Нұр жауар талапты ерге» деген сөз бар,  
Сен дағы ордасы бол мәжілістің.  
Бәйге аты шабар жұқа терлікпенен,  
Откіздім алпыс бесті ерлікпенен,  
Бірге өстім біте қайнап еңбекші елмен,  
Санастым ұлкен-кіші, ел-жүртпенен.  
Өнердің Кенен болым арқасында,  
Айтылмай көніл шері тарқасын ба,  
Сендерге ән шырқамай Кенен атаң,  
Олеңін сап кете ме қалтасына.

1949 ж



## **КЕНЕН МЕН ХАЛИМА**

**К е н е н :**

Ақ серке, ай мүйізді, қой бастаған,  
Анық батыр жорықта жол бастаған.  
Атамыз қазақ халқы өлмес-өшпес,  
Торқалы, міне, осындаі той бастаған.  
Батырмыз Компартия жол бастаған,  
Бұлжытпай нұсқауларын ел қостаған.  
Ақ отау жұртым тіккен орда мынау,  
Отанның ақынымын ойқастаған.  
Айталақ партияға сансыз алғыс,  
Кедейді ең алдымен алға үстаған.  
Халима, әріптесім, бері отыршы,  
Шал едім келінге көп жамбастаған.  
Келінжан, шайқасуға бар ма шамаң,  
Көпшілік сөз бастауды берді маған.  
Әуелі есендесу елдің салты,  
Халима, бала-шағаң, есен-аман?  
Атынды жүруші едім сырттан біліп,  
Естуші ем өлеңінді оқып-біліп,  
Шал екен деп, Халимаш, күдер үзбе,  
Көп ішінде бетімнен қойшы сүйіп.  
Сырымды мына жұртым білген қайдан,  
Адамның дос болмағы осындаидан.  
Тоғыз келін, қырық балдыз қоршап отыр,  
Барлығы той баста деп қолын жайған.  
Мен өзім өлең сөзге жалықпаймын,  
Айтыс десе, сұнқардай шарықтаймын.  
Ләтипа, Мөртай сұлу, Бопинамен,  
Айтысып талай елді анықтадым.  
Халима, атынды естіп құмар едім,  
Кәрі деп енді мені налытпағын.



**Х а л и м а:**

Шіркін-ай, ауыр екен өлім деген, –  
Бұл ажал еш пендеге көрінбеген.  
Кешегі асқар таудай Мұхтар қайда,  
Адам жоқ естігенде егілменеген.  
Бұл пәни дүниеден мен де кетем,  
Өлгенше көргенімді жырлап өтем.  
Балауса жас өмірім өтті-кетті,  
Кенеке, сол күнімді арман етем.  
Көпшілік қаумалап түр іштен-сырттан,  
Бағалап сынай білер сөзді үққан.  
Қызымын – Исадай мен Махамбеттің,  
Ерлікпен, ақындықпен аты шыққан.  
Кенеке, сәлем бердім өлеңменен,  
Құрбыымсыз заманың бір дегенменен,  
Бас қосқан ақын-әнші осындайда,  
Қағыспай қалуымыз бола ма жөн.  
Сен бе едің Қордайдағы ақын Кенен,  
Құлағым «Кенен» десе елеңдеген.  
Тұсімде үш үйиқтасам бар ма менің,  
Кенеке, қатарыңа келем деген.  
Сен бе едің ақын Кенен Қордайдағы,  
Шалдардың жуан мойын, сері бойдағы.  
Кешегі теңдіксіз күн еске түссе,  
Қайнайды зығырданым қай-қайдың!  
Кенеке, енді жүрші маңайымнан,  
Қарт қыздың шошынарсың ыңғайынан.  
Жүйрікпін жетпісіце желіп жеткен,  
Терінді шұбыртайын самайыннан.  
Қолымда праволы документім,  
Жазылды қамшы тиген жаралы етім.  
Келгенде кемпір жасқа қайрат беріп  
Көтерді қолтығымнан өкіметім.  
Әуеде бір жұлдыз бар жұптамадым,  
Кененжан, уәденді мықтамадым.



Аузыңнан «жаным» деген бір сөз естіп,  
Дөңбекшіп өткен түні үйықтамадым.  
Әуеде бір жұлдыз бар Ай көзіндей,  
Шоқ шашпау, алтын айдар мен де өзіндей.  
Кенен сал, аяғыңды ширақтау бас,  
Сүйретпей байдың жалқау кербезіндей.  
Жарасқан құндыз бөркің, басың қандай,  
Күмістей жылтылдаған шашың қандай?  
Біздермен тағдыр қосып дәмдес болсаң,  
Кененім, болар көнілің тасығандай.  
Ішінен осынша жұрт мені қалап,  
Отырмын мен де сізді ерге балап.  
Әркімнің өз қатары өзіне алтын,  
Мен үшін жас жігітсің, жаңа талап.

К е н е н:

Өлеңің, Халимажан, қандай тәтті,  
Қартайған жүрегімнің шамын жақты.  
Басымнан жел секілді желіп өткен,  
Есіме салдың-аяу, бір қызық шақты.

1961 ж



## *КЕНЕН МЕН ЕСДӘУЛЕТ*

К е н е н:

Көсем адам сез бастар,  
Көпті көрген жол бастар.  
Батыр адам қол бастар,  
Ай мүйіз серке қой бастар,  
Ақын адам той бастар,  
Ал, тыңдандар, жолдастар!  
Қордайдағы қос ақын  
Қозғамаса болар ма!  
Домбырасы — жан жолдас,  
Қолға алмаса болар ма.  
Ұл-қыздарға ұлғі айтып,  
Жол салмаса болар ма.  
Халық ақыны бүл көпке,  
Сөз салмаса болар ма.  
Ел алдында сол үшін  
Айтысқалы отырмыз.  
Жетістік пен кемшілік  
Салысқалы отырмыз.  
Көп алдына көсіліп,  
Жарысқалы отырмыз,  
Сексен жасқа келгенде,  
Тірескелі отырмыз.  
Қоғам үшін қос ақын  
Күрескелі отырмыз.  
Жетістікті жырла деп,  
Кемістікті сына деп,  
Домбыранды бұра деп,  
Тапсырған соң келгенім.  
Халқыма сөлем бергенім,



Ардақты елім «Ақтерек»  
Ел-жұрты маған көп керек.  
Қатар жатқан ауылмыз,  
Тұысқан аға-бауырмыз.  
Колхоз, совхоз тілектес,  
Еңбекте бірге білектес.  
Ауылымыз аралас,  
Қойларымыз қоралас,  
Даласы мен тауымыз,  
Өсірген елім мәпелеп.  
Қызықты қөрдім еркелеп,  
Асын ішіп, ат мініп,  
Түйелерді жетелеп.  
Тұзынды актап айтпасам,  
Қаларсыздар өкпелеп.  
Жан жолдасым, Есдәulet,  
Шық майданға, жекпе-жек!  
Әлінді білмей алыссаң,  
Мыжғылайын желкелеп.  
Қара бұқа секілді,  
Жер тарпына күжілдең,  
Күзгі желдей уілдең,  
Атты алысқа айдаса,  
Ал, жарыстық, төтелеп,  
Қарабайыр сен едің,  
Қазанаты мен едім.  
Қашан маған тең едің?!

Тұрып қалма күрсілдең,  
Жастан бірге жүрсек те,  
Айтысқамыз жоқ еді.  
Қалжың-әзіл болмаса,  
Қағысқамыз жоқ еді.  
Келді, міне, бір кезек.



## Е с д Ә у л е т :

Келсең кел, енді батыр, қоян-қолтық,  
Шын жорға қамшыласа кетеді орғып.  
Осы жұрт рүқсат берді екеумізге,  
Тұрам ба шешінген соң сенен қорқып.  
Енді біз қызыбалықты жырды айталық,  
Қазыналы ұлан-байтақ жерді айтады.  
Мыңғырып кең далада сыймай жатқан,  
Бес тұлік асыл тұқым малды айтады.  
Сол шаруаға еңбек қып атақ алған,  
Үлгілі озат шыққан жанды айтады.  
Енді мен сөз бастайын тұрғын тыңдал,  
Халқымыз қарап отыр бізді сынап.  
Қасыма кәрі дауыл келді білем,  
«Мені айтқын», «мені айтқын» деп бәрі шулап,  
Құлағын домбыраның алғын бұрап,  
Жайлайдың басы бізде Қасқабұлақ.  
Жұз метр бір-ақ қарғып жатыр құлап.  
«Ақтерек», «Ыргайты» мен «Жамантыдан»  
Күмістей жарқыраған су сарқырап.  
Жайлаган сол жайлуга асыл қойлар,  
Ақша бұлт секілденіп будақ-будақ.  
Сол өрісте бес тұлік мал өседі,  
Қозы мен қойы бірдей тең өседі.  
Жүйріктің шапқан сайын қозар желі,  
Аянбай алысудың келді кезі.  
Темірдей қақтыққандай қызып тұрган,  
Өзіне сенген батыр келсін бері.  
Бастадық, міне, ақынның, жарысуды,  
Байқағын жібермеуге намысынды.  
Көп алдында әйгілеп айтып берші,  
Бес тұлік малдан алған табысынды.  
Егістен қандай өнім алдыныздар,  
Көрейін Кенен батыр, шабысынды?!



**К е н е н:**

«Киров» атты колхозым,  
Жетпіс мың гектар жері бар.  
Егінге бай, малға жай,  
Тау мен дала белі бар.  
Төрт колхоздан құрылған,  
Бес жүз үйлі елі бар.  
Қоңыр салқын Қордайдың,  
Дертке шипа желі бар.  
Қордай батыр тарихта  
Атағы асқан ері бар.  
Бұл өнірдің қалыпты,  
Баға жетпес кені бар.  
Сағасында салынған,  
Шалқып жатқан көлі бар,  
Аққу, қазы саңқылдан,  
Балықтары бұлтылдан,  
Қыз-бозбала ән шырқап,  
Жолаушылар шомылып,  
Ары-бері тоғылып,  
Жаны ракат лебі бар.  
Алма-өрігі жайқалған,  
Бұлбұлдары сайраған,  
Барған халық сауықтар,  
Жұмыртқасы жұдырықтай,  
Ақ қайыңдай тауықтар.  
Осындай көркем жайыңды,  
Ақындықпен тауып қал!

**Е с д Ә у л е т:**

Ойладым енді саған танысады,  
Мен айтайын көрсетіп табысымды,  
Көрген соң совхозымның мол табысын,  
Қоярсың мойның алыш жарысады.  
Көрсетем шопандардың табыстарын,



Ардақты еңбек адам данышпанын.  
Сыйлыққа үш мың үш жұз ақша алды,  
Еңбек еткен әйгілі Арыстаным.  
Көрсетем қой осірген саңлақтардан,  
Кімің бар Шәдікбектей ардақталған?  
Алтынмен жазған кітап алып отыр,  
Осындаш шопан бар ма ел мақтаған?

Тайыптың таңғаласың өрнегіне,  
Совхозға қандай табыс бергеніне,  
Отыз екі қозы алды қосымша ақы,  
Көрнекті үздік шыққан еңбегіне.  
Байжұніс пен Қапар да озат шопан,  
Қолайлы шаруаға қандай маман.  
Жиырма екі қозы алды ол да үстеме,  
Бір бас шығын болмаған малы да аман.  
Ей, Кенен, бойынды өлшеп өзінді біл,  
Долданса құлаш болар бұл қызыл тіл.  
Табысын совхозымның білмеп пе едің,  
Бетінде «Құрмет тақта» жазуы тұр.  
Көрерсің тағы менен қызықтарды.  
Есекеңнің табаны қызып қалды.  
Одаққа ерке болдың жемісін жеп,  
Колхоздың жағдайымен танысқың жоқ,  
Ауылдың жағдайларын шын білмейсің,  
Үйде бес күн тұрмайсың өрісің көп,

### К е н е н:

Бар шығар ел болған соң, балшық монша,  
Жатпайды мәдениетке мұның онша,  
Топырлап үйге сыймай отырады,  
Бас қосып бес-он кісі қатар барса.  
Асыл сөз ақтарылар сермеген соң,  
Бұл Кенен сөзін қояр терлеген соң,  
Халықтың бізге көңілі шат бола ма,



Еңбегін елестетіп бермеген соң.  
Есдәulet, Кенен болдық егіз ақын,  
Біздерде өлең толған теңіз ақын,  
Халыққа қызыбалықты жырламасақ,  
Айқайлас құр бекерге неміз ақын.

Ақтерегің Есдәulet,  
Он жыл бүрын орнаған  
Ірге теуіп қорланған,  
Сонда да бізден озбаған,  
«Киров» колхоз соң келді,  
Соң келсе де, оң келді.  
Көркейіп көше гүлденді,  
Сәулетті үйлер түрленді,  
Апорт алма албырап,  
Бау-бақшасы маужырап,  
Күні-түні өшпейді,  
Ильич шамы жарқырап.  
Өрендері ұл-қыздар,  
Он бір жылдық мектепті,  
Көрген адам қызығар.  
Шофер, токарь өзінен,  
Колхозға мүше кезінен,  
Қос диірмені гүрілдеп,  
Электр көрік дүрілдеп,  
Ақтерегің кеп жатыр,  
Қызыққаннан ұнын жеп.  
Магазині өрнекті,  
Монша, кеңсем көрнекті.  
Кітапхана, қызыл отау,  
Балабақшам түр анау,  
Перзентхана үйінен  
Таба алмассың бір саңылау.  
Қой қырқатын агрегат,  
Жабдықталып түр әне,



Малға сарай, қамбалар,  
Шифрлаулы түр бәрі.  
Ауыма келді мөлдір су,  
Фонтаннан атқып күміс бу,  
Комсомолдан құрылған,  
Көркемөнер думан-ду.  
Он жыл бұрын келсең де,  
Озатұғын түрің жоқ.  
Алпыс адам сыйтын,  
Әлі күнге клуб жоқ.  
Ақтеректе өнерпаз,  
Ұлың менен қызың көп,  
Мен құсатып үйретер,  
Есдәuletім, қырың жоқ.

1963 ж



## **СҰЛУБИКЕ – ЗЕЙНЕП**

**З е й н е п:**

Жұмысқа шықпайсыз ба, Сұлубике,  
Неше жыл еңбек етпей болдың ерке.  
Кигенің барқыт костюм, қыжым пальто,  
Оранып жатып алмай шәйі көрпе.

**С ү л у б и к е:**

Жалғыз-ақ сұлу сымбат мен де бар ма,  
Жек көрер сұлулықты пендे бар ма?  
Қажытпай, қалжында май жайыңа жүр,  
Ақындық Зейнеп жалғыз сенде бар ма?

**З е й н е п:**

Соғыста сіздің ер де, біздің ер де,  
Бар ма екен Сұлубике-ау, сенде зерде.  
Еңбексіз сұлулықтан түк пайда жоқ,  
Тіл алып еңбек тапқын бізben бірге.

**С ү л у б и к е:**

Ай менен сұлулыққа күндей болсам,  
Бұлбұлмен ғашықтығым гүлдей болсам.  
Бейнетті Зейнеп істеп, мен үйықтасам,  
Үлеске күздігүні бірдей болсам.

**З е й н е п:**

Ай менен сұлулыққа күндей болсан,  
Курайтын үш күн жайнап гүлдей болсан.  
Қала ма қасиетің сұлу бикеш,  
Еңбексіз ел алдында тұндей болсан.



**Сұлубике:**

Аспанда жалтылдаған жүлдyz болсам,  
Судағы аққу менен құндыз болсам.  
Көре алмай құндең күнің отер еді,  
Жаһанда жігіт ғашық үр қыз болсам.

**Зейнеп:**

Аспаннан ағып түскен жүлдyz болсаң,  
Қақпанға қаңғып түскен құндыз болсаң.  
Бейіштен бидай іздеп маған қелсең,  
Тепкілеп қуар едім үр қыз болсаң.

**Сұлубике:**

Аспанда періште мен пері болсам,  
Жалғанда жұмыс қылмай сері болсам.  
Зейнептей бір тебетін бригадіні,  
Арыстан, көкжал барақ бөрі болсам.

**Зейнеп:**

Жоқ нәрсе періште мен пері деген,  
Арыстан жыртқыш аң гой бөріменен.  
Атпен қуып ауызға қан жалатып,  
Ілермін тірсегінді теріңменен.

**Сұлубике:**

Алмаймын жұмыс қылып сенен астық,  
Қолыңдан келсе Зейнеп, істе қастық.  
Шарап пен қызыл шайды жондең берсем,  
Береді еңбек жазып колхоз бастық.

**Зейнеп:**

Бола ма соның, Бике, адал еңбек,  
Жалынған түбі борыш арам еңбек.  
Колхоздың басқармасы түсіп қалса,  
Қалмай ма балаларың босқа еңіреп.



**Сұлубиқе:**

Шығамын бастық түссе бір себепке,  
Қызыл шай, кім келмейді қызыл бетке.  
«Бригадім» қарсы болса меніменен,  
Еңбексіз тастамайды сельсовет те.

**Зеінеп:**

Сельсовет еңбек берсе сеспей кетер,  
Сұлуға қош-аман бол, деспей кетер.  
Әр кетер, май таусылар, киім тозар,  
Халыққа қадірсіз боп жүрме бекер.

**Сұлубиқе:**

Соңыма мұнша неге түстің Зейнеп,  
Сенен мен сұрадым ба тамақ, көйлек?  
Жүруші ем сұлулықтан пайдаланып,  
Кіруші ем сан кенсеге еркін сөйлеп.

**Зеінеп:**

Әй, Бике, еңбек тапсаң көп бола ма,  
Тамағың іstemесең тоқ бола ма?  
Сұлулық қар суындаі тез құриды,  
Білмесең достығымды өкпелеме.

**Сұлубиқе:**

Әй, Зейнеп, сұлулығым көре алмайсың,  
Мен құсап жолын тауып жүре алмайсың.  
Дегенге стахановшы мәз боп жүріп,  
Болдырып өлгенінді біле алмайсың.

**Зеінеп:**

Әй, сұлу, сенің күнінді итке берсін,  
Бір күні бармақ тістеп күйінерсің.  
Соғыстан байың келіп басқа тепсе,  
Колхоздан қайыр сұрап күн көрерсің.



**Сұлубике:**

Күн өшпес, су суалмас, сұлу өлмес,  
Білмейсің ғашық жайын сен жарымес.  
Ойнаған күлгенимді көре алмайсың,  
Тапқанын менің ерім саған бермес.

**Зейнеп:**

Ал десе үшқыр құнан аттан озған,  
Еңбексіз ерке әйел шілдей тозған.  
Сенем деп құр күлкіге қор боларсың,  
Кем болған қатарынан сен бір жазған.

**Сұлубике:**

Сұлулық қалада ма, далада ма,  
Болмаса төреде ме, қарада ма?  
Сұлуға қаладағы жұмыс қылғыз,  
Зейнепжан, жалғыз маған жалаңдама.

**Зейнеп:**

Сұлудың қаладағы жұмысы көп,  
Заводта, кеңседе істеп тыныштық жоқ.  
Қаланың халқы қарап жүр дейсің бе,  
Еңбексіз сенен басқа бір кісі жоқ.

**Сұлубике:**

Жалғанда жалқау бар ма менен басқа,  
Айтпайды еңбек тап деп сенен басқа,  
Зейнетай, жұмыс қыл деп қыстамағын,  
Қасардым соттасаң да тіл алмасқа.

**Зейнеп:**

Жалқауды қорқытпаймын, үгіттеймін.  
Ешкімді соттайды деп үркітпеймін.  
Ақыры достығымды бір білерсің.  
Түсініп жұмыс қылсаң кейін-кейін.



**Сұлубиек:**

Колхоздан еңбек тауып көргенім жоқ,  
Сұлулық арқасында тамағым тоқ.  
Көзімді көрінгенге қысып қойсам,  
Болады тұрмыс түгел, көйлегім кок.

**Зейнеп:**

Сұлулық тілімді алсаң еңбекте тұр,  
Ертерек елдің жауын жеңбекте тұр.  
Әйелге сеніп отыр Ұлы Отаным,  
Софыста Отан үшін еркектер жұр.

Кім сұлу, осы күнде еңбек сұлу,  
Отанның жауын құртып, жеңбек сұлу.  
Кемпір-шал, жас балалар, еңбек қып жұр,  
Ұят қой жалғыз саған қарап тұру.

**Сұлубиек:**

Әй, Зейнеп, мазамды алдың күнде келіп,  
Үйқымды шайдай аштың түнде келіп.  
Комбайншы, дүкенші, ферма бастық,  
Тұрады керегімнің бәрін беріп.

**Зейнеп:**

Ау, сұлу, бұл мінезің бәрі теріс,  
Бұл істеп жүргеніңнің бәрі керіс,  
Түбінде бармақ тістеп, бас шайқарсың,  
Онан да ұлы Отанға көмек беріс.

Жатқаннан үйде жалғыз еңбек қызық,  
Айдасам трактормен жерді бұзып.  
Сауық та, ойын-күлкі көп ішінде,  
Қол жайып түрған жаман, көзді сүзіп.



**Сұлубике:**

Бола ма жан қиналса үйде сауық,  
Жұмыстан келгенінде есің ауып.  
Зейнеп-ау, жаздай тапқан еңбекіңнен,  
Үш есе артық еңбек алам тауып.

**Зеңеб:**

Әй, Бике, жүр баралық қос басына,  
Құлипа, көрсін сені іс басында.  
Нұрқиса, Құлжан да жүр еңбек етіп,  
Солардан сендей жалқау нұсқа алсын да.

Өтірік сөз айтпайды, шын большевик,  
Жалқауды түзетеді, сын, большевик.  
Жақында жауды құртып той тойлаймыз,  
Бикеш-ау, көрсетелік біз де көмек.

**Сұлубике:**

Зейнепжан, қоямысың жанымды енді,  
Айтқаның бәрі де рас дәлелді енді.  
Тұс көрдім бүтін түнде бір қуаныш,  
Жарқылдаپ, жауды жеңіп байым келді.

**Зеңеб:**

Жақсы еken көрген түсін, байың келер,  
Отанның қызыл ерлер жауын жеңер.  
Түсінсең Сұлубике, жеңілдім деп,  
Тұра кеп көп алдында қолынды бер.

Орнынан сонда Бике тұрып келді,  
Көпшілік ду шапалақ үрып берді.  
Зейнепжан, мен жеңілдім, сен жеңдің, – деп  
Жұмысқа білек түріп кірісті енді.



Сөйледі Зейнеп сонда елге тұрып,  
Қарсы алып колхозшылар қолын ұрып.  
Колхозшы, колхозшы әйел, тыңдаңыздар,  
Мен дағы еңбекке енді бердім ырық.

Орнынан қол көтеріп түрдү Бикеш,  
Мойынын аққудай боп иді Бикеш.  
Берсең де қандай міндет атқарамын,  
Көшпілік неше жылғы өкпенді кеш.

Кештік деп сұлуларды қалың халық,  
Келген соң бригадирдің тілін алып.  
Сұқсырдай Сұлубике жер айдады,  
Гүрлетіп тракторге мініп алып.

Сұлудың күннен-күнгө еңбегі асты,  
Қайраты халық алдында судай тасты.  
Қасқайып, күрек тісін, қасын керіп,  
Еңбегі сұлулыққа құп жарасты.

Сұлудың бойы сұңғақ құмырсқа бел.  
Шаштарын желпілдетіп Таңшолпан жел,  
Нормасын үш есе артық орындал жүр,  
Бикештен үлгі ала көр жалқау әйел.

Шынығып Сұлубике қатып алды,  
Еңбектің асыл дәмін татып алды.  
Көп еңбек көркіменен қосылған соң,  
Алтындей ақ мандайы жалтылдады.

Менгеріп жүргізем деп тракторды,  
Ұқпайтын түрлі винтін сұрап білді.  
Дос болып Зейнеппенен ойнап-куліп,  
Жоғал деп жалқаулықты лақтырды.



Жарасты сұлулығы еңбекпенен,  
Атанды стахановшы қыз құрметпенен.  
Аққудай мойнын иіп шалқардағы,  
Шынардай шатқалдағы қол жетпеген.

Әйелдер Март мейрамын тойлап алып,  
Клубта сауықтарын ойнап алып.  
Егіске көктем науқан жүрді Бике,  
Гүрлетіп тракторын айдал алып.

Айтысын екі әйелдің көзбен көрдім,  
Бір баттым қызығына келіндердің.  
Олеңін екеуінің жазып алып,  
Көрсін деп көпшілікке мен жібердім.

1943 ж



## **УМБЕТӘЛІ ДҮНИЕ САЛҒАНДА**

*1969 жылы халық ақыны Үмбетәлі Көрібаев қайтыс болып,  
бұл хабарды Кененге естіртуге ақын  
Әсімхан Қосбасаров келеді.*

**Ә с і м х а н:**

Мен келдім Қордай аудан Кировіне,  
Ақынның ішіндегі жүйрігіне.

Үмбетәлі екеуің тең осіп ең,  
Кеп тұрмын Үмбет жайын білдіруге.

Ән қосқан бозторғайға Кенен едің,  
Олеңмен домбыраның кемелі едің.  
Айтпай-ақ ендігісін түсінерсіз,  
Қолайсыз бір жұмыспен келген едім.

Кенен мен Үмбетәлі қарттарымыз,  
Жамбыл мен Сүйімбайға тартқаныңыз.  
Кешегі бала құнің ойында ма,  
Айқасып бір төсекте жатқаныңыз.

Домбыра, сіздер алған мен де үстадым,  
Ақынсыз болмасын деп арт жағыңыз.  
Сол Үмбет қайтыс болды өткен кеште,  
Түс аяу демі бітіп сағат бесте.

Көзінің тірісінде тапсырып ед,  
Кенендей сәлем айт деп тетелеске.  
Аттанды бұл дүниеден Үмбетәлің,  
Кеп тұрмын сол хабарды салғалы еске.



Сонда К е н е н:  
«Қайран, Үмбетәлі!.. Қазақта төкпе жырдың бір  
бұлағы кеміп қалды-ay!», — деп қамығып қолына  
домбырасын алады.

Сайраған Алатаудың бұлбұлы едің,  
Арыны басылмаған дүлдүл едің.  
Сүрінген қапылыста асыл Үмбет,  
Ақынға әрбір сөзі үлгілі едің.

Жасынан данқың шыққан Үмбет едің,  
Жеріңе жүрген-тұрған міндеп едің.  
Тұлкі қуған қияда қырандай-ак,  
Апарып өз ініне індететін.

Жорғаңды салдырушы ең талай топқа,  
Тұсуші ең айтыс десе жанған отқа.  
Топырақ саған барып сала алмадым,  
Кездестің сырқау болып халім жоқта.

Көрілік біздерге де келіп қалды,  
Басылып су сепкендей желік қалды.  
Тең өскен Жетісуга Үмбетәлі ең,  
Өлеңнің бір бастауы кеміп қалды.

Доқтырдан бес күн болды келгеніме,  
Қайтарды дәрі беріп емдеді де.  
«Қара жорға» деуші еді Жамбыл марқұм,  
Жорғаны сүм ажалдың женғені ме?

Шіркін-ай, қуат барда талай рет,  
Жарап ек көшіліктің ермегіне.  
Несіне оның бәрін тәптіштейін,  
Ақыннан саған қайдың келуге.



Сене алмай дал-дал болып мен отырмын,  
Сенді не, амал қанша, сенбеді не...  
Шырағым Әсімханжан, ризамын,  
Қастектен ат терлетіп келгеніңе.

Мен дағы ауру шалдың бірі болдым,  
Білмеймін көріліктің жеңгенді ме.  
Қазіргі Кененіңнің халі осындай,  
Сұраған дүғай сәлем елдеріңе.

1969 ж



## **КЕНЕННИҢ НҮРИЛА МЕҢ ҮМБЕТӘЛІГЕ АЙТҚАНЫР**

К е н е н:

Бір сөзге тиянақты болмай палуан,  
Имендің бе ізденген өнерпаздан.  
Неге састың сөзіңнен, неге адастың,  
Қажығандай қайқаңдалап Нұриладан.

Ел ақынын қомсынып Бармақ отыр,  
Бүйрық айтып біреуге арнап отыр.  
Жұлындырып ежелден отыратын,  
Мұның өзі қыршаңқы түйеқотыр.

Атағымды жоймаймын атым барда,  
Жүртқа Кенен қадірлі нарқым барда.  
Әнші басқа, әртүрлі ақын басқа,  
Менің мұндай жарысқа мәнім бар ма?

Аты шулы ақын ғой жөні басқа,  
Қайрап салса өтетін қаратасқа.  
Шапырашты дегенге шыдай алмай,  
Дайындалып өзі отыр бір шайқасқа.

Безеп қапсың қолыңа домбыранды,  
Болмағанды болымды болдырады.  
Қима сөздің қисынын табушы едің,  
Қамданбасаң бола ма, Үмбетәлі!

---

<sup>1</sup> Үмбетәлі Кәрібаев Нұриламен айтысада Кенен осылай сөз бастап, оларға жол берген.



## **КЕНЕН МЕН ҮМБЕТӘЛІНІЦ ДИДАРЛАСУЫ**

Әлқисса, бұл кездесу 1966 жылдың 17 мамырында Алматыдағы, бұрынғы Коммунистік даңғыл мен Комсомол көшесінің қызылысында орналасқан «Қазақстан» қонақүйінің екінші қабатындағы 38-бөлмеде өткен еді.

Қазақстан Жазушылар одағының V съезінде делегаттар сабылып келіп жатқан кез. Мен Үмбетәлі ақсақалды төртінші қабаттағы нөміріне ертіп келіп жайғастырдым. Кенет Үмбекен: – Мени, Кененге ертіп бар. Сағындым, – деді. Содан екінші қабатта тұрып жатқан Кенен ақсақалға келдік.

Есіктен арсаланадап енген

**Үмбетәлі:** – Ассалаумагалейкүм!

**Кенен:** Әлейкүмассалам!

Домбыра да дайын тұр екен... Екеуі жырменен сөйлесіп кетті. Мен үлгергенімше жазып отырдым. Тындалап көрелік, әлеумет!

**Кенен:**

Өлеңнің айы туып мандайынан,

Мен келдім Жамбылымның Қордайынан.

Аман ба, қара жорға қайыспаған,

Қара өлеңнің шықтың ба, наубайынан.

Көргем жоқ бұл өмірдің бұзып әнін,

Бір таттық ақындықтың тұзы-дәмін.

Құдайым қалай берген көмейіңе,

Мен сенің екпініңе қызығамын.

Жамбылды құніне үш сағынамын,

Сондықтан бұла жырдай ағыламын.



Ән десе шырылдаған бозторғаймын,  
Палуан боп... Дәурен салдай қағынамын.

Тұрғандай мәресіне пірім жетіп,  
Кетейін Алматымды дүрілдетіп.  
Ақын боп туғаныңнан айналайын,  
Тізесін Нұриланың дірілдетіп.

Жүйріксің тасырқамас қайыс табан,  
Сөзіңнен сескенеді сайысса адам.  
Кісіде дәл өзіндей арман болмас,  
Әр сөзін ойға салып байыптаған.

Көнілім қызы бастаған көшке жақын,  
Еліріп кетем кейде кешке жақын.  
Кенен деген атым бар дүрілдеген,  
Шудың бойын шулатып өскен ақын.

Өз ойын жеткізетін жырымдамай,  
Ал, енді қара жорғам, халің қалай.  
Кәнігі әдетіңе басшы тағы,  
Тауқұдірет секілді дарылдамай.

Жақсы гой жарқын жырдың әл бергені,  
Ақынның мықтылығы сәнді өргені.  
Көзінен бұлдыраса байтақ дала,  
Жүйріктің шалдырмайды шаң көргені.

### **Үмбетәлі:**

Бұл – Үмбет осындауда толғанады,  
Тынысты несіне бос зорланады.  
Алашқа аты шыққан ақын Кенен,  
Құладан кер туғаны, жорға бағы.



Желі сөз оралғанда ойға былай,  
Алматы бола бермес майдыңдай.  
Үніңде Мыңбұлақтың сылдыры бар,  
Жанарың Сұлутөрдің жайлауындай.

Қосайық осындайда арманға сыр,  
Дидарласу дегенің – ғанибет бұл.  
Көнілдің ақ нөсерін бір төгейік,  
Съезге қосарлана келгенде бір.

Әрқашан қой біткенді серке бастар,  
Жарасқан Алатауга көркем асқар.  
Бізге сәлем бермейді неге келіп,  
Ел ақыны боламын деген жастар.

Ақылың ой айтады тауып Кенен,  
Өмірің өтті ғажап сауықпенен.  
Шүйкедей төрт-бес қана шал келдік қой,  
Келесі съезіңнен қауіптенем.

Қайтейін біздің топтың өр алғанын,  
Бұл менің жүрдай болып тоналғаным.  
Ел басқарған өбектер қайда кеткен,  
Ақсақал, деген жанды көре алмадым.

Қоштастым Болманменен, Қалқаменен,  
Жан-жаққа тарқап жатыр арқалы өлең.  
Қара жорға болғаным шын болса егер,  
Болашаққа осылай тарта берем.

Сырымды айтқаным жоқ бәс табам деп,  
Шаппай ма осындайда асқа тәбет.  
Жырымменен жанымды қатар ұққан,  
Рақмет, көп жаса, Есмағамбет.



Атағы шыққан сонау айдан асып,  
Көрмеген бұл өмірде майда басып.  
Құлболдының көсемі Тұрар сүйген,  
Рахмалы жарайсың, Байжарасов.

Қазақтың келіпті деп ақындары,  
Сәбит те жылы құлліп жақындарды.  
Машинасын жіберіп жол ашқанмен,  
Баласын Өмірзактың шақырмады.

Жазатын желбүйірлі атандағып,  
Қыдырған, жайлаулатып, шаһарлатып.  
Баланы тастап кету қыын деуге,  
Тай жеген Сәбитіңе бата алмадық.

Толқын көргендей боп қайта көлдің,  
Кемпірқосақ жырынды айқара өргін.  
Дегенім өз жеріне жетпей жатса,  
Ар жағын ақын Кенен айта бергін.

### **Кенен:**

Тыңдал ап қара өлеңнің ардагерін,  
Өлеңнің қиялайын шыққан өрін.  
Байқағын Үмбетәлі, қара жорға,  
Қалай-қалай басады маңмангерім.

Не қызыққа толтырған өрелерін,  
Жетісуда шалқыған Кенен едім.  
Әншілік, ақындықпен астасқанда,  
Беріктігін байқағын керегенің.

Жанымды терең ұғып кейде менің,  
Шындықты көл-көсір ғып бейнеледің.  
Жаңа ғана ұнады, – дедің Үмбет,  
Съездің мінбесінен сөйлегенім.



Кіргем жоқ есігінен баса-көктеп,  
Сезімім арнасынан асады ептеп.  
Қол соққанын көрдің ғой кең сарайда,  
Дінмұхамед Қонаев қошеметтеп.

Басқандай маңдайыма сері мөрін,  
Еске алсам екілене желігемін.  
Есімнен де түсімнен шықпай қойды,  
Бауыржанның сөзіне ерігенім.

Шуағын нұрлы бейне төрге жайып,  
Тыңдағын, өзің кеткен ойдан айық.  
Съездің асқақтаған мінбесінен,  
Сейлеп тұр текежәуміт Кербабаев.

Тыңдап ап сері ақынның асқақ үнін,  
Шарлағандай болдық қой, Кавказ қырын.  
Тұнғыш рет таныдық бәсін беріп,  
Қайсын Кулиевтың қасқалығын.

Сөзінің де, өзінің өрлігін-ай,  
Ақынды аңқылдаған берді құдай.  
Қалмақтың ардақтаған ақтаңгері,  
Давид Кутгульгинов кер бұғыдай.

Әр елдің тыңдап көріп мұзбалағын,  
Жанарымды тербейді қызған ағын.  
Мәз болып баладай отырмын мен,  
Қазақтың салыстырып құлжаларын.

Ойы нық, бойы ғажап бекемделген,  
Екеумізге күлшашар жетер ме елден.  
Дүбірге қызып тұрған жайың бар ғой,  
Қараөлеңнің көкпарын көтер жерден!



## **Үмбетәлі:**

Тұған жерің атақты Мәтібұлақ,  
Елге жүр Кенен деген атың ұнап.  
Әнгे де, өлеңгे де, қос ауызсың,  
Тамырдың бал татыған татымын ап.

Шаршатпай кәріліктің кете ме өрі,  
Ақынның бұзылмасын шетен өңі.  
Қалада адасам ба деп келіп ем,  
Баласы Өмірзактың жетеледі.

Ойымның байқадың ба от алғанын,  
Осылай жанып барып өтер дарын.  
Кеткендердің өмірін өлшеп көрші,  
Көзкөргенді жырламай кете алмадым.

Пендеміз жақсы күнді армандаған,  
Қанша ақын зерттелмеген, талданбаған.  
Дариға-ай, бәрінен де қындығы,  
Өлгеннен соң аталмай қалған жаман.

Тең көріп, биік пенен аласаны,  
Соңынан көбейсе еken бала саны.  
Мүйізді Өтегеннің айтқаны рас,  
Қазаққа қыншылық жарасады.

Сондықтан көтеріп ап еңсені бір,  
Төгейін бұрқыратып мен селін жыр.  
Қоштасып, қолын бұлғап екеумізге,  
Алатрудың қаптаған сенсөні түр.

Үшқоңырдың асқақтап атырабы,  
Шұбарат өрге құлап жатыр әні.  
Ақындардың атадан алтын тағы,  
Майтөбе мұнарланып шақырады.



Көзіңнен үнсіз ғана бар домалап,  
Шақырды ма ырысы қонған алап.  
Аңсатып Балажанның асқақтығы,  
Кенеке, отырсың ба жолға қарап.

Жанарға сағыныштан желік іліп,  
Жосылсын қара жолмен елік үміт.  
Жамбас жолда Насиқаң күтіп алып,  
Қордайдың құшақтасын желі құліп.

### Кенен:

Ал, Үмбет ауылым аттанайын,  
Осылай қараөлеңнің ақта майын.  
Сұңқарлығым әуелден өзіңе аян,  
Несіне қара тер боп мақтанайын.

Балаларға үлгі боп көген өріп,  
Айтайық болатынын неде көрік.  
Жырларымыз өмірде қалса болды,  
Ногайбайдың сөзіндей шегеленіп.

Жалықпай еге беріп жырдың дәнін,  
Тазалық деп ұғамын қырдың қарын.  
Жалғастырған Кенен деп есептеңіз,  
Майтөбеде Майкөттің салған әнін.

Боп түр ғой шындығында дидар ғайып,  
Қоштасуға келгенде қиналмайық.  
Ақынды жыры ғана жасартады,  
Пейішке шығарады, иман – қайық.

Қазаққа екеуміз де болып аңыз,  
Жемісін төккен ылғи оңына күз.  
Тағы да кебірленбей тағдыр жазса,  
Алматының жазында жолығармыз.



## **Үмбетәлі:**

Рас қой, айтқаныңың бәрі жанды,  
Кім қалар, таяз сөйлеп арығанды.  
Қалайды әрқашанда ақын жүрек,  
Дидарласып бір-бірін жанығанды.

Төрінде гүлге оранған астананың,  
Ешқашан таға алмаймын басқаға мін.  
Тұлпарлардың дүбірі естілсін деп,  
Сүйінбай мен Жамбылдан бастағанмын.

Сезім шіркін, қаққанда қонырауды,  
Әр ісім, сәті түсіп онына ауды.  
Еліңе сәлем айтқын үш қайтара,  
Қара жорға әлі де омыраулы.

Жақсылықты көп тілеп жиі қүннен,  
Бұрынғыдан гүлденесін биыл ірген.  
Жыр тауының бұлтын сырып тастап,  
Халыққа көрінейік биігінен.

Кененнің толқытқанда асқақ әні,  
Куанам жиырмадағы жастан әрі.  
Жүзіме тұра қара қоштасарда,  
Қыранның көзі қалай жасқанады!

1966 ж



# **КЕНЕН МЕН ҚАЛҚАНЫҢ АЙТЫСЫ**

## **Кенен:**

Баласы Әзіrbайдың атым Кенен,  
Өзіме бірдей біткен ән мен өлең.  
Жасымнан Кенен болып атым шықты,  
Болған жоқ қатарымда жүзім төмен.  
Асы бар Сұндегбайдың дегеннен соң,  
Әдейі Алматыдан іздел кеп ем,  
Кіші іні, үлкен аға, Тарактағы,  
Бәріңе басымды иіп сәлем берем.  
Жүрмісің аман-есен бәрің тамам?  
Сіздерге сәлем беріп бастым қадам.  
Бұл жерге келгеніме бес күн болды,  
Көрмепсің қонақ құтіп, Қалқа надан.

## **Қалқа:**

Айтайын сөзді мақтанбай,  
Шын қызысам, өлең табылар.  
Тентектің сүзы күркіреп,  
Аударып тасты аққандай.  
Кенен келді дегенде –  
Хабарыңды есітіп,  
Сол уақытта қуандым,  
Қатыным ұл тапқандай.  
Жақсының сөзі өнеге,  
Көңілдің шамын жаққандай.  
Сөзі жұмсақ тектінің,  
Балдың дәмін татқандай.  
Затсыз бен затсыз сөйлессе,  
Құтырган ит ырылдал  
Бірін-бірі қапқандай.  
Өлеңмен ешкім жүрген жоқ,



Болдырып сөзден жаяулап.  
Меймандықтың жолымен,  
Келсең ет-ті баяулап.  
Жаңа түскен келіндей,  
Қол қусырып алдыңнан,  
Мен шықсам еді аялдап,  
Қолыңды алышп алдыңнан  
Тартуымды даярлап.  
Не жазығым бар еді,  
Көрмей сырттан жамандап?  
Сен жамандап келген соң,  
Жатып алдым табандап.  
Сол себепті Кенеке,  
Келмедім мен шабандап.  
Арғын, үйсін баласы  
Әрбір жерден келіп тұр.  
Бірін-бірі тірліктің,  
Арқасынан көріп тұр.  
Ақындардың сөзіне,  
Халық баға беріп тұр.  
Алатаудан келген соң,  
Көңілінде желік тұр.  
Тәкаппарлық, менмендік,  
Кеуденді сенің керіп тұр.  
Әркім батыр өзінің  
Өнеріне сеніп тұр.

### **Кенен:**

Үлгі алдым Алматының қаласынан,  
Жем жедім қырғыз, қазақ арасынан,  
Әнім бар тоқсан түрлі толықсыған,  
Қырғызға қазақпенен таратылған.  
Әркімнің сыртта айтқан тіліне еріп,  
Жігітсің қатын міnez жаратылған.  
Әнге келсе бұлбұлмын,  
Ақылға келсе білгірмін.



Болыс болып халқыма,  
Айдыннан аққу ілдірдім.  
Қараңғы адам мен емес,  
Гимназия бітірген,  
Жандосовпен бір жүрмін.  
Шындық сөздің адалы,  
Алтынмен басым бағалы,  
Жамандады дегенің,  
Жан сақтаудың амалы.  
Күән болса, ал сөйле,  
Біз де тындал қаралық.

### Қалқа:

Оқуды халық білмеген,  
Бұрын өткен заманда.  
Оқымаған адамның,  
Бәрі айуан, надан ба?  
Оқыған жоқ, тақсыр-ау,  
Сүйінбай ақын бабаң да.  
Надан деген әңгімен,  
Тиген жоқ жеңіл маған да.  
Кезекті сөз келгенде,  
Бүгіліп сөзден қалам ба?  
Жатыр деген жамандап,  
Балтағұл мен Тынайың,  
Балтағұл, Тынай айтқан соң  
Кішілік неге қылайын?  
Жазықсыз шаян шаққан соң,  
Қорлыққа неге шыдайын?  
Бақтыбай – менің нағашым,  
Жемеймін сөзден уайым.

### Кенен:

Абақтан Тарақ жалғанның  
Бұрын көрген жарығын.  
Ұмытпайық атаның,



Бұрынғы-соңғы қалыбын.  
Еліңе келген мейманмын,  
Осы жол менің нарығым  
Қалқа батыр, сөзіңің,  
Аңғарын мен де таныдым.  
Аруаққа келген ақынмын,  
Міндег қылар жоқ еді,  
Сендерде менің салығым.  
Сендердің тәбәрік,  
Орамал берсең қолынан,  
Мен де келдім сендерге,  
Меймандықтың жолымен.  
Қалқа батыр бола ма,  
Жұрт қыдырып, қызығыш бол,  
Шырылдаң босқа қорыған.  
Бұрынғы-соңғы жүйеден,  
Орамал берсең тәбәрік,  
Қасиеті кем емес  
Жетектеп қайтар биеден,  
Тұлыға өркеш түйеден.

### Қалқа:

Кемшілік жоқ Кенеке,  
Жаңағы айтқан сөзінде.  
Ақындардың ішінде,  
Зор қасиет өзінде.  
Қалқада жоқ Кенеке,  
Өзіндей сана-сезім де.  
Келіп қапсың бір сапар,  
Ел жиылған кезінде.  
Бір жолда жүрген кісімін,  
Сіз секілді өзім де.  
Тамылжыған әніце,  
Құлақтың құрышы қанатын.  
Құмарланып жастардың,  
Көзінің оты жанатын.



Қаңгел, Сақбай жоқ емес,  
Кенен сынды ақынға  
Төмен қарап қалатын.  
Қаңгел, Сақбай ауылдан,  
Бір-бір атпен кеп еді.  
Ақындарға берем деп,  
Ат жетелеп келмеді.  
Ат пен шапан алатын,  
Кенекеңдей жақсы ақын,  
Кез келеді демеді.  
Дүйсенбі күні Қалпықтан,  
Ат бәйгеден келеді.  
Ақын мен қожа олжасын,  
Жалайыр болып шығарып,  
Ортасынан бөледі.  
Сейсенбі күн Кенеке,  
Олжанды Сақаң береді.  
Ел қыдырып қоритын,  
Ақымақ ақын мен емес.  
Орамал, шаршы алатын,  
Жаман ақын сен емес.  
Құлан аяқ Құлмамбет,  
Майкөт, Жамбыл, Қуандық,  
Олардан бағың кем емес.  
Осы жүрген ақындар,  
Сеніменен тең емес.  
Үлкен басың кішіртіп,  
Орамал, шаршы дегенің  
Кенеке, сізге жөн емес...

1921 – 1925 жж



# ДАСТАНДАР



## **ӘЛИ БАТЫР**

Оқушы өрендерім, құлағың сал,  
Жырладым сендерге арнап керегінді ал.  
Уақиға көзбен көрген, қолмен ұстап,  
Жыр еттім шын өмірді алсын деп нәр.

Бір күні «ақ патшадан» келді жарлық,  
Жатқан кез соғыс болып жерді қан ғып.  
Майданға жігіттерді бересің деп,  
Қазаққа Қордайдағы салды салық.

Қалың ел қатты састы селебеден,  
Шошыды жұрт жүрегі бұл пәледен.  
Патшаның әмірі күшті, елде ерік жоқ,  
Жылышып тау мен тасты қөбелеген.

Күніреніп қазақ аулы ақылдасты,  
Жиылышып өз алдына құрды басты.  
Қан төкпей қолдан бала бермейміз деп,  
Анттасып, басын қосып, қол алысты.

Еңбекші ел би-болыспен бөлді жігін,  
Ер шықты арқалайтын елдің жүгін.  
Қасқайып «ақ патшаға» қарсы тұрды,  
Шығарып ақ сауыттан кекті түгін.

Қордайдан Әли шықты ат ойнатып,  
Жалынды жас жүрегін кек қайнатып.  
Соңынан ерді елдің бозбаласы,  
Жауынан кек алуға оқ бойлатып.



Халыққа қардан сүйк қайғы жауды,  
Қара бұлт алды торлап Алатауды,  
Үрпіп, үрейленіп үріккен ел-жүрт  
Қонысын тастап көшіп, бетіне ауды.

Шақырған жандаралдан хабар келді,  
Би-болыс, ауылнайлар сонда жүрді.  
Арасын он сегіз бен отыз бірдің,  
Тізімдеп береміз деп басты мөрді.

Бермек боп елден солдат қайтып келді,  
Жарлығын жандаралдың айтып келді.  
Әр болыс өз қоластын жинап алып,  
Қамқорсып түсіндірді қалың елді.

Қалың ел қарсы болды өре тұрып,  
Бермейміз баламызды тірі отырып.  
Тізімді мөріменен тартып алып,  
Жіберді болысының өзін ұрып.

Жұлынып Әли шықты тізімді алып,  
Ортеді өз қолымен отқа салып.  
Гүлдеп жөңкілген жас ерді Әлиге,  
Батырдың батылдығы жанға жағып.

Әлқожа түрегелді мұны көріп,  
Әлиді құшақтады қолын беріп.  
Жалаңаш қанжарының жүзін сүйді.  
Болам деп өлгенімше саған серік.

Ер Әли ертіп алды өңшең жасты,  
Тобына талай көкжал араласты.  
Ән шырқап, өлең айтып думандатып,  
Мен дағы ел жолына қойдым басты.



Болысы Үргайтының Бәймен деген,  
Ұлық көрсө өлердей мәймендеген.  
Көрген соң елдің бетін, ер құдіретін,  
Қояндай жатты бүғып шықпай үйден.

Қордайдан екі ер шықты үзенгілес,  
Ар-намыс, адамдықтан алмақ үлес.  
Нұсіпбай, Әлжанменен қолды бастап,  
Әлиге қосылды олар боп тілекtes.

Нұсіпбай ер атанған он сегізде,  
Жайылған оның даңқы Ұлы жүзге,  
Атақты батыр екен арғы атасы,  
Әр елде аңыз болған о бір кезде.

Kісі екен қошқартұмсық, қара торы,  
Ерліктің маңдайынан түскен жолы.  
Оралған құлағына қара мұрты,  
Қақпақ жауырын, қажымас дene зоры.

Жүрегі қайтар емес атқан оқтан,  
Оқшау шығып тұрады қалың топтан.  
Әлидің ақылшысы осы болды,  
Сөзі ыстық жастарға жанған шоқтан.

Бұрыннан ұлыққа өш екеуі де,  
Қарсыласып жүрмеген жетегіне,  
Жазықсыз талайларды қырсібір ғып,  
Айдағаны кетпейтін көкейінде.

Көп халық атқа мінді тісін қайрап,  
Кекті ашу, зығырданы ішін жайлап.  
Қолдан соғып құралын дайындалды,  
Бес қаруын беліне алды байлап.



Жаратып бір-бір атын мініп алды,  
Қарына айбалтасын іліп алды.  
Мойнында кейбірінің қосауыз бар,  
Азығын белбеуіне түйіп алды.

Би-болыс батып елге қарамады,  
Беттесіп сөйлесуге жарамады.  
Самсаған сарбаздарды көргеннен соң.  
Бойына ішкен асы тарамады.

Жасырын хабар берді жандаралға,  
«Әскер бер, – деді, елді араларға.  
Жиналып өңшең бұзық сайлануда,  
Оларға қарсы тұрар шара бар ма?»

Жауабын жандаралдың алғанынша,  
Күшпенен елді жөнге салғанынша.  
Қопада бес болыс ел басын қосты,  
Соғыспақ қасық қаны қалғанынша.

Кетіпті болыс-билер тауға қашып,  
Ел-жүртпен жұмысы жоқ өңшең пасық,  
Қолдарына түссе егер момын шаруа,  
Бауыздайды зұлымдар қанын шашып.

Өлтірдік приставты жер шенеген,  
Почтаны талап алдық жасырын келген.  
Бай мен болыс түспеді қолға тіпті,  
Із кесіп іздесек те ылди-өрден.

Қаладан отряд шыққан хабар келді,  
Қырып-жойып келеді жолдағы елді.  
Сайланып сарбаздар да сапқа тұрды,  
Тайсалмай тәуекелге буып белді.



Көлқамыста кездестік отрядпен,  
Бұршақтай оқ жауғызды зеңбіректен.  
Дүрбіменен шолады жердің бетін,  
Күштері де кем емес құдіреттен.

Қараңғы ел қайдан білсін соғыс жайын,  
Ажал ойнап алдында, басты уайым.  
«Шешінген судан таймас» дегендейін,  
Өршеленіп ұмтылар өлген сайын.  
Офицер айданардай ыскырады,  
Шыдатпай баудай орып тықсырады.  
Патшаға қарсы жанды қырамыз деп,  
Басынып момын елді күш қылады.  
Сарбаздар шегінісе салды ұрыс,  
Жосадай жердің беті болды қырыс.  
Зіркілдеп зеңбірегі шыдатпады,  
Соғысты қайран ерлер, алмай тыныс.  
Сол кезде отыз екіде менің жасым,  
Патшаның күш-құралы болды басым.  
«Қайран ел», «Аттан!» деген ән шығарып,  
Тербеттім зарлы үніммен таудың тасын...  
Тентек ояз тепсініп,  
Әскермен шықты далаға.  
Тым-ақ сүйт жүрісі,  
Қонбастан келеді араға.  
Қатуланып кәр қылды,  
Қатын менен балаға:  
«Қазақ егер, көрінсе,  
Қыра бер, жанға санама.  
Басын кес те, қанын төк,  
Ақ патшадан садаға.  
Көтере алмай тойғанын,  
Жармасты келіп жағаға», –  
Деп бүйірды солдатқа,



Айтқаны болмай қала ма...  
Ояз келеді дегеннен,  
Ел жөңкіліп сабылды.  
Талай ауыл иесіз қап,  
Талай тұндік жабылды.  
Тере жүрген жерінен  
Талай өлік табылды.  
Білмеймін деген Әлиді,  
Талай бастар шабылды.  
Талай ару мазақ боп,  
Ыстық қанын жамылды.  
Тау мен тасқа тығызып,  
Жұрт шұбырып ағылған.  
Ұл атадан айырылып,  
Ми далада қаңғырған.  
Азан-қазан мал шулап,  
Меніреу дала жаңғырған.  
Жұртта қалған ит үріп,  
О да өзінше зар қылған.  
Құйындағын бұрқылдап,  
Жүрген жерін шаң қылған.  
Кез келгенді дүрелеп,  
Әуре-сарсаң даң қылған.  
Тентек ояз жолдағы,  
Елді шауып талады.  
Тұрпанға қарап түріле  
Қырғыз қашып барады.  
Елден, жерден безініп,  
Шөлге қашып шұбырып,  
Өрдегі ел үрікті,  
Тау қойнауын қыдырып.  
Бет-бетімен шұбады,  
Паналарға жер таппай  
Кемпір-шалдар жылады,  
Кірерге тірі көр таппай



Жаннан халық түңілді,  
Жан саялар жер таппай.  
Бес болыс елді ерітіп,  
Әлидің қолы бөлінді.  
Түйелері қомдаулы,  
Көшкен елдей секілді.  
Мылтықтары оқтаулы,  
Найзалары саптаулы,  
Хантауы мен Бестамақ,  
Панаған жер еді.  
Бергі жағы Қызылқұм,  
Арғы беті шөл еді.  
Шебі сортаң, сұы аңы,  
Түйеден басқа төзе алмас,  
Отряд келмес деп еді.  
Ұлыққа сенген би-болыс  
Қалың елге ермеді.  
Тентек ояз алдында,  
Жүгірумен терледі.  
Қол бастаған ерлерді,  
Жамандап, даттап жерледі.  
Отрядқа басшы боп  
Сай-саланы өрледі.  
Сұлтан, Бәймен болыстар,  
Әлиді ұстап бермекке,  
Қызығын көзбен көрмекке,  
Аңсыраған бөрідей,  
Жапанды кезіп терледі.  
Бәймен менен Әжібай,  
Азаптап, ұрып, өлтіріп.  
Қашқан елді жинамақ.  
Көнгендерін көндіріп,  
Көнбекенін қинамақ.  
Күлін көкке ұшырып,  
Үстінен жай түсіріп,



Олігімен сыйламақ.  
Би-болыстар бел алып,  
Ел апшысын қуырды.  
Азу тісі ақсиып,  
Бұрқылдаپ жыны шұбырды.  
«Таппадың» деп Әлиді,  
Қолқасын елдің суырды.  
Таба алмады Әлиді,  
Елі қорғап айтпады,  
Мекендереп сабаз жатқан-ды.  
Жан бармас шатқал тұғылды.  
Ерлер шықты жалындал,  
Әли батыр бастаған.  
Тәуекел деп жөнелді,  
Қыындықтан саспаған.  
Құлжабасы тасына,  
Мәтібұлақ қасына,  
Қушоқының дөніне,  
Бекініп меже үстаған.  
Қатпарлы адыр бер жақта,  
Қордай тауы ар жақта,  
Қушоқыдан көрінер,  
Қарасаң шығып жан-жаққа.  
Әли батыр асықпай,  
Төскейге көзін салады.  
Мойнындағы дүrbімен,  
Алыстан шолып қарады.  
Көлқамыста құжынаған,  
Отрядты көзі шалады.  
Айла-әдісін ойланып,  
Көпке ақыл салады.  
Тұн көрпесін жамылып,  
Ел қыстауына барады.  
Иесіз жатқан көп малдың  
Бөрін жинап алады.



Атан демей, нар демей,  
Айғыр демей, тай демей,  
Астықты теңдеп салады.  
Өздері көмген қамбадан,  
Керегін мол алады.  
Үш жуз көлік ьңыранып,  
Маймандал басып жөнеді.  
Таудың қойнын бөктерлеп,  
Жылғамен жылжып келеді.  
Дәл жеті күн жол жүріп,  
Ел қарасын көреді.  
Ашыққан жұрт тойынып,  
Батасын шулап береді.  
Бес жуз әскер қол алып,  
Қушоқыға бет қойып,  
Әли тағы жөнеді.  
Қушоқыға келгенде,  
Алдынан хабар алады.  
Әлидің ізін сезгендей,  
Отряд іздеп барады.  
Баймен болыс басшысы,  
Тапса ойран салады.  
Мұны естіген Әли ер  
Қанжардың жүзін жалады.  
Бөгемекке жауларын,  
Ақыл-айла табады,  
Беске бөліп сарбазын,  
Бес серігін бас қылып,  
Жолын тосып отрядтың,  
Өзі жеке қалады.  
Қырғызбай мен Әлқожа,  
Жаудың алдын кеспекші.  
Нұсіпбай мен Майсан ер,  
Өкпе тұстан тұспекші,  
Қарсы барып Әли ер,



Ояздың көзін теспекші.  
Қуа соғып соңынан,  
Әлжан үрмақ желкеден.  
Жұз-жұзден алып серікті,  
Жаланып ерлер желікті.  
Халық үшін өлсе арман жоқ,  
Ажалға болды ерікті.  
Әли сынды батырым,  
Тортөбелге мініпті.  
Бесатарын мойнына  
Тәуекел деп іліпті.  
Жұлдызы туса оңынан,  
Салмақшы жауға бүлікті.  
Таутекенің терісі  
Тымағын баса киіпті.  
Шыр айналып Тортөбел,  
Елендеп құлақ түреді.  
Араптан шыққан тұқымы,  
Жау дыбысын біледі.  
Шын бабына келгенде,  
Тұяғы тасты тіледі.  
Тауға шапса замғайтын,  
Өрге салса өрлейтін,  
Кияда аяғы таймайтын,  
Үш күн шапса үздіксіз,  
Сонда да жануар танбайтын,  
Дөңге шығып аунайтын.  
Көрмеген жан нанбайтын,  
Тұяғы бар күректей,  
Құйрығы бар жібектей,  
Омыртқасы кетпендей,  
Қабырғасы білектей,  
Серпегі шұқыр қазандай.  
Құлағы қыық құрақтай,  
Козі өткір шырақтай.



Екі елі майда жалы бар,  
Бейіштегі пырақтай.  
Сөз негізін бастайын,  
Ат суретін ұзатпай.

Бір қыраттың басынан,  
Қүшоқының қасынан,  
Солдаттар шықты сатырлап,  
Қару-жарақ жарқылдап,  
Бәймен болыс алдында,  
Әүкесі түскен салпылдап.  
Алыстан танып Әли ер,  
Бесатарға оқ салды.  
Айылын тартып атының,  
«Бағымды аш деп» мінеді,  
Жолбарыстай ақырып,  
Қапыда жауға тиеді.  
Ақырған даусын өсіріп,  
Таудың құзы қаңқ етті.  
Қарағай, қайың, жартастар,  
Жаңғырығы шаңқ етті.  
Безек қағып бесатар,  
Үсті-үстіне сарт етті.  
Бәймен болыс өкіріп,  
Ат үстінен жалп етті.  
Тұс-тұстан айқай шыққанда,  
Жау шегініп жөңкіліп,  
Бет алдына ол кетті.  
Бар құралды ата алмай,  
Дірілдеп буын әл кетті.  
Найзаменен шаншысып,  
Балтаменен шабысып,  
Шоқпарменен қағысып,  
Талайларын қолбетті.  
Аш бөрідей жаланып,



Әли батыр соғысты,  
Үркөр айға тоғысты,  
Құмардан шықты сабазым,  
Оққа үшырып болысты.  
Ояз қолға тұспеді,  
Оның да басын кесетін,  
Танауынан тесетін.  
Ел талаған зұлымның,  
Шашып қанын ішетін,  
Күн төбeden ауғанда,  
Жаудың тобын қашырды.  
Балқаш қолін қобелеп,  
Талай белден асырды.  
Жау жүректі Әли ер  
Жаудырды жауға жасылды.  
Қолға түсіп жандарм,  
Аяғына бас үрдь.  
Соңынан қуған Әлжан ер,  
Қолданды түрлі тәсілді.  
Жандарм басы бұралып,  
Иектен талға асылды.  
Көп кедейдің кегі үшін  
Тұрсын дедік асулы.

Жауды қуып тастап, тірі қалған сарбаздарын жинап, өлгендерін жерлеп болған соң, Әли батыр бала-шағасын іздемек болды. Қаладан енді жаңа отряд шыққанша оларды жинап алуына көпшілік те қосылды. Батыр жанына бұл кезде Сібірден қайта оралған Қырғызбайды алып жүріп кетті.

Жүріп кетті екі ер,  
Бөлініп қолдан күн бата.  
Қала берді бұлдырап,  
Арттарында ақ жота.  
Сағынып үйін жөнелді,



Жетейік деп таң ата.  
Қасына ерді Қырғызбай,  
Жөнелді ағып жұлдыздай.  
Астындағы қос тұлпар,  
Жұтынады құндыздай.  
Дамылсыз жүріп тұн бойы  
Таң ата елге келеді.  
Жұрты жатыр, үйі жоқ,  
Әли батыр көреді.  
Кез келген жанды тоқтатып,  
Баласын сұрай береді.  
Іштен шыққан жан бала,  
Батырдың көңлін бөледі.  
Аулын шауып отряд,  
Аға, інісін, әйелін  
Кеткенін айдал біледі.  
Шырылдатып ұл-қызын,  
Жөнеліпті бір бөлек,  
Дегенде батыр жүдеді.  
Ат басындај жүрегін,  
Ұлы қайғы тіледі.  
Қолынан түсті найзасы,  
Үзілгендей білегі.  
Батырдың түсіп еңсесі,  
Қалындағы қабағы,  
Көмекі шықты дыбысы,  
Қарлыққандай тамағы.  
Айқара ернін тістеді,  
Осы деп өмір сабағы.  
Талауда кеткен мал-жаны,  
Қайдан іздел табады.  
Аталық жаны елжіреп,  
Көзінің жасы тамады.  
Зығыры қайнап ішінде  
Таңдайын тарс-тарс қағады.



Қамығып Әли тұрғанда,  
Қырғызбай келді қасына.  
«Қайратынды жи, батыр,  
Болған іске жасыма.  
Ел үшін туған ерлердің  
Не келмеген басына.  
Қайғырганнан пайда жоқ,  
Бар көргенің осы ма?!

Әперсең тендік ақталар,  
Соныңнан ерген досыңа.  
Еңбегің еткен еш болмас,  
«Ақ патшадан» құтқарып,  
Жеңіс туын тіккенде,  
Еңбекші елдің қосына.  
Тұрмайық батыр, бекерге,  
Көлқамысқа барайық.  
Жауға жансыз жіберіп,  
Бір хабарын алайық.  
Қолда тұтқын жоқ па еken,  
Іш-сыртын байқап қарайық.

Tірі болса тұтқындар,  
Босату жолын табайық,  
Айтқанынды екі қылмайды,  
Бұл жақтағы халайық».  
Тістенген бойы Әли ер,  
Атына мінді тіл қатпай.  
Тұтігіп ерні кезерген,  
Аш өзегі дым татпай.  
Сергісін батыр дегендей,  
Тортөбел басты ойнақтай.  
Туған жермен қоштасып,  
Күңіренді батыр кек сақтай,  
Аузынан шыққан сөздері  
Шарпыған жалын, бейне оттай:



«Қош, қайыр, қалдың иесіз туған жерім,  
Өсіп ем топырағыңа аунап сенің.  
Айрылыш қатын-бала, аға-ініден,  
Ішіме сыймай барады қайғы-шерім.

Жүр екен әлдекімнің тепкісінде,  
Екі тал, екі тұсті көбелегім.  
Тас шайнаң, мұзды жалап, ішім жанып,  
Қорлықтың баса киіп кебенегін.

Шырылдан жауда кеткен қос құлыным,  
Болдым-ау, обалыңа қалған сенің,  
Алатай асқарында туып-өстім,  
Тулаған бұлағыңың суын іштім.

Аға-інім, алған жарым, жау қолында,  
Тұншығып тұманында зорлық күштің.  
Жарлығы жау патшаның жалын тастап,  
Тиегін бұрағандай кек пен өштің.

Халық үшін садаға деп шыбын жаным,  
Болыстың басын кесіп, қанын іштім.  
Ұлыған иттей болып қалдым жүртта,  
Басыма ақырзаман бүтін тұстің.

Кекті ашу қеудем толған қайнап пісті,  
Қоймадың өз еркіме ар-намысым.  
Не женіп, не өлермін, құн сұраусызыз,  
Басынып патша залым берді қысым.

Бар, – дейді Ленин деген – бір данышпан,  
Адамға қондыратын бақыт құсын.  
Кетер ем соны іздел жер бетінен,  
Білмейтін жол мәнісін құнім құрсын.



Жақтайды жарлы табын деп естимін,  
Жаратқан сондай ерге жолдас қылсын.  
Жанары екі қөздің қанға толып,  
Уланып іші-баурым тілсім-тілсім.

Табалар дүшпандарым, досым күліп,  
Басына тұспеген жан қайдан білсін.  
«Бауыр ет, емшектесім жау қолында,  
Арман жоқ солар үшін жанды берсем»,

Деп батыр қамшы басты Тортөбелге,  
Қорлыққа бастан асқан ер көнер ме.  
Қасында Қырғызбайдай шын досы бар,  
Бір сырлы, сегіз қырлы бар өнерге.

Салдыртып Көлқамысқа келді жетіп,  
Аттарын тежей тартып текіретіп.  
Жамылған тұн көрпесін, ай сәулесін,  
Мезгіл еді тұн ортасы кеткен өтіп.

Алыстан қарағанда көз жіберіп,  
Көрінді от жарығы жылт-жылт етіп.  
Екі атты тал түбіне матастырып,  
Еңбектеп екі батыр қалды кетіп.

Жақындал тың тыңдады құлақ түріп,  
Қанден ит арба астында жатыр үріп,  
Құзетші айналып жүр аулақ жерден,  
Мойнына көрер емес салсаң құрық.

Солдаттар үйиқтап жатыр пырдай болып,  
Алансыз, білер емес кетсең қырып.  
Шамасы жиырма-отыздан артық емес,  
Қалаға басқалары кеткен жүріп.



Еңбектеп екі батыр шықты айналып,  
Бөгеліп ақылдастып түрдү ойланып.  
Күзетші жүрген жақты шолмақ енді,  
Бекініп тәуекелге бел байланып.

Сақтанып, Қырғызбайды кейін тастап,  
Әли ер кетті жалғыз, неден саспақ.

Жақыннан ыңырысған дыбыс шықты,  
Осы түн секілденіп сырды ашпақ.

Еңбектеп жер бауырлап келді жақын,  
Ашулы ашынған ер тым-ақ батыл.  
Алдында ауыр қайғы дегендейін,  
Сипайды мандайынан тұнгі салқын.

Жатқан жан жараланып Жапар екен,  
Батырдың жалғыз інісі емес бөтен.  
Тастапты тікенектің арасына,  
Салыпты аяқ-қолға болат кісен.

Бауырын көріп батыр төкті жасын,  
Алдына ап құшақтады сүйеп басын.  
Аузына тақиямен су тамызды,  
Дегендей ақырғы рет мейірің қансын.

Шықпаған шыбын жаннан үміті бар,  
Тілге келіп алсам дейді анық хабар.  
«Бауырым» деп басады бауырына,  
Ыстық жаспен бұлдырап екі жанар.

Күн шыға Жапар бала көзін ашты,  
Ағасын танығандай изеп басты.  
Айқасып қүрек тісі шақырлайды,  
Сындырып шайнағандай қаратасты.



Тұс ауа тілге келді есін жиып,  
Шыдатпай іші-сырты бірдей күйіп.  
Дененің жараланбай қалғаны жоқ,  
Саусыс боп аққан қаны қалған ұбып.

Ағамды атып кеткен кеп солдаттар,  
Әкеткен Құлипаны би-болыстар,  
Төлеу мен женешемді жаяу айдалап,  
Пышақтап сізді тап деп мені қыстар.

Бәйменнің осы топта баласы бар,  
Мал-мұлікке ие боп қалды солар.  
Күң қылыш Құлипаның шашын кесіп,  
Бектеріп ат артына салды олар.

Қош, аға, қолынды бер, жоқпын енді.  
Жазықсыз қос шырағым ерте сөнді.  
Жолында бостандықтың мен құрбанмын,  
Жібермей зұлымдарға ал кегімді.

Деді де Жапар бала көзін жұмды,  
Иегін жалғыз қағып жаны тынды.  
Сүйегін Әли батыр арқалап ап,  
Еңбектеп жылғаменен кейін жүрді.

Қырғызбай күтіп алды батыр досын,  
Зор қайғы екеуіне болды тосын.  
Арулап жерлеп болып Жапар жасты,  
Торыды тұн жамылып жаудың қосын.

Тап берді таңға жақын, тиді жауға,  
Тәуекел қалқан болды омырауға.  
Көзге қан, көкірегі кекке толған,  
Батырдың қимылына шыдау бар ма?



«Өлсем құным сұраусыз елім үшін,  
Төгілсе қан тергеусіз жерім үшін.  
Өлексесін үйейін оба қылып,  
Жастай өлген Жапардың кегі үшін».

Деп Әли қамшы басты Тортөбелге,  
Қырғызбай бір шетінен тиді түре.  
Қасқырдай қойға шапқан салды ойран,  
Үыстап шенғеліне жауды бүре.

Алаңсыз жатқан жерден араласты,  
Қапыда құлатқандай қаратасты.  
Кіршілдеп қылыш пенен айбалталар,  
Ұшырды қеудесінен талай басты.

Бір кезде Әли батыр жараганды,  
Оқ тиіп оң қолынан төкті қанды.  
Жөнелді Тортөбелдің жалын құшып,  
Солдаттар оқ жаудырып қала барды.

Белгілі жерге келіп түсті аттан,  
Дірілдеп ат жалына қаны қатқан.  
Кейінгі Қырғызбайды уайымдады,  
Батырды ауыр қайғы басты батпан.

Жаралы Қырғызбай да келіп жетті.  
Әлсіреп ат үстінен құлап кетті.  
Денеге тоғыз жерден оқ тиіпті,  
Ақбоз ат жан ұшырып алып жетті.

Ес жиып жараларын жуып байлап,  
Шолды Әли көз жіберіп төңіректі.  
Шоғырға баяулаған жолсызбенен,  
Алыстан мұнарланған көзі жетті.



Бұл кім деп ойға қалды екі батыр,  
Жау жүретін жол емес, келе жатыр.  
Кім болса да тосайық осы жерден,  
Ыңғайланып тұрайық қалмай қапыл.

Айтқанындај жолаушы түсті келіп,  
Қынжылып қиналысты жайды біліп.  
Елші екен батырларды іздең шыққан.  
Тұн қатып түсі қашып тынбай жүріп.

Бұлармен екі батыр қайтпақ болды,  
Қыс болды, кемпір-шал мен бала тоңды.  
Алты ауыз, ала бақан елдің іші,  
Деген соң екі ердің жүзі солды.

Ас ішіп ат шалдырып алды бекіп,  
Елге қарай бет қойды дүрілдетіп.  
Ауыр азап, қайғы-шер көргендері,  
Опасыз жалған дүние жатты өтіп.

Әли ер жараланған жолбарыстай,  
Еліне аянышпен көзін тастай,  
Қалдырмай жалғыз жанды жинап алып,  
Жөнелді туйдегімен сөзді бастай.

Халқым-ай, кәрі-жасың жазығың жоқ,  
Тұрақты сүйенетін қазығың жоқ.  
Армансыз алысатын жауыңменен,  
Ат-көлік, қару-жарақ, азығың жоқ.

Ысқырып қыс келеді қылыш алып,  
Жан-жағың жаланған жау қаруланып.  
Сары бала, қара қазан қамы үшін,  
Қонысқа орнығындар қайтып барып.



Алты айдай дем алмадық тынышталып,  
Күш келмеске зорланып тырыспалық.  
Қаладан кісі келеді ел жинауға,  
Қайтындар қонысыңа ұрыспалық.

Жабындар бар кінені маған ғана,  
Сол бұлдірді елді деп жала жаба.  
Кемпір-шал, бала-шаға жыламасын,  
Солардың көз жасы үшін мен садаға.

Ташкеннен бір үлкені келеді дейді,  
Аралап қошкен елді көреді дейді.  
Жазықсыз қалың елді жараламай,  
Жазықтының жазасын береді дейді.

Сондықтан бұлдірмендер басқаларды,  
Естідім қуанышты бір хабарды.  
Бостандық әперетін бар адамға,  
Жарқ етіп күн шығуға аз-ақ қалды.

«Жеңіпті «ақ патшаны» Ленин батыр,  
Болыпты залымдарға заманақыр».  
Деген хабар барады өріс алып,  
Бізге де көп кешікпей таң да атар.  
Әлидің бүл айтқанын тыңдады елі,  
Жіберді жасын төгіп біреулері.  
Азаттық әперер деп ердің ері,  
Лениннің атын естіп үміттенді.  
Қырғызбай, Нұсіпбай мен Әлқожалар,  
Әлжан, Майсаппенен шықты олар.  
Әлиден қалмаймыз деп қамданысты,  
Кім білсін іс ақыры қандай болар...  
Қойдай шулап қоштасты, нардай боздал,  
Ұзақ жолға бет алды алты боздақ.



Большевикті іздемек жер бетінен,  
Жүректері шыдатпай іштен қоздап.

Бұлар сол бетімен Алматыға келіп, қаланың шетіндегі Майсаптың жақынының үйіне бекінді. Үй иесі опасыздық қылып, бұлардың келгенін жандармға хабарлайды. Жандарм көп солдатпен келіп атыс салады. Нұсіpbай мен Майсап оқقا ұшып, басқалары қолға түседі. Қолға түскендерді ұрып-соғып абақтыға салады. Тұтқын болған батырлардың ісін Павлов деген тергеуші жүргізеді. Ол – большевик болады, жасырын ұйымды басқарады. Әлилердің ісін баяу жүргізіп соза береді.

Азуы қарыс Әли ер,  
Абақтының төрінде.  
Қызыл қан боп Қырғызбай,  
Көнер емес өлімге.  
Алып күшті Әлжан ер,  
Басқа жан сенің теңің бе?  
Ақылы кемел Әлқожа,  
Тоқтау айтып қояды.  
Уайымға ерлер берілме!  
Жата берді батырлар,  
Іші-бауыры егіліп,  
Кісендеулі қол-аяқ,  
Отты көздер телміріп.  
Павлов деген – тергеуші,  
Алады жауап емініп.  
Әли тілін тартпады,  
Түссе де қолға женіліп.  
Қайтар емес бетінен,  
Тұрса да ажал көрініп.  
Әли келді жауапқа,  
Екі көзі қызарып.  
Екі жағы суалған,



Сақал-шашы ұзарып.  
Кісендеулі қол-аяқ,  
Ісіп кеткен бозарып.  
Тесіле қарап тергеуші,  
Сұрап отыр сазарып.  
Сойле, – деді Әлиге,  
Көргеніңді айтып бер.  
Ақ патшаға сен неге  
Қарсы шықтың арамтер?  
Елінді неге бүлдірдің,  
Жетпеді ме саған жер.  
Қолға түстің мінекей,  
Жазаға енді шыдаپ көр!  
Сонда Әли сөйледі,  
Көмекейі бүлкілдеп.  
Жасқануды білмейді,  
Кетті батыр еркінде,  
Патшадан көрген қорлығын,  
Айта берді біртінде.  
«Ел жарасы ушықты,  
Жарылгалы күлтілдеп...»  
Аруана туар үлектен,  
Ақиық туар түлектен.  
Тұлпар туар жүйріктен,  
Сұңқар шығар үйректен.  
Өтірік тіпті айтпаймын.  
Оқ атсаң да жүректен.  
Ленинді ізден шығам деп,  
Қармаққа түстім иектен.  
Аңдыған жауым арс етіп,  
Қаба түсті сүйектен.  
Босанар елім күні ертең,  
Басына түскен түнектен.  
Алар жанды ала бер,  
Қорқытпай-ақ білекпен.



Жан беруге ризамын,  
Бостандық деген тілекпен.”  
Орнынан тұрып тергеуші,  
Әлиге жақын келеді,  
Шынжыр қиған жарасын,  
Қол-аяғын көреді.  
Атпаймын да аспаймын,  
Жатасың ұзақ деп еді.  
Колодкасын алуға  
Рұқсат қағаз береді.  
Қасиетін Әлидің  
Тергеуші де сезеді.  
Абақтыда жатты олар,  
Тұтқын тонын жамылып.  
Істің соны не болар,  
Күте берді зарығып...  
Большевикті, қызылды,  
Ел қолдады бағынып.  
Аласапыран соғыста,  
Бұлар да шықты жарқ етіп,  
Қызыл жүлдyz тағынып.  
Жарықта шығып Әли ер,  
Жарағын қайта асынды.  
Партизан болған Павлов,  
Тобына соның қосылды.  
Қырғызбай, Әлжан, Әлқожа,  
Тұсірді жауға жасылды.  
Өншең көкжал бас қосып  
Жандаралды торыды.  
Күн-күн сайын күшейді,  
Қызылдардың жорығы.  
Қалаға кісі кіргізбей,  
Жанталасып жандары,  
Жандаралды қорыды.  
Інге кіріп шықпады,



Зұлымдықтың қорығы.  
Бір күндері болғанда,  
Астыртын хабар келеді.  
Жұз солдатпен жандарал,  
Қытайға қарай жүреді.  
Мұны естіп батырлар,  
Қаптай атқа мінеді.  
Буырқанып, бүрқанып,  
Қаруын бойға іледі.  
Ат-тұрманын беріктеп,  
Тәуекел деп жүреді.  
Тау мен тасты көбелеп,  
Ну орманға кіреді.  
Батырлар жолды тосуда,  
Арада өтті бір жеті.  
Ақтар жөңкіп қашуда,  
Бұлардан өтіп көп кетті.  
Көрінгенін жібермей,  
Көккүтандай көлбетті.  
Ошпендігі өршіген  
Ор кеуде өңшең батырлар,  
Арыстандай көлбетті.  
Павлов пенен Әли ер,  
Ұйқы, күлкі көрмеді.  
Қабақтары қатулы,  
Бел шешуді білмеді.  
Тау мен тасты мекендең,  
Тағыдайын өрледі.  
Күндердің күні болғанда,  
Дыбысы келді дүбірдің.  
Таң салқынын жамылып,  
Ақтар топтап шұбырды.  
Ерлерге хабар беруге,  
Шолушылар жүгірді.  
Батырлар кезеп қаруын,



Аттанып жабыла жұмылды.  
Алдыңғы тобын жіберді,  
Көздерінен өткізіп,  
Жиды бойға жігерді,  
Шенберіне жеткізіп.  
Екінші топ келеді,  
Сағындырған күткізіп.  
Тал жамылып тасада,  
Батырлар жатыр тістеніп,  
Бойларында қан қызып.  
Келе жатыр көп солдат,  
Қарақұстай қаптаған.  
Көк күймені қоршап ап  
Қаруларын саптаған.  
Күймeden аузын шығарып,  
Пулемет қойған баптаған.  
Жандаралдай жауыздың  
Осы күйме сияқты  
Шыбын жанын сақтаған.  
Екі жаны, алды-арты,  
Самсаған солдат сары қол.  
Алдыrap емес әккі жау,  
Қару-жарақ, күші мол.  
Батырлар жатыр сазарып,  
Алдынан құрып қанды тор.  
Бақыты ұшып төренің,  
Түнергендей қалың сор.  
Дәл тұсына келгенде,  
Дауа бар ма мергенге,  
Көк күймені көзге алып,  
Қорамсаққа қол салып,  
Басып-басып жіберді,  
Жауырындары қозғалып.  
Құлындағы даусы құраққа,  
Шыңғырып аттар жөнелді.



Кек кернеген батырлар,  
Бір қызыққа кенелді.  
Пулемет жатыр бүркүлдап,  
Мылтық жатыр тарсылдап,  
Күйме қалды шоңқиып,  
Аттар қалды теңқиіп,  
Үрейленіп ояз түр.  
Жалтаң қағып солдаттар,  
Естері шығып селтиіп,  
Күймені қоршап шулайды,  
Сапырылысып жүгіріп.  
Жайрағандай жандарал,  
Қарағұсы жұлнынып.  
Кезеңді жерде кезеп қал,  
Келгенде кезі кегінді ал!  
Санасып жаумен атыспай,  
Қолқасына қолың сал!  
Деп Әли ер кезеді,  
Тірідей жаннан безеді.  
Оққа үшырып оязды,  
Аттың басын тежеді.  
Бір сұмдықтың болғанын,  
Батыр дағы сезеді.  
Павлов сыңды аяулы ер,  
Аттың жалын құшыпты.  
Бас киімі үшыпты.  
Алтын шашын қан жуып,  
Мойын төмен түсіпті.  
Мұны көрген Әлидің  
Сірә де жаны төзер ме?  
Тар кезенде шын достар  
Бір-бірінен безер ме?  
Әли батыр жетіп кеп,  
Атынан түсе қалады.  
Ат үстінен көтеріп,



Алдына досын алады.  
Өз жейдесін қақ айырып,  
Дос жарасын таңады.  
Кеудесі толып ашуға,  
Көзі оттай жанады.  
Кісі қойып қасына,  
Сусын қойып басына,  
Қайыра батыр салады.  
Тұс-тұстан қаптап партизан,  
Қаруды тартып алады.  
Күйме ішінде қан болған,  
Көрді қатын-баланы.  
Ордалы жылан ойран боп,  
Құмарлары тарады.  
Павлов, Әлжан бұлардан  
Болды ауыр жаралы.  
Отызға тарта кісі өлді,  
Оларды жерлеп салады.  
Қырги тиген торғайдай,  
Бас сауғалап солдаттар  
Бетімен кетіп барады.

Жараланған Павлов пен Әлжанды теңге салып, бекіністеріне әкеліп бағады. Олар көп бейнет, ауыр азап тартып барып жазылады. Партизандардың шабуылы күшіне береді. Көп ұзамай қызылдар Алматы қаласын алады.

Бекініп, тау құзына жатты бұлар,  
Бейнеттің тауқыметін тартты бұлар.  
Ат арып, тоны тозып жүдесе де,  
Қапысын жандаралдың тапты бұлар.  
Дұңқ етті өлгендігі жандаралдың,  
Жері жоқ шашылмаған бұл хабардың,  
Павлов пен Әли ердің даңқын естіп,  
Демеген жан қалмады «Ой, сабазым!»



Қаланы қызыл алып туын тікті,  
Иықтан түсіргендей ауыр жүкті.  
Құл мен күң, кедейлерге теңдік деген, –  
Дабысы жерді жарып ұран шықты.

Селт етіп батырлар да шықты таудан,  
Құтылып аяғынан алған жаудан.  
Қуанып қарсы шықты қала халқы,  
Ііскеп ата-анадай омыраудан.  
Ішінен көпшіліктің бір жас жігіт,  
Келеді Әли ерге қарсы жүріп.  
Әскерше киген киім белін қынап,  
Қол алып сәлем берді әдеп қылып.  
Әли ер сонда білді өз баласын,  
Шыдамай төгіп жіберді көзден жасын.  
Төлеуін бауырына қысып тұрып,  
Сипады бір қолымен қара шашын.  
Тұтқыннан қашып шығып Төлеу бала,  
Қосылып партизанға кезген дала.  
Ақ сүтін актамаққа анасының,  
Ақтарға соққы берді ойран сала.  
Әйелі Әли ердің жаудан өлген,  
Олімін Төлеу бала көзбен көрген.  
Әлидің жатқан жерін айтпадың деп,  
Пышақтап ана төсін тілімдеген.  
Құлипа жалғыз қызы жауда кеткен,  
Жан болмай білем деген төңіректен.  
Аға-іні, алған жары құрбан болып,  
Батырдың іші-бауырын елжіреткен.  
Қалаға кірді бәрі ұбап-шұбап,  
Біреу құліп, біреулер жатыр жылап.  
Қаланың бастықтары жиылыш ашып,  
Құттықтап батырларды алды сыйласап.  
Лениннің суреті түр жүрек сезген,



Әли ер сонда ғана көрді көзбен.  
Женістің туын сүйіп, тізе бүтіп,  
Жасасын! – деді батыр жарқын жүзбен.  
Әлидің уақиғасы тамам болды,  
Осындай қылыш-қылыш заман болды.  
Еңіреген ер еңбегін бағалайтын,  
Лениндей асқан дана бабаң болды.  
Солардың соңына ерді ұлы халық,  
Даңқты, женісті ісі жерді жарып,  
Жолынан партияның әділ не бар,  
Ұрпағым, үйреніндер үлгі альп.  
Көнемін осыларды көзбен көрген,  
Алпысқа шаш ағарып жасым келген.  
Ұсынам сендерге арнап өрендерім,  
Қабыл ал, сыйлығымды менің берген.

1916—1947 жж



## **ҚЫРҒЫЗБАЙ**

Әнге бас, Кенен ақын, ал домбыра,  
Көкейден ақтарылған сөзді құра.  
Көз көріп, құлақ естіп, бастан өткен.  
Тарихи оқиғаның бірін жырла.  
Көп көрген шежіре қарт, әңгіменді айт,  
Келешек үрпағына қалсын мұра.

\* \* \*

Бір болыс Қордай елі он бір ауыл,  
Болысы Сұлтан деген жуан сауыр.  
Өмірін кедейлердің ойран етіп,  
Тұрғызған қаһарынан қара дауыл.

Отыз жыл елді билеп, салған ойран,  
Шұбар төс, шынжыр балақ уын жайған.  
Қарайды бір өзіне мың жарым үй,  
Сойылын соғады ол бек пен байдың.

Үш ата – Қасқарауда ел болатын,  
Шоқпар мен Қордай деген жер болатын.  
Көк жайлау, өзен-суды байлар билеп,  
Жер-суы нашарлардың кем болатын.

Бірінші ауыл қонысы Кіндіктаста,  
Әр атаның мекені басқа-басқа,  
Дау шешіп, билік айтқыш билері де,  
Кедейді зар қақсатқан еді шошқа.

Арқасын азап тесіп елдің ұлы,  
Ел-жұртын асыраған аштық жылы.



Халықтың қамын жеген солардың да,  
Ішінде кете барды қайғы-мұны.

Болыс боп Сұлтан залым алды бекіп,  
Нашарға билік құрды дүрілдетіп.  
Малын да, ақшасын да күшпен зорлап,  
Алатын қалың елді зар еңіретіп.

Аяздай Сұлтан бір күн қалшылады,  
Жұзінен жер өртердей зәр шығады.  
Мал бермеген жазаң деп көп кедейдің,  
Жазықсыз жонын тіле қамшылады.

Малыңның жеп жүргені менің жерім,  
Сол үшін бар мұлкінді аlam сенің!  
Егер де бас көтерсең, өңшең тобыр,  
Қан жұтып көресіндер ит көргенін!

Кедейдің қанын сорды Сұлтан байып,  
Халықтың өміріне уын жайып.  
Енді бұған беретін малымыз жоқ,  
Деді жұрт тас бекініп, әрі айбын қып.

Ауылдың ақсақалы Әлімжан шал,  
Жастарға атқа мінген айтты ақыл:  
«Қорқатын, күрмелетін дәнене жоқ,  
Малым жоқ деп бәрің де отырып ал!»

Ел-жұрты шалдың сөзін шықты қостап,  
Бермейміз деген сөзді берік үстап.  
Жүрқабай, Нұсіpbай мен Қырғызбайлар,  
Болысқа қарсы тұрды көпті бастап.

Сұрланды мұны естіп кәрі Сұлтан,  
Толғандай алабұртып көзіне қан.



Жиып ап дос-жаранын кеңес құрды,  
«Бұларды жеңіп малын қалай алам?».

Сұлтан наң айтқаны:  
Сұлтан, Сұлтан болғалы,  
Басыма бақыт қонғалы,  
Тұлпар міндім, ту алдым,  
Ата аруағы қолдады.  
Көп шуылдақ, көп кедей,  
Не қылсам, алам малынды.  
Құм қүюға көзіңе,  
Аямай салам барымды.

Көзім тірі түрғанда,  
Кемітпеймін басымды.  
Боздағын бордай етпесем,  
Жасайын жерге жасымды.

Ажалды қарға ойнайды,  
Ақиық қыран бүркітпен.  
Өңшең тобыр, сорлылар,  
Қай қырсық сені бұл тұрткен?!

Съезд шакыр, Құрманқұл,  
Жина жылдам билерді!  
Сұлтанның көрсін сойқанын,  
Тіkkіz жылдам үйлерді.

Шабармандар жөнелді бүйрық алып,  
Ат дүбірі барады құлақ жарып.  
Шоқпары, қылыштары санын ұрып,  
Бұрқырап жолдың шаңы тұр айналып.

Шабады шабармандар, жетуге асық,  
Жол тартқан тапсырма алып, сапар қашық.



Қала жоқ, поселке жоқ, ол заманда,  
Төтелеп асу асар, белді басып.

Шабарман келді жетіп Нұрбек биге,  
Би отыр сауық құрып шаттық күйде.  
«Старшын елу басын түгел ертіп,  
Кел», – деді, Қордайдағы кеңес үйге.

Қордайға жұрт жиылды қауырт келіп,  
Бәрі де Сұлтан сүмға берді ерік.  
Өтірік қуәліктер жазып жатыр.  
Қаралап көп кедейді пәле теріп.

Мөр басып, қол қойылды жала жауып,  
Біреулер айғақ болды ебін тауып.  
Бекенгे<sup>1</sup> барып, съезд ашпақ болды,  
Алмақшы әлсіз елді Сұлтан шауып.

Гулесіп болыс, билер шықты елге,  
Екпіні үй жыққандай сөйлегендеге.  
Лау мініп, жолай елден жүріп келед,  
Көресіні көрсетпек көп кедейге.

Шаптырды Жақсымбетті алдын ала,  
«Үй тігіндер осыдан бара сала.  
Тоқтаусыз мал сойылсын, съезд болады,  
Адалға қалмаса да жалғыз қара».

Жасауыл бүйрық алып елге жетті,  
Сабылтып мінген атын екпіндепті.  
Съездің болатынын хабарлады,  
Мұны естіп талайлардың есі кетті.

---

<sup>1</sup> Бекен — ру аты.



Былғаған би, болыстар елдің жүзін,  
Басынбасын! деді Әлімжан қадап көзін,  
Жалтақтап жалынатын дәнеңе жоқ,  
Сақ отыр, сайланып тұр! Осы сөзім.

Сөйткенше би-болыстар елге жетті,  
Қаһары жүртқа үрей сап, малды үркітті,  
Песірін, старшынын, шабарманын,  
Топ қылып осы ауылға ертіп кепті.

Тобырды зіл ой басты қозғалмайды,  
Қырғызбай ақыл бер, деп, айтты жайды.  
Әлімжан сөз бастады шарт жүгініп,  
Кеудеде буырқана кек қайнайды.

### Әлімжанның айтқаны:

Ұлықтан елім қорықпа,  
Дауыл болар жел болар,  
Қарғыс айтса ел-жүрті,  
Ұлықтың басы жер болар.  
Айға шапқан арыстан  
Аяғынан айрылған.  
Бір жерден бәрің табыссаң,  
Атағың елге жайылған.  
Жау қарасын санамас,  
Батыр жүрек соғысар.  
Ар мен намыс шын ердің  
Кеудесінде тоғысар.  
Қорқақты қусаң — ер болар,  
Көп түкірсе көл болар.  
Аруақ түбі жын болар,  
Барымта түбі құн болар.  
Тұман түбі жұт болар,  
Тұмау түбі құрт болар.  
Көл анасы жер болар.



Ер анасы ел болар,  
Ерегістен ер өлер,  
Зорлық қылсаң ел көрер.  
Тауды, тасты жел бұзар,  
Ағайынды сөз бұзар.  
Екі сойлекен елден безер,  
Екі жығылған жерден безер,  
Қолы білген үй түзер,  
Асқынғанды ел түзер.  
Дауға барсаң бірің бар,  
Жауға барсаң бәрің бар,  
Өншең ерім бас қосып,  
Көпке ақыл салындар.  
Әлімжан сынды атаңың  
Сөзін қабыл алындар!

Әлімжан айтар сөзден тартынбады,  
Айбаты назағайдай жарқылдады,  
Сұлтанның бар жаласын ашып салып,  
Зұлымды көзге шұқып қарқындалды.

Білдірмей сонда Сұлтан сарқылғанын,  
Қаба сөйлеп, төбеттей арсылдады.  
Шетіңен итжеккенге айдатам деп,  
Атарман, шабарманын шақырғаны.

Песірлер жазып жатыр протоколды,  
Айыпкер деп көп жүртқа атақ берді.  
Бекеннін, жеті ерін қойдай тізіп,  
Тал түсте бұғалықтап қөгендеді.

Бәрінің тартып алды мал мен мұлкін,  
Тұтқындалды ерлерді — елдің көркін.  
Сұр жылан Сұлтан отыр қанын тартып,  
Қарабет, қаражүрек азған шіркін!



Көзінен жігіттердің оты жайнап,  
Ашынды ыза буып, тісін қайрап.  
Бізді де тұтқындар деп құні ертең,  
Бір топ жас дайындалды қару сайлап.

Бұл қорлыққа шыдамай,  
Бекендіктер қайғырды.  
Қатын-бала зар жылап,  
Тау менен тас жаңғырды.  
Кемпір-шалдар кемсөндеп,  
Ақылдан танып мәнгірді.  
Жауыр болған жарлы елді,  
Есінен Сұлтан тандырды,  
Аянар бұдан жан жоқ деп,  
Ер-азамат сап құрып,  
Ұрыспаққа қам қылды.  
Би-болыс түскен ақ үйге  
Тастан жаңбыр жаудырды.  
Байлап алған жеті ерді  
Босатуға бұғаудан,  
Жиылған ел қам қылды.  
Сыйлағанды білмедің,  
Сөнген отты үрледің,  
Озің басып көрікті,  
Боздаққа салып бұғалық,  
Месқарын неге желікті!? –  
Деп Әлімжан ақырып,  
Болыс-биге төніпті.  
Байлаудан босап Нұсіпбай,  
Песірді алды жағадан.  
Актіні бер деп алқымдап,  
Қыса ұстады сағадан.  
Жасауыл жалтақ Жақсымбет,  
Тұспеген көзге манадан.  
Ерлердің түрін көрген соң,



Есі шығып залымның,  
Дей берді: «Құлдық, садаған!»  
Сұлтанды жығып сойылға,  
Бар қағазды Жүрқабай  
Отқа өртейді, шашады,  
Тұра алмай шыдап Жақсымбет,  
Атына міне қашады.  
Соңынан түсіп Нұсіпбай,  
Атына қамшы басады.  
Үрейленіп Жақсымбет,  
Қарамай зытты артына.  
Тоқтақул деген кедейдің,  
Тоғыз жасар баласы,  
Көзінің ақ пен қарасы  
Қалды аттың астында,  
Тіл тартпай кетті балғын жас,  
Бақадай аузын ашты да.  
Анасы қалды ойбайладап,  
«Көрінде өкір, Сұлтан» деп,  
Біреулер жүр айғайлап.  
Өкінді жүрт балага,  
Қосылды жара жараға.  
Арыз жазып ұлыққа,  
Шаптырды дереу қалаға.  
Елдің момын кедейін  
Ол кезде езді манаптар.  
Қағазға жазып берейін,  
Салмағын жүртүм қадақтар.  
Соқтығып қалды екі тап,  
Не болар арты көрейін.  
Істері кетті судьяға,  
Кім білсін заңның не дерін?

Ұлыққа пара берді байлар жағы,  
Ол кезде пара берсе көктер бағы.



Сөзі өтпей теңдік тимей кедейлерге,  
Қалатын айыпкер боп сынып сағы.

Әділдік, аяушылық бәрі малда,  
Сондықтан шағылмайды байлар тауы.  
Параны кім көп берсе, дау сонікі,  
Малымен сатып алар қолындағы.

Сұлтан, болыс күш қылып,  
Бөкенге маза бермеді.  
Ақылды туған Әлімжан  
Намыстан жарылып өлмеді.  
Барымтаға алды сұлтандар  
Көп кедейдің бар малын.  
Тұсынан өткен Бөкенді  
Сойылға жығып жерледі.  
Өшпендердің екі елдің  
Күннен-күнге өрледі.

Ұзамай сот та шықты ел аралап,  
Шешпекші елдің дауын істі қарап.  
Алдынан шабармандар лау айтисып,  
Жыландаі келе жатты жерді жалап.

Жол бойы қонақ болып бай мен бекке,  
Кенелді сот олжаға, мол құрметке,  
Тайпалған талай жорға жетектелді,  
Қалтаға ақша түсті аз ба, көп пе?

Сабылтып келе жатыр ызғарланып,  
Олжаға қоңлі өсіп, мейірі қанып.  
Ақ үйге аттың басын тірегенде,  
Қол берді Сұлтан шығып қарсы алып,



Пристав, судьялар бірге тұсті,  
Сұлтан барып олардың қолын қысты.  
Бағланның етін жесіп арақ ішіп,  
Бар жайды ашып айтып ақылдасты.

Бекенниң даулайтыны – кісі құны,  
Икемге ап Сұлтан отыр енді мұны.  
Дәрігердің қалтасына тай-түяқ сап,  
Аузын тығындады, шықпас үні.

Екі елдің келесі құн басын қосты,  
Не дер деп ұлық аузын Бекен тосты.  
Баланың көрін ашып көрмек болып,  
Бәрі де мола жаққа шұбырысты.

Олігін көрден алып көрді көзбен,  
Түяқтың таңбасы түр етін езген.  
«Өзі ұрып өлтірген» деп жазылды акт,  
Кім көрген мұндай сүмдү ардан безген?!

Бекенниң қолдан кетті енді күші,  
Халықты түршіктірді соттың ісі.  
Жүрегі Әлімжанның тілімденіп,  
Қайнады ыза-кегі, күйді іші.

Қисайды ұлықтардың қаламұшы,  
Күрсінді Бекендердің құрып мысы.  
Жауыздық үкім айтып ары жоқтар,  
«Тұтқындалсын, – деп жазды, жеті кісі».

Сол жерде Қырғызбайды байлап алды,  
Есіл ер қапияда қолда қалды.  
Астыртын хабарласып алты жігіт,  
Сол сағат ебін тауып көзден тайды.



Ұлықтың кетті бұлар құлқын сезіп,  
Кекті ашу шыдатпады жанын езіп.  
«Шешінген судан таймас» дегендейін,  
Жөнелді жортуылдағ жиһан кезіп.

Артында қалды зарлап қатын-бала,  
Зорлық, қорлық жүргегін еткен жара.  
Тау, тасты мекендерді тағы болып,  
Арман жоқ Сұлтананды өлсे жастыққа ала.

Кетті алып байлад, матап Қырғызбайды,  
Еш жерге сусындантып түрғызбайды.  
Бар денесі қөгерген таяқпенен,  
Көк желке есіл ерді бүрғызбайды.

Мысқылдағ құліп қояр өңшең бұзық,  
Мысықтай тышқан алған көрді қызық.  
Арпалысып ашу-кек көкірегінде,  
Қырғызбай қарап жатты көзін сүзіп.

Пристав маң-маң басып келді жақын,  
«Кім, – деді Қырғызбайға, сенің атың?»  
Жендеттер ұрып-соғып жазалады,  
Ош алды қан ағызып, қылмай рақым.

Кезерген кеуіп таңдай, еріндері,  
Кең дүние тостағандай көрінбеді.  
Ұрса да, сүйресе де, мыңқ етпейді,  
Қасарып ер жігері жеңілмеді.

Қырғызбай би-болысқа назаланды,  
Нақақ ер жазықсыздан жазаланды.  
Өртеніп ет жүргегі жатыр жанып,  
Қинады ел қайғысы мазаны алды.  
Толғанып іштен Қырғызбай,



Деді: «қайран елім-ай,  
Кіндік кесіп, кір жуған  
Кіндіктас атты жерім-ай,  
Қойнында туып ержетіп,  
Ерке өскен күнім-ай.  
Тоқсандағы атам-ай!  
Сексендегі анам-ай!  
Сүйген жарым аман бол,  
Тап болды маған ұзақ жол.  
Колоткаға қарылды,  
Екі аяқ пен екі қол,  
Кетпесін кегім жауымда,  
Бар тілегім менің сол.  
Тауға сіңген серіктер,  
Кеудедегі тынысым.  
Басы бос олар ерікті ер.  
Белін бекем бұынсын.  
Кек шыңдаған ақ семсер  
Жау қанына жуылсын.  
Бізге де нұрлы күн туар,  
Зорлық құрып дүниеден,  
Әділет пен шын туар.  
Жарлының жоғын жоқтайтын,  
Дүйім елден үл туар».

Он бес жылға сотталып,  
Қырғызбай кетті Сібірге.  
Өзегінде от жанып  
Өмірі өтті Сібірде.  
Он жылды сонда өткізді,  
Есінен қалмас өмірде,  
Қараңғы түрме, тар қапас,  
Қасірет құйды көңілге.  
Қырғызбайдың достары  
Мекендері тау-құзын.



Таудың тасын жастанып,  
Төсөніп жатты көк мұзын.  
Алысқан жаумен аңдысып,  
Көрмеді он жыл ел жүзін.  
Байлардың малын айдап ап,  
Күн сайын сол боп азығы.  
Құғын көрді ұзақ жыл,  
Болмаса да жазығы.  
Алты батыр кетті алыс,  
Көрінбеді жауына.  
Олар барып бекінді  
Қырғыздың Алатауына.  
Ат-тондарын сайлады.  
Қаруларын қайрады.  
Патшаның тақтан тұскенін  
Естіп олар шаттанып,  
Таң жақын деп ойлады.  
Елді езген жауыздың,  
Талайын ұстап байлады.  
Белдесер күн бар ма деп,  
Қазандай іші қайнады.  
Лениннің естіп атағын,  
Жұздері нұрдай жайнады.  
Жер мен көкті сілкінтіп,  
Он жетінші жыл келді,  
Бостандық таңы арайлап,  
Теңдік деген үн келді.  
Әлемге жайып шұғыласын,  
Лениндей күн келді.  
Ұлы Октябрь толқынын,  
Ту астынан ел көрді.  
«Азаттық!» деген асыл сөз,  
Жетті лезде халыққа.  
Ленин дана жетелеп,  
Шығарды елді жарыққа.



Қуаныштан нәр берді  
Аштар менен арыққа.  
Қашқын болған батырлар  
Үңгірден шығып бой жазды,  
Қанат қақты шабыт та.  
Өздері келіп қосылды,  
Қызыл өскер тобына.  
Қарсы тұрды қарумен,  
Бай-манаптың жолына.  
Қашқандарын қағып ап,  
Таstadtы өлім торына.  
Бастарын тікті батырлар,  
Большевиктің жолына.  
Халықтар кегін, ызасын,  
Би-болысқа оқтады.  
Үстем тапты жапырып,  
Кигізді оған ноқтаны.  
Жауының сағын сындырып,  
Кеудесін кере алды дем.  
Ел-жүртіна қосылып,  
Дүниені көрді кен.  
Қырғызбайды еске алып,  
Деуші еді бәрі: «тірі ме екен?»  
Айтайын соның хабарын,  
Сібірде аман жүр ме екен?

\* \* \*

Қырғызбай Сібірге кеп тұрақтады,  
Үйренгенше ауасы шыдатпады.  
Қол-аяқтың бұғауы алынғанмен,  
Аңы терін мандаидың құрғатпады.

Саны жоқ сапырылысқан қалың халық,  
Бәрі де барған екен жер аударылып.



Грузин, украин, армян, орыс,  
Башқұрт пен татар да жүр күйіп-жанып.

Солардың мекені екен бір кең арал,  
Ішер ас, көрген бейнет ес тандырап.  
Жайсызың-ақ жатар орын, киер киім,  
Ұлықтар тұтқындарды итке балар.

Сөзіңде құлақ аспас арыз айтсаң,  
Аш жатқызар, ауырып ерте қайтсақ.  
Күндік нормаң бітпесе, ол бір бәле,  
Бәрекелді демейді тас қайнатсаң.

Осылай өтіп жатты жылжып өмір,  
Серпілмейді тас басқандай ауыр көңіл.  
Қырғызбай шыдап бақты қындыққа,  
Ер еді еңіреген болат-шымыр.

Жиырма адам бір бөлмеде жататұғын,  
Бір үстелден бәрі дәм тататұғын:  
Кей күні тіл қатыспай ұзақ таңға,  
Кейде таң керіспенен ататұғын.

Баяндап үстем таптың саясатын,  
Андрей ортасында сыр айтатын.  
Жолында бостандықтың жан құрбан деп,  
Қызған жүрт тұс-тұсынан шуласатын.

Қырғызбай үндеңдейді ойға қалып,  
Кей күні үйықтамайды таңға талып.  
Жазықсыз жаралының бірі өзі,  
Андрейдің айтқаны айдан анық.

Зорлық, қорлық бәрі де өтті өзінен,  
Көрді бәрін бұлтартпай өз көзімен;



Сырын айтып ақтарады Андрейге,  
Бір өділ жан тапқандай жержүзінен.

Кедейлер байдың құлы есіктегі,  
Ешбір жан оның мұңын есітпеді,  
Болса егер етің тірі бас көтерер,  
Жіберер итжеккенге айдал сені.

Ағынан ақтарылып сыр айтылды,  
Екі достың арасында жыр айтылды.  
Сенімі серік болды бір-біріне,  
Жұздерінде туыстық шырай тұрды.

Қосылды тілегі де, жүрегі де,  
Не істесе де бұлардың күйі бірге.  
Жасырын үйым болып үйымдасты,  
Қарайды бір әйнектен келер күнге.

Оянды Қырғызбайдың ой-санасы,  
Өзгерді дүниеге көзқарасы,  
Дос болды құшақтасып Андреймен,  
Екі ұлттың от жүректі екі жасы,

Қанатын жая берді жасырын үйым,  
Талқылап тұтқындардың ауыр күйін,  
Әр ұлттан мүше болды өзі қалап,  
Көрмек боп өмірінің тартқан сыйын.

Андрей сол үйымның жетекшісі,  
Кеңейді етек алып үйым ісі.  
Лениннің ұлы сөзі устав болып,  
Сілкінді тұтқындардың жігер-құші.

Айлардан ай өткенде,  
Бостандықтың ұраны



Тайгаға да жеткенде.  
Андрей мен Қырғызбай  
Айсыз тұнгі жұлдыздай  
Кеудеде сенім-шырағы.  
Айдалып келген қырыға,  
Әр үлттың өрен боздағы  
Шыныққан көніп қынға,  
Жігер, намыс қоздады.  
Белдерін буып аттанды,  
Жауға кекті қозғады.  
Хабар алып астыртын,  
Патшаның білді түскенін.  
Дүниежүзі сілкініп,  
Патшалықтың өшкенін.  
Күле қарап күн туды,  
Жаулардан кек алынды.  
Талқандалды тар қапас,  
Ерлер тордан босанды.  
Теңдік туын көтеріп,  
Мұздай темір құрсанды.  
Көрген азап өткен-ді,  
Мұңды жері тайганың.  
Қайта ғұлдеп көгерді,  
Ардагері әр елдің,  
Шықты үзіп көгенді.  
Барлық тұтқын босанып,  
Елдеріне жол тартты,  
Соның бірі – Қырғызбай  
Андреймен бір тартты.  
Келе жатыр дем алмай,  
Сабылтып олар қос атты,  
Жолда жүрді тоғыз ай,  
Талай-талай күн батты.  
Ақыры жетті еліне,  
Туып-өскен жеріне.



Тұған жердің топырағын,  
Тесіне басты Қырғызбай.  
Домалаған ыстық жас,  
Омырауын жуғызды-ай.  
Кеткеніне елінен,  
Болған екен он жылдай.  
Орынборға келген соң,  
Андреймен қоштасты.  
Бірге болып он жылдай,  
От-жалындай бір-бірін  
Ыстық көрді, өйткені,  
Тар кезеңде достасты,  
Ұлы орыстың баласын,  
Ағасындаі сыйлайды.  
Андрейді Қырғызбай,  
Кетерінде қимайды.  
Еліңе бар да, тез орал,  
Өзің талай айтушы ең.  
Алда талай асу бар,  
Бізді аңдыған дүшпан көп.  
Бостандық келмес тектен-тек.  
Тамырын жаудың жоғалтпай,  
Кеудеден шықпас ыза-kek.  
Таппен таптың тартысы  
Дауылды күнгі жанған өрт.

Қолын қысып қоштасып,  
Қала берді Андрей.  
Пойызбенен көп жүрді,  
Жетті еліне Қырғызбай.  
Алып үшты жүрегі,  
Көктемнің самал желіндей.  
Астына мінген атының  
Тежемей басын жіберді.  
Елең қағып жануар,



Ұшқан құстай жөнелді.  
Қос құлағы қамыстай,  
Мойны кез, сағақты,  
Тіci ұзын қарыстай,  
Соза тартқан тамақты.  
Асқар таулар, кең дала,  
Гүрілдеп аққан өзендер,  
Барын жайған алдынан  
Анасындай туған жер.  
Қырғызбай кенет таңғалды,  
Сағынып келген ауылының,  
Қаңырап жатыр қонысы.  
Соғылған өмір-дауылдың,  
Тастаған ізі мұнысы.  
Білмей қайда баарын,  
Аңтарылып түрғанда,  
Көзіне түсті бір кісі.  
Сәлем берді Қырғызбай,  
Жақын келіп қасына.  
Ақ сақалды қарт адам,  
Таяққа түр асыла.  
Келесің қайдан шырағым,  
Кім болады сүйегің?  
Мен көрмеген баласың,  
Әлде құда, жиенім?  
Солдатпысың әлде сен,  
Үстіңе киген сүр қаптал.  
Жүрісінде бір гәп бар,  
Екенін ойым түйіп түр.  
Әлде адал ұлымсың,  
Елдің тұзын шын ақтар.  
Шошынбайды қарт жаным,  
Жөнінді айтшы, шырағым.  
Алпыс екі тамырым  
Сені көріп иіп түр.



Атынан түсіп Қырғызбай,  
Қарттың келді жанына.  
Сәске түстің кезі еді,  
Шағылады күн нұры,  
Шық моншағын тағынған  
Сақалының ағына,  
Қырғызбай жөнін айтқанда,  
Жас баладай кемсөндеп,  
Көз жасы кетті ағыла.  
Бұл баяғы Әлімжан  
Құшағын жайып жүгірді.  
Дауысына болайын.  
Болаттан берік жігерлі.  
Жасымадың жауыңнан,  
Басынды байлап дауына.  
Аман келдің, адал ұл,  
Ақ басты Алатауыңа,  
Айтатын саған сырым бар,  
Ардагерім, құлақ сал.  
Алды-артыңа қараши,  
Төрт жағы құбыла кімдер бар?  
Сен кеткелі еліңнен,  
Тұып-оскен жеріңнен.  
Талай дүние өзгерді.  
Өзгергенін көз көрді.  
Сені өсірген ата-ана,  
Сенен қалған жас бала,  
Сені сүйген аруың,  
Қаза болды, жасыма.  
Байлардың тиіп сойылы,  
Бір үйдегі төрт жанның,  
Бәрі де жерге қойылды.  
Жұқ ауырын нар көтерер,  
Нардан да күшті ер едің,  
Белінде бекем байлағын,



Айбының күшті сен едің.  
Би-болыс, патша жеңбеген  
Жиһангер батыр сен едің.  
Қайғының бұлтын тілетін  
Найзағайға тең едің.  
Келе ме деп, қарағым,  
Жолыңды тосып жүр едім.  
Откен іске оқінбе,  
Атыңа мін, бекін де.  
Ығысып барып ел отыр,  
Балықты Балқаш шетінде.  
Байлардан барып кегінді ал,  
Қолың жетті енді оқімге.  
Жолыңа жаным, бозқасқа,  
Алдымға тұс те, ел баста.  
Женімпаз туын жеңістің,  
Шайқалдырмай нық ұста.  
Азаттық күні жарқырап,  
Нұрын шашты Шығысқа.  
Елің тірі тұрғанда,  
Зар болмассың туысқа!  
Деп Әлімжан тоқтады,  
Туған жерін сағынған  
Қырғызбай көріп қуанды,  
Үй ішінің өлімі,  
Жанына, бірақ, тым батты.  
Кегі үшін солардың,  
Туған елдің, өзінің  
Жауын түгел талқандап,  
Құртуға бекіп серт етті.  
Басшы қылып Әлімжанды,  
Ауылын іздеп жол тартты.  
Белін бекем буынып,  
Қамшылай түсті боз атты.

1916—1947жж



## **ЖАМБЫЛ – ЖЫР**

Жамбылды Жамбыл десем, кім білмейді,  
Олеңнің ордасына кім кірмейді.  
Елу жыл ертіп жүрген ардақты ата,  
Домбыраң құлағымда күмбірлейді.

...Бір күні Жамбылды ойлап қиялдадым,  
Көз ілмей төсегіме сыя алмадым.  
«Кененжан» дейтін сөзі еске түсіп,  
Озімді-өзім сөгіп ұялғаным...

Ақтауға парызымды домбыра алдым,  
Ойланып шырмауықтай он бұралдым,  
Жан Жәке, қартайсам да жырым ширақ,  
Басыма саған біткен қонды бағың.

Бүйірмай тәуір көлік, тәуір тағам,  
Өнерді беріп еді тәңір саған.  
Ақынның бүлбұлы, – деп бүл Жәкенді,  
Көрген ел Жетісуда таңырқаған.

Жамбылдың арғы атасы Екей дейді,  
Екейдің ақыны көп екен дейді.  
Сүйінбай көген алмай олең алып,  
Олең сөз сол өлкені мекендейді.

«Екейде елу ақын, сексен бақсы,  
Ел жинап Сарыбайы болған жақсы».  
Ертеден ел аузында осы сөз бар,  
Кененің содан бастап толғанбақшы...



Ұлы жұз ұлағат қылған Сүйінбайды,  
Өлең-жыр Сүйінбайсыз бүйирмайды.  
Ақындар Сүйінбайды атамаса,  
Баяғы басқан ізді шиырлайды.

Ұстазы Сүйінбайдың – Қабан ақын,  
Ұлы жүзде бас иген тамам ақын,  
Нағашысы Жалайыр Қабан-ды деп,  
Жамбыл атам айттын маған атын.

Атағы үлкен адам Қабан жырау,  
Жамбылдың айтқан сөзі есте түр-аяу.  
Жиені Сарбас ақын сөйлерінде,  
Әдеті – мұрттын қағып құлақ бұрау.

Сүйінбай сөйлерінде мұртты қаққан,  
Өлеңнен он екі взвод мылтық атқан.  
Сөйлесе жаман ақын жұрт алдында,  
Жанына Сүйінбайдың қатты батқан.

Үйреніп содан біздің Жамбыл өскен,  
Жамбылың сара жолда даңғыл өскен.  
Сол ақын жапан түзде ғасыр бойы,  
Баршамен бал-шекердей дәмді үлескен.

Дүниеде Жамбыл сыры жан сырымдай,  
Енді мен соны айтамын жасырынбай.  
Біреуге бұл өлеңім көне сарын,  
Біреуге бұл өлеңім балшырындай!



## **ЖАМБЫЛДЫҢ БАЛА КЕЗІ**

Ал, Жамбылға келейін,  
Ақбөкендей желейін,  
Домбырамды бүрайын,  
Неге қарап тұрайын,  
Ұстаздығы бар еді,  
Сый-құрметін қылайын.  
Жападан туған баланың,  
Жамбыл еken кенжесі.  
Көп болыпты еркені  
Айтқаныңа көнбесі.  
Шаруаға қыры жоқ,  
Малға қарап түрі жоқ,  
Балалармен ойнаса,  
Ұрыспай келген күні жоқ.  
Өзгелер айтса өр кеуде,  
Озінше бір міні жоқ.  
Молданың тілін алмайды,  
Мал жаюға бармайды.  
Алпыстай ала жылқы бар,  
Басқа малы болмайды.  
Таң атқаннан күн батқан  
Тай мінуден талмайды.  
Софан да көңіл толмайды.  
Жылқыға Жамбыл бармайды,  
Жылғадан үшқан торғайды,  
Жыр қылып Жамбыл толғайды.  
Сүйінбайдың аулына,  
Қашып кетіп келмейді.  
Сарыбайдың аулына,  
Асып кетіп келмейді.  
Ораза шалдар қазыны,



Алдына жасап қойғанда,  
Ала қашып бермейді.  
Жабыла атпен қуса да,  
Тасқа шығып өрлейді.  
Алдап-сулап шақырса,  
Қайсар бала конбейді.  
Мұны көрген Сүйекен,  
Тентегіңе тиме деп,  
Жабайға да аңғартты,  
Сонан кейін бұл Жамбыл,  
Сүйінбайдан қалмапты.  
Қара ала құнан бәсіресін,  
Бала Жамбыл таңдалты.  
Мініп алып, ел кезіп,  
Сүйекемді жандапты.  
Қасына ертіп Жәкенді,  
Сүйекен солай саулапты.  
Қаза қылыш бастан-ак  
Бес уақыт парызды,  
Бұл азаптан құтқар деп,  
Құдайға айтып арызды,  
Жас күнінде бұл Жәкен,  
Тентек болған тәрізді.  
Оз көзіммен көргем жоқ,  
Онда бірге жүргем жоқ,  
Анадан туып болғам жоқ,  
Ел айтуы осындай,  
Ел сөзінде жалған жоқ.  
Жас кезімде естуші ем,  
Өз әкемнен Жамбылды,  
Өлең-жырға даңғылды.

Жамбыл — Жәкең аттарын,  
Кекірекке жаттадым.  
Шөже, Тұбек, Біржан сал,



Саралардың атын да  
Жаттап алмай жатпадым.  
Майкөт ақын, Бақтыбай,  
Құлманбет пен Сүйінбай  
Асыл сөзін құптағым,  
Басқаларын ұқпадым.  
Бәрін қайдан білейін,  
Қасқараудан ол кезде  
Қашық жолға шықпадым,  
Ақындармен айтсысып,  
Жығылмадым, жықпадым.



## **ЖАМБЫЛДЫ БІРІНШІ КӨРГЕНИМ**

Бірінші аттанғанда алыс жолға,  
Алыптын жұлдызыымды сәтті онға.  
Еркебай ертіп барып қырғыз жаққа,  
Босатқан бозторғайды түскен торға.

Кедейлер кешіп жүрген зар заманда,  
Әріңі ақындардың тар заманда,  
Сұлудың күннен көзін жасыратын  
Бай-манап, би-болыстар бар заманда.

Сол тойға ат жетер жер бәрі барған,  
Тай ақын, тарлан боздай кәрі барған.  
Ол кезде түбіт иек Кенен едім,  
Өнердің айқындығы дарып алған.

Жамбыл да осы тойға келген еken,  
Жел сөзге айтудағы мерген еken,  
Зар болып бір көруге жургенімде,  
Тәңірім тілеуімді берген еken.

Kісі еken алпыс жасты алқымдаған,  
Салдықтың самалымен салқындаған,  
Домбыра ап төңірекке қарағанда,  
От болып екі көзі жарқылдаған.

Ауызда айтар сөзі іркілмеген,  
Ақынның дер шағы еken бұл күн деген.  
Ақырып домбыраны сабаганда,  
Шіркіннің екі иығы бұлкілдеген.



Шабытын айғай салып шақырарда,  
Адамдай езу тартып бір күлмеген.  
Сөйлесе досын мақтап, қасын даттап,  
Нөсердей дүркін-дүркін дүркіндеген.  
Бір жырды ақ боз үйде төгіп салды,  
Ағайын, қазақ, қырғыз жұртым деген.  
Қызынса қияғынан мұртын жеген...  
Дулатып қаумалаған халайықты,  
Түк емес сөйлеп кетсе бір тұн деген.

Ақында алынбаған батам барын,  
Білсем де ә дегендे бата алмадым.  
Жаюлы дарқан жатқан дастарқанның,  
Еркіндең дәмін сірә, тата алмадым.  
Еркебай, бері кел, — деп шақырғанша,  
Аузында өзге жүрттың аталмадым.  
Көрдім мен ертеңіне Жамбыл ақын,  
Сыйлыққа ақ жабулы ат алғанын.

Көргенде мына-сынды кәрі бозды,  
Ақынсып жүргендердің бәрі безді.  
Жеті күн желіккенде қайран ақын,  
Қайда да қалың топты жарып озды.

Мен түрдым әрі ойланып, бері ойланып,  
Кете алмай тентек қойдай шыр айналып.  
Тәуекел, барайын деп белді будым,  
Сөз басын енді Кенен құрайды анық...

Халықпен қаумалаған араластым,  
Жақындал бірте-бірте қадам бастым.  
Әдеппен алдына кеп тізе бүтіп,  
Қолымды төске қойып амандастым.



Көнерген өлеңіммен енді қазір,  
Сондағы көргенімді сала алмаспын.  
Алды да сәлемімді қарап тұрып,  
Жылы жұз ықыласпен мойын бұрып: —  
«Қарағым, қай баласың?» дегеннен-ақ,  
Тастады аш құмарды тойындырып.

Мен айттым баламын деп ашылмаған,  
Тастағы жауқазындаі аршылмаған.  
Дулаттың бір атасы Қасқараудан,  
Өлеңге бай болса да барсынбаған.

Кебекбай, Ноғайбайды айтып бердім  
Күліктей топтан озып аршындаған,  
Өмірде өлең қуып жүрмін дедім,  
Алмаймын ақ орданы алтындаған.

Ж а м б ы л:  
Кешегі анау боз үйден,  
Шыққан дауыс сен бе едің?  
Бөдене мен тұрымтай,  
Бұққан дауыс сен бе едің?  
Бұркіт болсаң боларсың,  
Үлкен екен шеңгелің!

«Кенен-Кенен» деп жүр ғой елдің бәрі,  
Осы тойға жиналған жас пен кәрі.  
Сәлем берсөң, қарағым, сәлемет бол,  
Бабалардың балаға көшкен нәрі...

Ақындық Ораздан да үзілмеген,  
Сарбас, Әлмен бар ма еді біз білмеген?  
«Бабаның батасынан» деген нақыл,  
Жас жүйрікті жарамас тізгіндеңен.  
Құдай сені сақтасын кесірінен,



Жар бағатын жапалақ, құзғын деген. —  
Досың болсын Алатау аспанында,  
Қыран құстай шырқаған қызығынды өлең..

Бұдан соң ақпан менен аптап ыстық  
Кезінде қыс табыстық, жаз табыстық.  
Айтыстың неше түрлі аңыздарын,  
Екеуміз талай жерге тастап ұштық.

Жарлының құрметіне құлдық айтып,  
Байлардың сараңымен аз таныстық.  
Дұшпанмен неше түрлі жағаласып,  
Жар сүйдік, қанды көйлек дос та құштық.

Қырғыздың қысырының тайын жедік,  
Балқаштың жағасынан жайын жедік,  
Қанып ап Хан-Тағының қымызынан,  
Кегеннің кепесінің майын жедік.

Жер дауын, жесір дауын көргендіктен,  
Бәріне қосып соның уәйім жедік.  
Жұбатып жұт жылдары жұртмызды,  
Нағашы, жиен дедік, қайын дедік.



## **ЖАМБЫЛДЫҢ ЖЕЛДІРМЕСІ**

Желдірмесі Жамбылдың,  
Жел соққандай таң қылдың,  
Екіленіп екпіндең,  
Қарасақал желпілдең,  
Тізелері селкілдең,  
Желген аттай дүрсілдең,  
Желмаядай бұлкілдең,  
Жермен бірге зіркілдең,  
Келіп жатқан секілді.  
Ахай шіркін, шіркін! – деп,  
Таңдағына тамғандай,  
Жыр тізбегі біртіндең.  
Жалғыз өні желдірме  
Жақсы болсаң батыл деп,  
Қорқақ болсаң сатыл деп,  
Қожаңдаған күштіге  
Қорғасындей атыл деп,  
Сорғалаған қырандай,  
Бөктердегі бөріге  
Төне жатқан секілді.  
Аяғының астында  
Төре жатқан секілді,  
Алынбаған алдында  
Төбе жатқан секілді,  
Асқар-асқар тауларда  
Шыңдар жатқан секілді,  
Айтылатын халыққа  
Шындық жатқан секілді,  
Желкесінен қиылар  
Сүмдар жатқан секілді.



\* \* \*

Жамбылдың бірге жүріп сырын алдым,  
Үлгісін, өнегесін жиып алдым.  
Болсақ та Шапырашты, Дулат екеу,  
Ат қинап ауылымнан жиі бардым.  
Бөлмеді сөзімізді екеуміздің,  
Бізде жоқ, өзгеде бар күйі малдың.

Біз айтсақ, біздің сөзге ересіңіз,  
Екеуміз ескі жырға төрешіміз,  
Өнердің тұнығынан қалқып алып,  
Екеуміз келешекке бересіміз.

Айтамыз соның бәрін өлеңдетіп,  
Жалпыға Жамбылдатып, Кенендетіп,  
Қатыгез, қаны суық байлардың да,  
Қоямыз құлақтарын елеңдетіп.

Күні-тұн сол жүрістен байқағаным,  
Қадірлеп балапандай шайқағаным.  
Жамбылдың бір мінезі мақтанбайды,  
Бой тартып сайысудан сақтанбайды.

Қажырлы қайратынан қайрақ істеп,  
Ұскірік борандатып, ақпандайды.  
Әжュー-қалжыңға да қапелімде  
Шап етіп шауып қалар қақпандай-ды.  
Ағат сөз айтып қалса ағайынға,  
Жұтынып жұрт алдында ақтанбайды.

Бір сөзден әділ айтқан танбайтұғын,  
Өмірде адалдықты тандайтұғын.  
Жақпаған, жақтырмаған адамына,  
Сараңнан да сараң боп тамбайтұғын.



Тағы бір қасиеті тарихының;  
Адамды алғаш сөзден танитуғын.  
Көргенде жалбаңдағыш жағымпазды,  
Қанжардай өткір тілді жанитуғын,  
Қатты құрт, қара шайдан ниет қылса,  
Қарық боп соған түгел жаритуғын.  
Сенгіш еді досына, ауырғанда,  
Ем болып айтқан сөзің даритуғын.  
Омірден жазатайым опық жесе,  
Бір күнде бір жылғыдай аритуғын.

Бала көп, бәрін сүйіп құшатуғын.  
Жетімсіз тұрмыс шіркін қысатуғын.  
Аңшының жақтырмайтын жата қалып,  
Күнгейден күнәсі жоқ құс атуын...

Тапқанын көп балалар талапайлап,  
Үлесіп алушы еді алақайлап.  
Жәкенді бүткіл екей «тәте» дейтін,  
Құрметпен ағайындар атын байлап.  
Жамбылдан үшан-теңіз көргенім де...  
Үйренген толып жатыр өрнегім де.  
Қайсыбірін жазамын дарындының,  
Менің миым жетпейді менгеруге.  
Жәкенді жастайымнан төңіректеп,  
Әйтеуір жүре бердім елпелектеп.  
Сол Жәкең шығарғандай енді ойласам,  
Өзімді өрден-өрге жетелеп кеп.

Көрген сайын Жәкенді,  
Күліп қайттым жадырап.  
Сүтке тойған қозыдай,  
Бөгіп қайттым маужырап.  
Шежіредей таратып,  
Елді аузына қаратып,



Көроғлыны айтқанда  
Көз ілмейтін таң атып.  
Алпамысты толғаса,  
Жұрттың көзін қадалтып,  
Қатаған мен Сүйінбай  
Айтысқанын заулатып,  
Білмесе де-ақ бір әріп,  
Жыр теңізін тулатып,  
Қомдаушы еді қанатын.  
Домбырада қүйші еді,  
Күйші атанбай жыршы еді.  
Көп білетін ескі сөз,  
Түгесілмес сыршы еді.  
Дарынды ақын дүр еді,  
Атағы зор ер еді.  
Ататегін үш жүздің  
Он саусақтай біледі.  
Қырғыздардың атасын  
Мұдірмей айтып береді.  
Әңгімені шерткенде,  
Табылып сөздің керегі,  
Құмарыңа құятын  
Адамның асыл қорегі.  
Тарыққанға пайдалы  
Тапқыр ойы бар еді.  
Толқи топқа түскенде,  
Тайпалмаған пар еді.  
«Жолда жүгін қалдырmas»  
Жалғыз өркеш нар еді.  
Жамбыл аты — жыр еді,  
Аш-арықтың — ары еді.



## **ПАТШАНЫҢ ТОЙЫНДА**

Жамбылдың бір ниеті Алматыда,  
Болмайды үйде қарап шал жатуға.  
Жәмшіктер ұлықтасып күн-түн демей,  
Тынымсыз қара жолды шандатуда.

Үй тігіп, би-болыстар бекет сайын,  
Керекті салтанаттың бәрі дайын.  
Жасауыл жарқылдатып сары қылыш,  
Салады ел басына сары уайым.

Знакты болыстардың омырауы,  
Ызғарды қыратындей елдің жауы,  
Пөуеске құйындартып үш ат жеккен,  
Қорқыныш хабаршысы — қоңырауы.

Көрінер ондағы ұлық бура тұсті,  
Немесе қабан қияқ, қасқыр тісті.  
Солардан шекпен киген бай-болыстар,  
Жазықсыз қыл мойыннан бас қырқысты.

Солардың әмірімен ел жиылды,  
Төменгі ой, жоғарғы төс, бел жиылды.  
Ортасы жеті оядың Алматыға,  
Халықтың қазынасынан сел құйылды.  
Патшалық үш жүз жылға толыпты деп,  
Ұран салып үйтқытты жел-құйынды.

Бұл тойға ақындарды тегіс жиған,  
Болыстар қалмай кел деп бүйрық қылған.  
Баяғы Еркебайым жүр деген соң,  
Қордайдан сол думанға бірге барғам.



Ұясын ұлықтардың көргенім сол.  
Көз тұнған көп жыныға әкелді жол.  
Таңғалдым біреулердің пейіліне,  
Ақылсыз арақ ішіп-жегенге мол.

Шауып жүр болыс-бiler ақ ту байлап,  
Пристав, ояз деген одағайлап,  
Старшын стражник, жасауылдар,  
Қорқытар бұқараны қойдай айдал.

Талтаңбайлар таңдаулы үйге қонды,  
Қазан асқан от жаққан кедей сорлы.  
Қатар тіккен ақ үйлер дөдегелі,  
Қолы жеткен ұлыққа құмар болды.

Тоқашты сонда көрдім өткір шоқтай,  
Жайнаган екі көзі жанған шоқтай.  
Аққұба, орта бойлы ширак жігіт,  
Мазасыз мамадағы аттай жүйрік,

Ертіп жүр жандаралдың қатын-қызын,  
Татқызып қазақ үйдің дәм мен тұзын.  
Аралап ақ үйлерді тамашалап,  
Орысша судай ағып айтар сөзін.

Тоқашты бай-манаптар, би-болыстар,  
Байқасаң козқарасы сырттап үстар.  
Шаруа кедейлер мен мұжықтарын,  
Тоқашты төніректеп жүр байғұстар...



## *ТОЙ БАСТАЛДЫ*

Ыбырайым Жайнақұлы той бастады,  
Губернатор, ояздар ойқастады.

Қақанов, Қалыгүл мен Төлембайлар,  
Мұсақан, Қыразалы жолдастары.

Құмда мен Беларықты тамаша етті,  
Сары ала шіркеу жаққа үйлер тікті.  
Қыз қуды, көкпар тартты, құстар салды,  
Ат шауып балуанды балуан жықты.

Көшемен көш жүргізді, жылқыны айдал,  
Түйеге кілем жапқан ақ ту байлап.  
Жанаса көш-жөнекей қыз-бозбала,  
Айтысты қазақ салты қатты айқайлас.

Келеді батырлар да көшті жанап,  
Дүрбі алып ұлықтар түр тамашалап.  
«Жау шапты!» — Сол уақытта аттан салып,  
Сонымен ту-талақай кетті тарап...

Артынан ақындарға кезек келді,  
Жайнақов қайрап жатыр өjetтерді.  
Ол келіп ортамызға «үғып ал», — деп,  
Патшаның ататегін сөйлеп берді.

Үш жұз жыл Романовтар тақта, — деді,  
Тұқымын құдай, өзің сақта, — деді.  
Жиналған Жетісудың ақындары,  
Патшаның қасиетін мақта, — деді.



Ақындар бір боз үйде отыр бәрі,  
Айнала өлең тыңдай жас пен көрі.  
Ішінде ең ұлкені Жамбыл екен,  
Сол бұрын мақтау керек патшаларды.

Атақты Ырғынбай мен Бармақ ақын,  
Шөкітай, Өмірзактай жарма ақын.  
Атақты Садық, Шарғы, Жолдыбайлар,  
Тағы да әлденеше тарлан ақын.

Қырғыздан Халық пенен Оспанқұлдар,  
Ішінде Сәрсендердей күлдіргіш бар.  
Жамбылға жасы ұлken деп берді кезек.  
Ақынның серкесіндей ұзын өзек.

Қаумалап алды халық айналаны,  
Тартқанда домбырасын безеп-безеп.  
Бір бөлек таңырқап түр ұлықтар да,  
Жіберді жыр бұлағын Жамбыл көсеп.

Ж а м б ы л:  
Атам батыр Қарасай,  
Ағам ақын Сүйінбай,  
Петроград, Алматы,  
Бір жылдық жол арасы-ай.  
Патшаның қуын қараши-ай!  
Өзі келмей істеткен  
Айдалаға тамаша-ай.  
Қазақ пенен қырғыздың,  
Табақ-табақ еті мен  
Тойғызып жатыр сабасы-ай.  
Өңшең ұлық өгіздей,  
Біз бұзау мен танаңы-ай.  
Бай-манаптан басқаға  
Бұл той отыр жараспай.  
Бұқаралар бүрсендеп,



Ет асып жүр жанаспай.  
Патшаның тойы бұл болса,  
Жоқ-жітікке қараспай,  
Неменесін мақтайын,  
Ағзам патша адасты-ай!  
Алексей мен Николай,  
Бәрін айтып тараспай,  
Сүйек көрген төбеттей  
Теңгесіне таласпай,  
Шаппайтұғын болған соң,  
Бекер босқа таң аспай.  
Ертерек елге қайталық,  
Жұртқа керек өлеңді  
Ауылға барып айтальық.

Жамбылдың мына сөзі болды қиын,  
Тарқамай тұрған кезде думан-жиын,  
Жамбылды халық мақтап, болыс боктап,  
Ақыры адалдықтан алды «сыйын».

Тік тұрып ұлықтардың төбе шашы,  
Сықырлап қазақ үйдің босағасы,  
Жамбылды жайлап келіп айдал кетті,  
Табылмай қой деп айтар арашашы.

Зәресі көп ақынның ұшып кетті,  
Қолдағы домбырасы түсіп кетті.  
«Николай! Алексей!» деп шулай бердік,  
Жаңғыртып ағаш үйді, жер мен көкті.

Ішінде сол айқайдың мен де бармын,  
Құрғырдан құтылғанша ынтызармын.  
Қорыққанның бір белгісі дауысым күшті,  
Көтеріңкі әнменен жерді жардым.



Байтал түгіл бас сауға, быт-шыт болдық.  
Тұрымтайдан тығылған шымшық болдық.  
Жамбыл шалдан айрылып әрқайсымыз  
Бөденедей бұлкілдеп жым-жырт болдық.

Жәкенді ел жиылып сұрап апты,  
Кес-кестеп арашаға тұра қапты.  
Жамбылдың ақындығы, батырлығы,  
Әйтпесе болар еді бір абақты...



## ҰЛЫ ОКТЯБРЬ НҰРЫ

Ұлықтар у жыландаі елді шақты,  
Талайды дарға асып, көзімше атты.  
«Өлер бала молаға қашады» деп,  
Ақырында ел соның өзін шапты.

Қызыл ер талқандады алтын тақты,  
Езілген еңбекші елге нұр таң атты.  
Ленин бастап большевик батыр шығып,  
Жалпақ елге жалынды жыр таратты.

Жақсылық бірте-бірте жақындарды,  
Шақырып Алматыға ақындарды,  
Жандосов, Бәрібаев — жас жігіттер  
Қарсы алып сөзімізді мақұлдады.

Еркіндік енді жырға түлға деді,  
Қызыл ту, орақ-балға — туған елім.  
«Ауыз аққа, ау атқа» еркін жетіп,  
Көнілі кедейлердің тынған еді.

Жамбыл бар, баяғы ақын бәрі келді,  
Көктем бейне көгертті сары белді;  
— Бұрынғы ұлықтар жоқ, жаңа басшы,  
Жайдары жас жігіттер бәрі де енді.

Біз жаттық үй тіктіріп бақ астында,  
Ақынның сонда білдік бағасын да.  
Таспенен атқылайтын бұзықтар жоқ,  
Жайладық өзен, бұлақ жағасында.



Ағайын жүрттың бәрі кішіпейіл,  
Жүзінде көрінбейді ешбір зейіл.  
Ақындар құрмет көріп жата бердік,  
Тамаша күні-түні құрып сейіл.

Ол кезде бір аталған қазақ, қырғыз,  
Қозыдай жамырасып бірге жүрміз.  
Жиналыс неше күндей болады деп,  
Құлақты жақсылыққа түріп тұрмыз.

Ашылып ақырында күткен жиын,  
Отырдық тамашалап бақыт үйін.  
Тезірек кезегімді берсе еken деп,  
Шабыты ақындардың алақұйын.

Жас жігіт көпке қарай жүре келді,  
Жымылп миығынан құле келді.  
Жай бастап, бірте-бірте қыза сойлеп,  
Жүйріктей көсілді де, жүре берді.  
Еріксіз еріп-балқып бар денеміз,  
Лұпілдеп алыш-ұшты жүрек енді.

Шекелі, өткір көзді, жауырынды,  
Батпандалап көтерердей ауырынды.  
Жас жігіт беделімен, сөзімен де,  
Барады елжіретіп бауырымды.

Әуелі түсіндірді большевикті,  
Құттықтап, қол үрғызды барша қөпті.  
Баршаға жарық сөule Ленин деді,  
Ленинің күн деп білдік сол себепті.

Қысқартып айтып тұрмын жалықтырмай:  
Қаша ма қараңғылық, жарық тұрмай?!  
Жамбылға ондай сырды қойған емес,  
Озінің зерек, білгір жаны үқтырмай.



Сөйледі Жәкең қырғыз, қазағына,  
Көп бидің көнбедім деп мазағына...  
«Тойында ақ патшаның тарттым жаза,  
Жазықсыз статья — күнө, жаза».

Жамбыл және сөйледі,  
Сөйлегенде бүй деді:  
«Жетіл, Жамбыл, жетіл», – деп,  
Ет жүргегім елпілдеп,  
Көмекейім бұлкілдеп,  
Енді қартың сөйлейді  
Ескен желдей еркінде.  
Қырғыз, қазақ еліне,  
Түгел барып, төркінде,  
Кең Ресей жеріне,  
Кете берем біртінде...

Осылай ұзақ жырды бастап еді,  
Біздерге сөз аяғын тастанап еді.  
Сол жиын неше күндей жыр толғатып,  
Алатау биігінен асқан еді.

Қайтарда қағаз алып елімізге,  
Қол қойып, совет мөрін басқан еді.  
Ел-жүртқа білген сөзді біз айтқанда,  
Ленин деп ел сауатын ашқан еді.

Шу, Қастек, Балқаш бойлап, Іле келіп,  
Халықтың жырға қостық тілегенін,  
Шау тартып қалған шығар деп жүр едім,  
Жамбылдың сонда көрдім түлегенін.

Айтыста топтан мойны озып айтты,  
Жырларын бір жетіге созып айтты,  
Өтеген, Сұраншыны дастан қылып,  
Халқының қаһармандық сөзін айтты.



Зар-мұндан азат болған заманада  
Кайнардың жаңа ашылған көзін айтты.  
Қынаптан ақ қылыштай сурылған,  
Ақынның өткір сөзді өзін айтты.

Патшаның жеті атасын жерге тығып  
Елдегі бай, молданы езіп айтты.  
Сабалап жалғыз атты, сарша тамыз  
Кезінде жер-дүниені кезіп айтты.



## **ҰЗЫНАҒАЛЛАҒЫ ӨСТЕПКЕ**

Үкімет орнаған кез табан тіреп,  
Кедейлер үйымдасып қосты тілек.  
Құлақ пен бай, манаптың жер-суына,  
Есеп боп еңбек етті құшті білек.

Жарлы жұрт қолда барын ортаға сап,  
Артельдер жерге үрды кетпен-күрек.  
Аталған өстепке деп Бірінші май,  
Тап жауын танып қалды жарлы-жақыбай.

Байлардың ақ үйлерін көшіріп кеп,  
Жарлыға туғызатын думан жағдай.  
Жыл сайын жұз үй тігіп қатар-қатар,  
Төрінде жылқышы мен қойшы жатар.

Сол күндер әлі есімде бүгінгідей,  
Шабыттың шағы еді сол думандатар.  
Би-болыс ол күндерде жылқы бақты,  
Қой сойып, қымыз тасып, бебеу қакты.

Ет асып, самауырға ағаш жарып,  
Бәйбіше бәйек болып, отын жақты,  
...Ортаға желбіретіп қызыл туды,  
Қазақтар көше тартып тікті үйді.  
Бұл тойды тәртіпті қып өткізуге,  
Жеті адам қолдан сайлап алдық «биді».

Мәскеу мен Түркстаннан уәкіл келді,  
Бірінші аэропланды қөзім көрді.  
Сондағы қайран қалған халықтағы,  
Жеткізіп айта алмаспын сезімдерді.



Соколов, Баскотский жарқын жұзді,  
Көктен түсе күшактап бәрімізді,  
Аспандияров, Қожанов құттықтады,  
Мерекемен жасымыз, көрімізді.

Тап сонда ревком боп сайланған — мен,  
Ақжүрек белсендіге айналған ем,  
Байлардың алты ақ үйін жылқысымен,  
Шулатып сойыс қойын айдаған мен.

Тағы да ақындардың бәрін жигам,  
 Жел сөздің неше түрлі нәрін жигам.  
 Басқаның бәрі келді, Жамбыл ата,  
 Қалайша ат аяғын бұдан тыйған?...  
 Деу керек қой енді оған:  
 «Құлдық, құлдық»  
 Хабар тимей қалыпты, кейін білдік.  
 «Шал қайда?», – деп Жандосов сұрағанда,  
 Құдай ұрып сөз таппай біз қысылдық.

Кеш болса да жібердік ат шаптырып,  
 «Алмай келме!» дедік біз қақсан тұрып.  
 Хабаршыдан шығыпты Жамбыл бұрын,  
 «Ұзын құлақ» жүйріктен жылдам жүріп.  
 Естен кетпес сондағы ұялғаным,  
 Тас төбeden біздерді құдай ұрып.

...Ат мініп келген Жамбыл қатуланған.  
 Асығыс жолда неше асууды алған,  
 «Мен де ақын!» десе әлгі милиция,  
 Кіргізбай Жамбыл тағы ашуланған.

Сол жерде Жамбыл тұрып айғай салған,  
 Оленін барлық үйде құлақ шалған.  
 Құллі ақын шуылдасып жатыр еді,  
 Жым болдық «сыбаға» алып бір-ақ шалдан.



Үкіметтік қонақтар шуылдастып,  
Ентелеген Жамбылға есік ашып,  
Кірген сәтте жіберді-ая, қайран ақын,  
Бұырқанған олеңге басып-басып.

...Жамбылға елдің бәрі қарап қалды,  
Сақалын саусағымен тарарап қалды.  
Ақынның аңы даусы үдеген соң,  
Ас пенен жай-жайына шарап қалды.

Ау! Мен – Жамбылмын, Жамбылмын,  
Қара жолдай даңғылмын.  
Күңіреніп күн-түні  
Жалғыз қалып қаңғырдым.  
Қатар-құрбы қадірлес,  
Замандасты сағындым.  
Қатаған мен Кебекбай –  
Мақамдасты сағындым.  
Көкте жүзген күміс күн,  
Аппақ айды сағындым.  
Қалдырмайтын тойынан  
Ноғайбайды сағындым.  
Кедейлерді жақтамай,  
Байға қашан жағындым?!

Болысқа қашан бағындым?  
Бой бермей жүріп оларға,  
Бостандығым сағындым.  
Күткен қүнім туғандай,  
Құрметім мен олжамнан  
Не себепті қағылдым?!!

Жас ақындар қасында,  
Дудар шашың басында.  
Сиыр баққан, тас өртеп,  
Әкелерінді білуші ем,  
Ораз бенен Жұбаныш,



Торқалы тойға шақырмай  
Мен сендерге нағылдым?!..  
Жігіттерде әдеп жоқ,  
Қыздарында сәлем жоқ,  
Сондай ұл-қыз көргем жоқ.  
Әйтеүір жас екем деп,  
Көк қояндай секенден,  
Өзім айтып жүргем жоқ.  
Ленин – батыр большевик,  
Келсе екен деп, аңсап ек.  
Сол айтар деп күтіп ем,  
Өзің тойды баста деп,  
Үйретті ме сендерге,  
Шал-кемпірді таста деп?!..

Ақындар бәрі шошып шуылдасты,  
Мына шал сотталар деп дуылдасты.  
Сырттағы қалың халық қаптап кетіп,  
Әрең деп аптығы мен буын басты.

Еркебай үстай алды домбырасын:  
— Жамбыл-ау, бүйтіп кімді ондырасың?!  
Қой енді, даалаға шық, демінди ал,  
Қарт адам қақсай берсең, болдырасың.

Жандосов қонақтарға мойын бұрып,  
Орысша айтып жатты ұғындырып.  
Ал, енді, үлкен жаза қылады деп,  
Барлық ел қорқып қалды буыны құрып.

Жамбылды атпақ түгіл, айдаған жоқ,  
Артына екі қолын байлаған жоқ.  
Ақындар әсіресе өсек қылып,  
Жамбылға жақсылықты ойлаған жоқ.



...Таңертең елу қойды айдап кетті,  
Ат мініп, екі түйе байлап кетті.  
Жамандаған Жамбылға көп мал берді,  
Көп ақындар көре алмай арыз етті.

Көп ақын гуілдеді соны көріп,  
Өкпелеп өкіметке қағаз беріп.  
Күн-түні большевикті мақтасақ та,  
Қалдық қой, – деді бекер тезек теріп.

Қырқысқан қыстақ-ауыл ақындары,  
Жамбылды жамандасып жатыр бәрі.  
Илияс Жансұгіров сонда отырып,  
Өсекті қаңылтырдай жапырғаны.

Жарыста жүйрік неге тоқырайды,  
Өрмекші ауды бекер тоқымайды.  
Олжаны Жамбыл алмай кім алады,  
О бастан сүйген жарлы-жақыбайды.

Айтқанда жан тебіренді замандасын,  
Төккендей білген адам көздің жасын.  
Ақындар, ақсақалды сөз етпендер,  
Ежелден үлкен жейді қойдың басын.

Өлеңге Жамбыл артық, әнге Кенен,  
Су жорға Үмбетәлі — қара дөнен.  
Төреші басшыларға рақмет,  
Жамбылға өкпелемей олжа берген.

Жамбылдың сүйсінді де ерлігіне,  
Сый-құрмет тарту етті енді, міне:  
Жандосов, Бәрібаев үндеңген жоқ,  
Ойлашы, тарлығы ма, кендігі ме?..



Бұл сөзін Ілиястың үғып алдық,  
Үққан соң төмен қарай бұғып қалдық.  
Әйтеуір адап ақын енді қымбат,  
Бәрібір – ертең алдық, бүгін алдық.  
Ендігі байлық-ырыс ел қолында,  
Не жөн бар сұрап-тілеп сұғынарлық?

...Қонақтар қош айтысып қайтып кетті.  
Құшақтасып ырзалық айтып кетті.  
Көненің қуәсі деп қектем-заман,  
Жамбылдың жанын солай байытып кетті.



## **ЖАМБЫЛДЫҢ ТҮСІ**

Сен барсан, Жәкең кейде құрыстайтын,  
Ондайда келмедің деп ұрыспайтын.  
«Қонақтар асығыс!» — деп, шай қамдатып,  
«Жолыңнан қалмағанды» дұрыстайтын.

Бір жылы жаз жайлауы — төске бардым.  
Жәкеңе сәлем бере түсте бардым.  
Бұл жолы көңіл бір көл-дария,  
Жолы сол қозы жейтін қонақтардың.

Себебін кейін білсек, тұс көріпті,  
Тұсінде таңғажайып іс көріпті.  
Ақынның өз аузымен айтуынша,  
Көрген тұс бір ғаламат күш беріпті.

**Ж а м б ы л:**  
Тұсімде күн қоныпты жерге дейді,  
Жалыны жан шыдатпай елге дейді.  
Жиналып жержүзінің адамдары,  
Күнді қолмен ұстаяға келген дейді.

Ұқпаған жан-жануар шуылдан жүр,  
Аспандың құс қанаты суылдан жүр.  
Шыдамай күн лебіне, жан сауғалап,  
Айдаңар көл-тенізден су ұрлап жүр.

Халық жүр ұстаймыз деп күнді айналып,  
Құжынап құмырсқадай айқай салып,  
Үйіме жапқан үзік қап-қара еді,  
Жүгірдім сол үзікті жүлап алып.



Құшақтап үзігімді мен де айқайлап,  
Қалың жұрт маған қарап тұрды абайлап.  
Бас салдым бардым дағы жалын күнді,  
Ақырып бар дауысыммен Қарасайлап.

Ұстаған ұлы күнді үзікпенен,  
Бола ма бұдан артық қызық деген!?  
Жүгірдім үйге қарай көтеріп ап,  
Балқыды қорғасындаі қызып денем.

Таңырқап тұрған халық ерлігіме,  
Бастады өз үйіме енді кіре!..  
Төріме күнді әкеліп орнатып ем,  
Ай қонды жайып қойған терлігіме.

Сондықтан күнге талас кеше кеште,  
Құдайы ажал жетті ақ серкешке.  
Ет жеген шал-кемпірлер айта кетті,  
«Жақсылық бар еken деп ерте, кеш пе».

Біз айттық ақындық деп сүтпен біткен,  
Әншейін тұс емес деп өткен-кеткен,  
Бар дедік ғылымда да тұске кірмек —  
Арманың, аңсағаның көптен күткен.



## **1934 ЖЫЛЫ СЛЕТ**

Келіпті Алматыға Затаевич,  
Қазақтан ән-күй жинап жүрген білгіш.  
Бір мыңнан аса жазған нотасына,  
Сарыарқа, Орал жақта істеп жұмыс.

Халқымен ақылдасып Қазақстан,  
Жинаған өнерпазды әрбір тұстан.  
Ақындар, әнші, күйші, әртіс, биши,  
Оң мен сол, күнбатыс пен күншығыстан.

Маңғыстау, Орал, Гурьев, Қызылорда,  
Ақындар Ақтөбеден шықты жолға.  
Көкшетау, Баянауыл, Қостанайдан,  
Келгеннің бәрі жүйрік, бәрі жорға.

Оңтүстік Алатаудың айналасы,  
Жетісудың кеп жатыр кәрі-жасы.  
Жамбыл да жалғыз атпен сонда келді,  
Ішінде үш жұз ақын қариясы.

Мирзоян, Исаев пен Жүргеновтер,  
Қабылдап ақындарды ұсынды төр.  
Сексеннен асқан ата Жамбылға да,  
Кез келді жақсылықтың ісін күтер.

Пенсия боп ықыластың алды келді,  
Сауын, сойыс қажетке малды берді.  
Сыйлықтардың сыйлығы деп айтарым,  
Партия жыр бұлағы — шалды көрді.



Алысқа аты шыққан Жамбыл болды,  
Қайда да оның жолы даңғыл болды.  
Алатай биғінен шырқап үшқан,  
Бақ құсы шаңырағына көмбіл қонды.

Жәкеңмен бірге бардым астанаға,  
Баяғы Жәкең маған бастан аға,  
Торт бөлдім түн үйқымды бір вагонда,  
Анадай көніл бөлген жас балаға.

Жәкеңнің сонда айтқаны:  
«Кенен шырак,  
Білейін бір жөнімді сенен сұрап,  
Бақыттың бақшасына шынымен-ақ,  
Ұшыртып әкеле ме мынау пырақ?»  
...Жайларды жұрт білетін бұдан әрі  
Айта алмас келістіріп Кенен дағы,  
Москва, Кремльді, Мавзолейді,  
Жырлаған Жәкең өзі менен де әрі.

Жалғыз-ақ, осы жерге қосатыным:  
Білмепті осыншалық озатынын.  
«Сен қайдан шықтың-ай?» деп нүқитүғын,  
Үстінен Жамбыл деген өз атының.

Куланып өлеңімен құйылмалы,  
Сөйлесе жұрт езуі жиылмады.  
Қонақ үй, асханада, машинада,  
Қайда да қалжың сөзі тыйылмады.

Калинин оған орден таққан шақта,  
Халықтар құтты болсын айтқан шақта:  
«Шылдырмақ» тағатүғын қызы болдым ба,  
Одан да ақша берсе мақтаншаққа”.



«Бәріңе берер едім үлестіріп,  
Екі есе аламын,— деп,— жыл өсіріп,  
Әй, бірақ, қағаз, күміс ақшалардай  
Қалмайтын шығар, — деді бұл ескіріп».

Жас жандар шалдың созін көріп қызық,  
Ақшаға сатыңыз деп бізге үзіп.  
Қайраса қайран ақын домбырасын,  
Сабалап жөнелетін қатты қызып.

Есіктен Күләш рүқсат сұраушы еді,  
Шал оған сығырайып қараушы еді.  
Еркелеп атасына аяулы қыз,  
Сақалын шаштай созып тараушы еді.

...Ол сапар ұмытылмас ешқашан да,  
Шалдарды жер қойнына тастасақ да,  
Арада аттай ғасыр мезгіл өтіп,  
Бізден соң басқа дәуір бастасаң да.  
Көрінді көп халықтан дос та сонда,  
Үндемей өз үйімде осы күнде  
Отырам сол күндермен бас қосам да.  
Москва, қасиетіңнен айналайын,  
Олсем де мен сенімен қоштасам ба?!



## **ЖАМБЫЛ ТОЙЫ**

Күнде той, күнде қызық Жамбыл ауылы,  
Жаңғыртты ән менен күй Алатауды.  
Тоқсанда торқа киіп жорға мінді,  
Партия мен үкімет алып қаулы.

Жамбылды тегіс білді жердің жүзі.  
Әлемге үлгі болды айтқан сөзі.  
Күнде бір асыл жырын елге оқытты,  
Сәулелі шам жарығы күннің көзі.

Жамбылға он бес бөлме сарай бітті,  
Алтыннан төбесіне орай бітті...  
Жантайып жатып кейде Жамбыл ата,  
Артықша келер таңнан арай күтті.

Жырының жетпіс бес жыл тойын тойлап,  
Сол тойға жүз биеден желі байлап,  
Саны жоқ ақ үйлерді қатар тігіп,  
Бақ ішін ат шаптырым алдық жайлап.

Ел-елден одақтағы қонақ алдық,  
Той жайлы жержүзіне хабар салдық.  
Тойынан он патшаның асып түсті,  
Бұл емес жай әншейін тасығандық.

Қазақтың өнерінің тойы дедік,  
Мерейдің көкке жеткен бойы дедік.  
Қазақтың азат болған замандағы  
Теңізден тереңірек ойы дедік.



Сол тойдың көрсетпеген қызығы жоқ;  
Жалғыз-ақ жан біткеннің бұзығы жоқ.  
Жандарал, пристав жоқ, ақындар бар,  
Сыйлыққа Кенен, Нартай — бәрі де тоқ.

Қалжынмен қарт ақындар шалысады,  
Тапқырлықпен жорғалық салысады.  
Қонақтардың козінше Жәкең, Дина,  
Қыз-жігіттей үстасып алысады.

Жараспай ма онымыз, жараса ма,  
Біз түсеміз қызығып «арашаға».  
Сонда Жәкең айтқаны: қартайсақ та,  
талмай жеткен екенбіз «тамашаға».



## **СОЛ ТОЙДА ҚЫРҒЫЗ ЖЫРШЫЛАРЫНЫҢ АЙТКАНЫ**

**Х а л ы қ а қ ы н ы:**

Бұғы-сайлы елден келдім,  
Қошқар-жұмқал жерден келдім.  
Ата, сізді үққанменен,  
Алтын жүзінді көрмел едім.  
Шертпегімді тағынып келдім,  
Сірә болмаса нағылып келдім.  
Қазақ пен қырғыз туысқан,  
Өмілдірік-құйысқан.  
Кенехан мен Орманхан,  
Надандықтан ұрысқан.  
Мынау жорға ат әкелдік,  
Ер-тұрманын сап келдік.  
Жамбыл ата, мініп ал,  
Белге домбыра іліп ал.  
Достық жолды біліп ал.  
Тоқсанда торқа орандың,  
Мәскеу барып нұр алдың.  
Ақ қалпақты қырғыздың,  
Атынан сәлем жырладым.  
Құтты болсын тойыңыз,  
Халық ініңнен қол алғын.

**Ә л і м қ ұ л а қ ы н:**

Ау, Жамбыл, алып атамыз.  
Саяңызда жатамыз.  
Тоқсанда топтан озғанға  
Құтты болсын айтамыз.



Жамбыл ата-бабамыз,  
Біз де сізге баламыз.  
Тоқтағұлдың атынан  
Бұлғын ішік жабамыз.  
Ақ қалпағын киіп ап,  
Айнаменен қараныз.  
Бізді өзіне санаңыз.  
Сізден үлгі аламыз.  
Қазақ, қырғыз бауырлас,  
Қатар жатқан ауылдас.  
Бірге кешіп, бір ішіп,  
Бір ниетіңе үйымдас.  
Қызды беріп, қыз алып,  
Құлай сүйссе қарындас,  
Берекелі «бесбармақ»,  
Аулымыздан айрылмас,  
Киген киім кең етек,  
Мінген аты бауырлас,  
Ата, Жамбыл, риза бол,  
Тойға жырым асыл тас!



## **ЖАМБЫЛДЫ ҚОНАҚҚА ШАҚЫРУ**

Қордай мен Красногор қатар жатқан,  
Ол кезде қосылған жоқ әр тараптан.  
«Жамбылды алып кел», — деп екі аудан ел  
Жұмсады сонда мені екі жақтан.

Райком Степанов машинасын,  
Берген соң ерінейін енді несін.  
Шофері қара жолмен бүркүратып,  
Болғанда жетіп бардық кіші бесін.

Жамбылға сәлемдесіп құрмет етіп,  
Көрген соң алтын жүзін қолын тұтып,  
Отар да шақыра кеп отыр екен,  
Отарды алсақ дедік сөзбен ұтып.

Таластық үш ауданның адамдары,  
Бәрінің таласқаны Жамбыл кәрі.  
Жүргенде көк есекпен көрмеген шал,  
Бұл күнде басқан ізі болды дәрі.

Дауластық жүгінісіп Жамбыл қартқа,  
Шулаймыз жүре көр деп біздің жаққа,  
Жәкенді ертіп кетсек, сол мәртебе,  
Отырмыз жетердей боп бір мұратқа.

Жан-жаққа Жамбыл ата қарап алды,  
Сақалын салалап бір тарап алды.  
Барамын Қасқарауға Қордайдағы,  
Мақұл де қалғандарың тарағанды.  
Балалар, өкпелемей елге барып,  
Мен үшін бір тістендер қара нанды.



Мақтанып Жәкенді елге алып жүрдік.  
Жолшыбай «Тік шырқауға» салып жүрдік.  
Жолшыбай шалдың көзін ала беріп,  
Шампанға мұрттың шетін малып жүрдік.  
Тойы еді Ұлы Октябрь сол бір кезде,  
Ақ жауын қүйып түрді алтын күзде.  
Қордайдың кезеңінде алдымыздан  
Ақ боран «сәлем» бере шықты бізге.  
Қордайдың асуының сайтаны бар,  
Аса алмай ақ бораннан қайтары бар.  
Екі әйел үрысқанда қарғыстары  
«Мұзбелде мұздап өл» деп айтарты бар.  
Жамбылды қоршап алдық жауратпасқа,  
Машина тіреліп түр бір қойтасқа.  
Жартыбай Сатышпенен дірілдеп түр.  
Есендік-саулық тілеп қара басқа!..  
Екеуі ант ішеді бұл асудан,  
Екінші қадам басып құламасқа.  
Тұсында тұтеген сол әбігердің,  
Жамбылдың бір ерлігін тағы көрдім.  
Бірауыз сөз айтпады тоңса дағы,  
Көрсетіп көсемдігін нағыз ердің.  
Боранға қарсы келер қандай мықты,  
Ондайда сақтаған жөн сабырлықты.  
Дүлейге амал таппай тарыққанда,  
Кенет бір алдымыздан дабыр шықты.  
Жәкенді қарсы алғалы шыққан екен,  
Шанаға екі торы ат парлап жеккен.

Жүрерде Жамбыл айтты Жартыбайға:  
«Қажет, — деп қайрат барда азап шеккен».  
Әзілін қосып айтты Сатышқа да,  
«Тарыдай тар қазанда шикі бөккен».

«Машина, — деді, — өрге келді тартып,  
Кененнің шөлмек-шыны, затын артып.



Алдынан ақ бораным қарсы алғанда,  
Боп шықты бәрінен де атым артық.»

...Хатшысы райкомның үйінде екен,  
Үйінде бізді күткен жиында екен.  
Алды да сұық қолын сығып-сығып,  
Қолға алды домбыраны біздің Жәкең...

Ж а м б ы л:  
Атақты Қордай, Сұлутөр,  
Жайсаң жайлау, қоңыр жел.  
Ұлы Октябрь нұр құйып,  
Ие болды еңбекші ел.  
Ленин көсем жеткізді,  
Ақ алтынды төккізді,

Мал-бастары өркендер,  
Түрлі астық еккізді.  
Жарымай жүрген жалшыға,  
Жау басынан тепкізді.  
Еңіреп жүрген кедейді,  
Қозыдай сүтке бөккізді.  
Жасасын Ұлы Октябрь!  
Көңілден қайғы кеткізді.

Аптадан кейін ақын қайтып кетті,  
Халыққа рақметін айтып кетті.  
Ат мінді, шапан жапты колхозшылар,  
Бұл өнірге өмірінде үш-торт кепті.

Еліне қайта апардым Жамбыл қартты,  
Сыйлады елі дағы мені қатты.  
Кененнің әнін тыңдал қайтамыз деп,  
Екейде ел ағылып келіп жатты.



## ***КӨРКЕМЖАН ТУҒАНДА***

Отыр едім үй алды төбесінде,  
Ән-күйдің мініп алып кемесіне.  
Жарқ етіп Жамбыл өзі келіп қалды,  
Болсайшы келер деген тегі есімде!

Қарсы алдым сәлемдесіп, құшақтасып,  
Қуанып бүкіл халық дабырласып.  
Ауылдың ақсақалы, басшысы да,  
Шулады Жамбыл, Жамбыл, Жамбылдасып!

Үйіме Жәкең келіп, кеште тұсті,  
Ұмытпасам, дәл сағат бесте тұсті.  
Әуелі соны айтайын, шал келгенде,  
Баяғы бір әңгіме еске тұсті.

Кез болғам Алматыда Жамбыл шалға,  
Өлген жылы Базар, Назар... Амал бар ма?  
Ішінде мал базардың бір топ адам,  
Құлақ сап отыр екен ақын салға.

Ақын сал ат, құнанға баға беріп,  
Саудагер, сүйყітардан әбден жеріп.  
Кеткелі отыр екен... жарқ еткені,  
Қайғыдан жүдеу тартқан мені көріп.

Ж а м б ы л:  
Өзіңнің мойның қылқыып,  
Атыңның бұты тыртиып,  
Әжептәуір жігіт ең,  
Қалған ба саған тіл тиіп?!  
Ер жігіт десем, ез құсан,



Мойып қапсың сылқыып.  
Қой, ойлама уайым,  
Туарыңды үрайын,  
Тағы да табар жұбайың,  
Түбін берсін құдайым!

...Өкпелеп қалып едім тымырайып,  
Жамбылға бұл несі деп қыңырайып.  
«Дос жылатып айтады, қас күлдіріп»,  
Деді, — Жамбыл, — саған нар қомы лайық...

Сөйткен шал өзі келді өркен жалғап,  
Көрімдік беремін деп Көркемжанға.  
Айнала үй іргесін түріп тастап,  
Ел толыпты көз салып көрсем манға.

**Ж а м б ы л :**  
Кененім, келіп қалдым қуанған соң,  
Түйғының үйрек-қаз бен қу алған соң.  
Келінжан, бата берем, қолыңды жай,  
Құдайдан өлгеніңе құн алған соң:

Құтты болсын Көркемің,  
Осе берсін өркенің,  
Кененнен тудым дейтіндей  
Ұлы болсын өлкенің!  
Жігіт болып жеткенше,  
Бетін қақпа еркенің,  
Өзі болсын өскенде  
Қой бастайтын серкенің!  
Фашық етсін қыздарын,  
Қордай, Шу мен Меркенің.  
Құрметіне сәбидің  
Елім берді домбыра,  
Екі күндегей шертемің!



Олең сөзге Кененді  
Қызық тойда қыздырып,  
Қаз дауысын сыйзырып,  
Өз соңымнан ертемін.  
Әлі тойды бастаймын,  
Аман болса, балалар,  
Бүгінім мен ертеңі!

Айтқанындағы екі күн тойды үзарттым,  
Жинап алып барлығын жас пен қарттың.  
Ат-шапан өз алдына... сонда атаға  
Олең мен жүргегімді сыйға тарттым!



## **ЖАМБЫЛ ЖАТЫП ҚАЛҒАНДА**

Жамбылдың жасы жүзге тақалған-ды,  
Мезгілден қарттығы да “ақы алған-ды”  
Қарттыққа екі беттен етті беріп,  
Мұрты мен селдіреген сақал қалды.

Жамбылдың жатып қалған мынау жайы,  
Жүректің жүқарған соң ылди-сайы,  
Отанды отты соғыс жайлағанда,  
Ақынның соған кеткен Алғадайы.

Алғадай неше дүркін жауға шапқан,  
Ерлікпен көзге түскен қалың топтан.  
Ақыры, кескілескен бір айқаста  
Ақынның қайран ұлы қаза тапқан.

Зіл батпан шаңырақ пен керегенді  
Басса да, көңіл айтпақ керек енді.  
Үкіметтің үлкен-үлкен өкіліне,  
Мұқтар, Сәбит, Фалилар ере келді.

Баласының қайғысы қатты батқан,  
Нәр татпай, бір тіл қатпай ақын жатқан.  
«Ескі дос, тілін тапса сол табады,  
Кененді алдыrsaқ» деп ақылдасқан.

Шілденің күні жанған оттай ыстық,  
Асығыс біздің үйден бір шай іштік,  
Сәбитжан мініп келген машинамен,  
Екеуміз елден шыға құстай үштық.



Не дерге білмей келем асып-сасып,  
Сәбитпен алдым біраз ақылдасып.  
Келеміз ақыл айтып қырсықтырмай,  
Өзіне шағынуды мақұлдасып.

Бұл бізді сынға салар бір іс дедік,  
Жамбылды сақтап қалсақ, ырыс дедік.  
Ақылға өз аузынан сөз сұранып,  
Ескіше егілгенді дұрыс дедік.

Қиялап Басбатырдың өріменен,  
Дегерес, Қозыбасы беліменен.  
Киікті күмбезінен Шиен асып,  
Таң ата зорға жетіп келді Кенен.

Көрістік бауырым-ай деп шуылдасып,  
Тезекбай, Сатыштармен құшақтасып.  
Бой бермей үйдің ішін кернеп кетті,  
Халықтың көрі-жасы дуылдасып.

Төсекте Жамбыл жатыр теріс қарап,  
Екі-үш күн тاماқ татпай аттай жарап.  
Келгендер Кенен сөзін естіміз деп,  
Аумакты үйге сыймай алды қамап.

К е н е н:  
Ау, Жәке, көпті көрген батырымыңың,  
Қайғырып Алғадайға жатырмысың?!  
Пендеge бұл жалғанда өлім рас,  
Тағдырдың сөгесіз бе қылған ісін.

Кім күшті, дүниеде, құдай күшті,  
Жұзге дейін көрдіңіз талай істі.  
Миуалы бақ ішінде дарақ едің,  
Бір жемісің жел соғып жерге тұсті.



Сен тұрмасаң, береке бізден қашты,  
Түгесіп те бітірдік көзден жасты.  
Қарасай бабаң шейіт емес пе еді,  
Атаң батыр Шапырашты көтер басты!

Басыңда бағың түгел, елің аман,  
Құдайға қарсылығың жарамас-ты.  
Бұл жатқан төсегіңнен сен тұрмасаң,  
Жүректі жазылмастай жара басты...

Көтерді басын сонда төгіп жасын,  
Зорға отыр қалтақтап,  
Жұрты жатыр аруақтап.  
Келіні Күлән көзден жас бұлады:  
«Ас — адамның арқауы» деп сұрады.  
Жәкең тамақ ішті! — деп Сәбит сонда,  
Телефонның құлағын көп бұрады.

Сонда қайта сөйледім,  
Сөйлегенде бүй дедім:  
Ассалаумағалейкүм, Жамбыл ата,  
Атағың жержүзіне даңғыл ата.  
Мен келдім өтінгелі Қасқараудан,  
Жұртыңды жұбатқандай қам қыл, ата!  
Алғадайдың артында Қуаныш бар,  
Артында өз көзіндегі алтын сақа.  
Бұл сөзді мен айтпасам кім айтады,  
О бастан өзіңізден алған бата.  
Үкімет сізге нұрды жауғызып түр,  
Атыңды барша адамға жайғызып түр.  
Мәскеуден тамақ, киім, түрлі заттар,  
Пойызбен керегінді алғызып түр.  
Сойысқа колхоз, совхоз мал жеткізіп,  
Қымызға тоғыз бие сауғызып түр.  
Сәулетті он бес үйге он бес кілем,



Жиһаздың бәрін төсеп салғызып түр.  
Сол үйдің айналасын бау-бақшалы  
Қырық түрлі жеміске малғызып түр.  
Талайдың жампозы өлді, қай біріне  
Үкімет көңіл айта барғызып түр...  
Тойлайтын жеңіс туын желбіретіп,  
Уа, Жәке, алдымызда бар қызық түр.

Мінсе деп көк машина жұлқынып түр.  
Мінсе деп күрең жорға сілкініп түр.  
Алғадай Отан қорғап құрбан болды,  
Отанның көңілі үшін орныңдан түр!..

Орнынан осыдан соң түрдү қартың,  
Біздерге көп айтпады сырды қартың.  
«Алғадай, Алғадайлап» деп ертелі-кеш,  
Сенделіп бақ ішінде жүрді қартың.

Жұз де жетті, жүрек те солғын соқты,  
Бірте-бірте тоқтатты жырды қартың.  
Көнерген көздерінен оқыдық біз,  
Тоқсан жыл тоқтамаған жырдың артын.



## **СОҢҒЫ СӨЗ**

Жамбылды өлді деуге ауыз бармас,  
Сүм ажал көрінеу келіп бауыздамас.  
Тұған соң топыраққа қайтады әркім,  
Қара жер қайсымызбен ауызданбас.

Адамға аз жас емес жұз жыл деген,  
Қуармыз басқан ізді білдірмеген.  
Олмесе ата-баба қайды кетті,  
Мәңгіге ешкім тегі бір жүрмеген.

Жұз жасқа Жамбыл ата келіп кетті,  
Жеңісін Ұлы Отанның көріп кетті.  
Сүйінші сұрағанда қуанғаннан,  
Көзінің жасы майдай еріп кетті.

Былдырлап төсегінде жас баладай  
Өлеңмен өз батасын беріп кетті.  
Артынша ұзамай-ақ алып ақын  
Төстіктең қазған жерге еніп кетті.  
Арты той ұлан-асыр қайран ақын,  
Қазаққа көп дос тауып беріп кетті.

...Жамбылдың ауылынан қол үзгем жок,  
Жылына екі-үш барсам көнілге тоқ.  
Күмбезі күмбірлеп түр өзі құсан,  
Кененжан, ән шырқашы дегендей бол.

Бармасам бол тұрады көніл күпті,  
Қалайша ұмытармын жолдастықты?!

Қаладан, даладан да қайран жұрты  
Кия өтпей барып тұрад түпкілікті.



Жолдасқа бір күн болған қырық күн сәлем,  
Бұл сөзді текке айтқан жоқ ата-бабам.

Тұрсам да, жүрсем дағы елді аралап,  
Жамбылды күні-түні ауызға алам.

Ақыры мүнша ұзақ өлең жаздым,  
Олқысы болса айыпқа бүйірмағын.  
Демеймін аса күшті, терең жаздым,  
Селкілдеп қолымдағы кәрі қалам,  
Сексеннің бесеуінде өрең жаздым.

1969 ж



## **КЕНЕБАЙ – КЕРБЕЗ**

Ырғайты, Ақтерек пен Жаманты сай,  
Бар екен Аламандай бір үлкен бай.  
Баласы Бошқұл, Керім үшеу туған,  
Кішісі – ақын, сері, сал Кенебай.

Кенебай елге мәлім бала жастан,  
Ертектей ел аузында қызық дастан.  
Ескі өдет, діни рәсім күшті кезде,  
Немере қарындасын алып қашқан.

Тұқымы Аламанның үш-төрт ауыл,  
Қара ала жылқысы бар жүйрік дауыл.  
Екі ала тұлпарға міне қашып,  
Кербез қыз бен Кенебай шеккен дәүір.

Екі жас бір-ақ түнде елден безді,  
Кір жуып, кіндік кескен жерден безді.  
Қазақ салты — қыз алып, қыз бермейді,  
Жеті атаға толмаса ол бір кезде.

Бесікте құда түскен өдет-ғұрып,  
Қалың мал жай береді уәде қылып.  
Кербез қыздың күйеуі — бай баласы,  
Үйде отырса мойнына түспек кұрық.

Күйеуі ерні жырық, бойы мыртық,  
Әйел тұрмақ, кететін еркек үркіп.  
Бұл сияқты күйеуді Кербез қызға,  
Ата-анасы атапты түлен тұртіп.



Қызбенен ата-ананың ісі бар ма?  
Обалға қарайтұғын кісі бар ма?  
Кенебайдан басқаның бәрі де жау,  
Қыз сорлының ол кезде күші бар ма?

Той істеп Кербез сұлу ұзатылмақ,  
Қос жорға, екі түйе жүк артылмақ.  
Сөз байласқан құдасын қайтып қисын,  
Қырық жеті жеген соң тез құтылмақ.

Той болып, өлең айтып, шулап жатыр,  
Жаңғырып тау менен тас дулап жатыр.  
Кенебай қашан көзге көрінер деп,  
Кербез де естен танып, жылап жатыр.

Кенебай Алматыға кетем деген,  
Кербезге тойда болып нетем деген.  
Күзгі таң көз талдырар Үркөр туа,  
Түбіне мая шөптің жетем деген.

Сол шөпке Кербез келді ебін тауып,  
Тұр еді мұнарланып жаңбыр жауып.  
Кеп тұрған Кенебай да екі ат алыш,  
Қарғып мініп екі жас кетті шауып.

Шу десе, топтан озған қос қара ала,  
Бір үйірде бірге өскен дос қара ала,  
 Таң ата «Аңырақайға» жетті зулап,  
 Қолайлы бекінуге сүр аңғарға.

Әлеумет, деменіздер, мұны өтірік,  
 Жігіт сыртта, қыз, келін үйде отырып,  
 Ай қаранғы білтелі соқыр шамды,  
 «Құйын» келіп бір соғып, кетті ұшырып.



Отырған адамдардың көрмей көзі,  
Лап беріп шам жаққанша қыз да безді.  
Кенебай, Кербез қашып кете барсын,  
Басталық шетсіз тойдан енді сөзді.

Енесі шам жаққан соң жалт қарады,  
Кербез қайды, жоқ қой! деп, дат салады.  
Қайтадан қыз-бозбала айтыса алмай,  
Тойлары жау шапқандай сап болады.

Тарқады тойға келген халық шулап,  
Жаман сөз жатпайды екен ұзынқұлақ.  
«Кенебай қарындасын ап қашты!» деп,  
Естіген ел сілкінді жүрек сулап.

Аламан ажал жетіп, өлген кезі,  
Бала-шаға ер жетіп келген кезі.  
Ат шауып, асын беріп, жылдығы өткен,  
Әлі түр суреті мен ақ күмбезі.

Меркеде қыздың қайны кері Ботбай,  
Атағы жұртқа мәлім дәу Сыпатай,  
Келінін алып қашып кесірлі ұл,  
Кенебай салып кетті елді шоққа-ай.

Ол кезде барымта бар, құн дауы бар.  
Тағы да тамыр дауы, қыз дауы бар.  
Екі ел даулы болса епті жігіт,  
Мал тауып қаламыз деп үрлауы бар.

Құдалар шашын жұлып зарланады.  
«Елге не деп барам!» деп арланады.  
Шешесі екі емшегін көкке сауып,  
Кенебай мен Кербезге қарғанады.



Ботбайдан жұз кісі кеп қамалады.  
Дауға-дау қабаттасып жамалады.  
Кеткелі іздеушілер бір ай өтті,  
Қаңғырып қайтып келді, таба алмады.

Шаруалар барымтадан үркіп жатыр.  
Таулардың арасына жытып жатыр.  
Қой қырқып, бие байлап, он үй тігіп,  
Жұз кісіні құні-тұні күтіп жатыр.

Баласы Исатайдың Нұрғали келді,  
Кез келген адамдарды сабай берді.  
Сиқымбай деген шешен жан жеңбеген,  
Бұлбұлдай дау иесі сайрай келді.

Қасқараудың кәрі-жасы жалбырады,  
Еңсе түсіп, ес кетіп салбырады.  
Сөз тапса Сиқымбайға сол табар деп,  
Шақыртып Ноғайбайды алдырады.

Қарабай, Кебекбайдың қартаң кезі,  
Торғауыт Керім батыр қайтқан кезі.  
Бейімбет, Байғазылар дүние салып,  
Ноғайбай Қасқарауга тоқтам кезі.

Қысқасы, жақсы-жамай түгел келді,  
Ақыл мен айла табар түгелденді.  
Қарағандар қашқынды таба алмады,  
Жері жоқ іздемеген түк өнбеді.

Қарғап жүр ауыл болып екі жасты,  
Шартарап Істы, Дулат, Шапырашты.  
Немере қарындасын қатын қылса,  
Оңбайды бүл Кенебай жарымас-ты.



Ботбайлар көп күн болды, жатыр қамап,  
Шақ келмей, ет пен қымыз берген тамақ.  
Ноғайбай, Сиқымбайдай екі шешен,  
Қашан бітім қылар деп халық қарап.

Кербез қызы, Кенебаймен қырсық болды,  
Хабарсыз ұшып кеткен шымшық болды.  
Аламанның дәулетін шайқады,— деп  
Көрген елге жиналған сұмдық болды.

Жайылды бұл уақиға оң мен солға,  
Ақ орда болады деп қара қорда,  
Таутеке, Жандос деген бірауыздан  
Өлтірмек қызы-жігітті түссе қолға.

Әуелі Сиқымбайға келді кезек,  
Сиқымбай сөйлеп кетті тілін безеп:  
«Қасқарау, қырық құрау қып кетемін,  
Дулатқа бұлік салды екі кәзеп».

Тауып бер, жерден қазып жесірімді.  
Тигіздің бүкіл елге кесірінді.  
Қырық жеті, тоғыз түйе, тоғыз бие,  
Ат, айғыр санап алам осімімді!

Берген ат, берген түйе тоғыз айып,  
Ежелден ереже бар қойған салып.  
Аламанның жылқысын түгел келтір,  
Қалдырмай бір тайын да кетем алып!

Сиқымбай сөйлеп отыр желдей есіп,  
Өзі би, өзі жан боп пішіп-кесіп,  
Сиқымбайдың сыңайын сезген халық  
Үрейленіп: мынауың қайтеді?! — десіп.



Ноғайбай жұртқа таныс, келісті үні,  
Қыз тұрмак, біткен талай ердің құны.  
Откір көз оттай жанып, шарт жүгініп,  
Сайрады сандуғаштай қызыл тілі:

— Ау, Сиқымбай, сабыр бер, құрбым,— деді.  
Өзіңе кезек беріп тұрдым, — деді.  
Асқақтап Аспараның бораныңдай,  
Қамшыны онды-солды үрдыш, — деді.

Ашумен бола алмайсың ел иесі,  
Оп-оңай білімдіге дау жүйесі.  
Кебекбай, Қарабайлар әділ айт деп,  
Түсіп тұр екеумізге бар киесі.

Халықтың жаны таза, жазығы жок,  
Жастанға «қаш» деп айтқан жазымы жок.  
Қасқарауды қалайша басынасың,  
Күйеуді үйге тастап жасырғың кеп.

Күйеуді сен де алып кел, ерні жырық,  
Күйеусіз қыз берген кім сөзге тұрып?  
Сиқымбай, өз мінінді ойламастан,  
Салмақсың жылқымызға қайтып құрық?!

Сиқымбай, ерегіссен айтарым — сол,  
Кісінің бірі дейді ақылы мол.  
Дулаттың торт ұлы бар торт тіреудей,  
Сайрап жатыр атамыз сап кеткен жол.

Ноғайбай бір сөзінен бір сөзі асып,  
Бәсе! — деді көп халық жымыңдасып.  
Сөздері Ноғайбайдың жүйе болып,  
Сиқымбай тұрып қалды сұры қашып.



К е б е к б а й:

Ел үшін туған болсаң екі шешен,  
Ел алғысын алғандар болар көсем.  
Бөтені жоқ төрт Дулат бір анадан,  
Әділ болсаң жұрт тарап аман-есен.

Сыпатай үйде жатыр құлақ түріп,  
Сиқымбайға сенген соң шүкір қылып.  
Қарабаймен қатарлас қариялар,  
Ноғайбайға тапсырып біз де тұрдық.

Екеуің ерегіссең ел шайқалар,  
Екпіндең дауыл соқса көл шайқалар.  
Қариялық айтпаған кезім бар ма,  
Бітім қылсаң бақ-дәulet басқа қонар.

Ноғайбай Сиқымбайды қабылдады,  
Қуанып қалың халық дабырлады.  
Қол жайып екі шешен тұра келді,  
Жолдарың болсын деп жұрт жабырлады.

Бүкіл ел айтып жатыр алғыс сөзін,  
Жылаған құдағилар жуды жүзін.  
Ноғайбай Сиқымбайға «Сөйле!» – деді,  
Көрдің ғой көпшіліктің құрған тезін.

Сиқымбай Ноғайбайға қарап тұрып:  
Бітім қыл! – деді оған мойын бұрып.  
Адалдықпен қайтарғын алған малды,  
Тұп-түгел бұзбай мұртын санап тұрып.

Мақұл деп өткен малды есептесті,  
Бітімнен қайтпандар, – деп шыбық кесті.  
Байлары қайтыс болған екі әйел,  
Алдына екі қалыс келіп түсті.



Берген ат, берген түйе тоғыз айып,  
Найзамен тұсіргендей жауды сайып.  
Аламанның жылқысын айдал келіп,  
Көк ала биені алды құрық салып.

Кенебай, Кербез сұлу қырсық болды,  
Желі үзіліп сабасы торсық болды.  
Ноғайбай түрлі өнерге салар еді,  
Қазақтың ескі әдеті кесір болды.

Жайылды бұл оқиға оң мен солға,  
Ақ орда болып қалды қара қорда.  
Кенебай, Кербез сұлу түссе қолға,  
Құрбан қып шалар еді осы жолға.

Ботбайлар бітім қылып қайтып кетті,  
Лағынет халықтар да айтып кетті.  
Кенебай, Кербез сұлу табылмады,  
Жылжып жыл, ай аяңдап үш жыл өтті.

Жастардың бұл қылығы елге мазақ,  
Екеуін елден безген дейді көззап.  
Көп жүрттың надан кезі дінгे уланған,  
Білмейді махаббаттың жайын қазақ.

Екі жас сол қашқаннан кете берді.  
Өсегін елдің бәрі шерте берді.  
Білмеді ұшты-күйлі қайда екенін,  
Зымырап талай күн-түн өте берді.

Кетпесе Қарымбайдай жерге тұсіп,  
Кетпесе жын-шайтан боп аспанға ұшып.  
Тұғандар, туысқандар, аға-інілер,  
Табылса бауыздамақ қанын ішіп.



...Екеуі Аңырақайдан аттанады,  
Адамға жоламасқа сақтанады.  
Ілден ат жүздіріп әрең өтіп,  
Малайсары тауына бет алады.

Сар желіп Сарыөзекті өрлеп өтіп,  
Ешкіолмес, Текеліге жатты бекіп.  
Құн бұрын азық-тулік қамдап алды,  
Екі қоржын төрт басы толған ет қып.

Үш-төрт жыл Алтай тауын мекен етті,  
Екі жас бірін-бірі медет етті.  
Айырылып ел мен жерден жүрген кезде,  
Кербезге қас қылғандай құрсақ бітті.

Бұл құрсақ екеуіне болды қайғы,  
Жүргенде мекен қылып тау-тас, сайды.  
Әрі ойлап, бері ойлап екі ғашық,  
Қош айттысып Алтайдан енді тайды.

Екеуі атқа мінді ел табуға,  
Түсінер мұң мен шерді ер табуға.  
Қайтадан Текеліге үш күн түнеп,  
Қонуга тура келді бір ауылға.

Шаңырақтан шығады от жарқылдал,  
Ат дүбірге маң төбет тұр арсылдал.  
Маңындағы ақ үйдің мама ағашта,  
Томағалы бір бүркіт тұр шаңқылдал.

Кенебай ат үстінен «кім бар»— деді,  
Қоңырлау дауыс үйден «біз бар»— деді.  
«Құдайы қонақпыш», — деп айтқан кезде,  
«Түсініз, біз қонаққа құмар»,— деді.



Ат сайлап, екі бала сәлемдесті,  
Сылдырлап шашбаулы қыз есік ашты.  
Кенебай көпті көрген ырым қылды,  
Кез болып адамдарға ықыласты.

«Төрлет!»— деп бай-бәйбіше айтты қатар,  
Жігітім, жүріпсіздер шегіп сапар.  
Тоятын ішпей-жемей ниетіне,  
Киіз үй, қара қазан аңқып жұпар.

Kісі екен қара сақал үй иесі,  
Айтпай-ақ көрініп түр әр жүйесі.  
Шай ішіп, қызыл күрең терлеп-тепшіп,  
Бастады жөн сұраумен сөз жүйесі.

Асылып қазы-қарта соғым еті,  
Аңсап жүрген табылып елдің шеті.  
Қоңырып шоғы маздал қой жапасы,  
Осы еді екі «қашқын» есіл-дерті.

— Ау, балам, біреуің — қыз, бірің — жігіт,  
Жүріпсің қос қара ала ат парлап мініп.  
Алыстан ат арытып, тон тоздырып,  
Толтырып қос қоржынға азық-түлік.

Бүркіттей тоят алыш, жүрген түзден,  
Адамды ауыл көрмей дала кезген.  
Отырысиз дәмдес болып құтты қонақ,  
Сырынды жасырмайсың, енді бізден.

К е н е б а й:  
Әз аға, айтпай таптың сырмызызды,  
Таусылмас айта берсек шерімізді.  
Қайырымды адамға кез қылғай деп,  
Құдайдан тілеп едік күндіз-түні.



Арғы атам – төрт Дулаттың жанысы еді,  
Ауылымыз Алатауда алыс еді.  
Қасқарау деген ру алты болыс,  
Арасы жақын сүйем қарыс еді.

Немере қасымдағы қарындастым,  
Фашық боп құдай бұзып алып қаштым.  
Қазаққа қоспас еді мұндай әдет,  
Аңдай боп мекенедік таудың тасын.

Үш жылдай паналадық Алтай тауын,  
Адамзат болғандай-ақ ата жауым.  
Ақылды енді ағажан, таппасаңыз,  
Ағайын бізді өлтірер, туған бауырым.

Кенебай, Кербез біздің аттарымыз,  
Қадірлі дәм-тұзыңды татқанымыз.  
Мінекей, «көп сөз — көмір, аз сөз — алтын»,  
Бар сырды осы сізге айтқанымыз.

Тілек осы ағажан, қабылданыз,  
Ел менен жерден безінген біз бір аңбыз.  
Отырмыз енді сізді пана тұтып,  
Ағажан, аяп бізді жарылқаңыз!

Сақалын үй иесі алды тарап,  
Кербез мен Кенебайға алды қарап:  
Қарағым Дулат болсаң, біз Жалайыр,  
Ар жағы ата-анадан Абақ, Тарақ.

Он екі ата Жалайыр ел болады,  
Атақты Орақ деген ер болады.  
Ескелді, Балпық деген билер өткен,  
Төле би, Өтегендер тең болады.



Бұларға тіл тигізген еркек-әйел,  
Дүниеде бас пен малдан кем болады.  
Ноғайбай, Малдыбай мен Қарасайлар,  
Әділ би, айтқан сөзі ем болады.

Бәріміз Бақтиярдың баласымыз,  
Кенебай, айтқан сөзің жөн болады.  
Шырағым, Қази деген менің атым,  
Баламмен дос болып жүр ниет жақын.

Біреуде нарық та жоқ, тарих та жоқ,  
Ерекше ерлік қыпсың азаматым.  
Қазақтан басқа ұлтқа ұят емес,  
Біле ме қара халық махаббаттың,  
Отқа түсер, су кешер машақатын?  
Жайланаңып жата бергін құліп-ойнап,  
Мен болдым өкіл өкең екі жарқын,

Мұндай іс азаматқа сын болады.  
Бақ тайса батыр түбі — жын болады.  
Дулаттың қөптігіне сан жетпейді,  
Қариясы Қасқарau кім болады?

Кенебай өзі ақын тілге жүйрік,  
Жатық жауап береді жырлап тұрып.  
Ел мен жерден безген қыын екен,  
«Арашашы бол» — деді жылап тұрып.

Өзіңмен қайда барсаң бір жүррейін,  
Құсына алтай түлкі ілдіррейін.  
Мен дағы ит жүгіртіп, құс салушы ем,  
Олеңші өнерімді білдірлейін.

Қасқарau аз ел емес, алты болыс,  
Құнгей мен теріскейді қылған қоныс.



Дулаттың төрт баласы көпшілігі,  
Сырымбет, Баба руы — бақ пен ырыс.

Жақсысы әр атаның көп болады,  
Бірі — бай, бірі — батыр, бек болады.  
Қарабай, Жайнақ батыр ақсақалы,  
Айтқаны әділетті еп болады.

Сырымбеттен Ноғайбай озған ұзап,  
Ауызына қарап түр қырғыз, қазақ.  
Ораздан Кебекбай бар әділ төре,  
Солтанкелді, Бөкендер аймағы аз-ақ.

Қ а з и:

Кенебай, босап отыр жүйе-жүйем,  
Қарыстан болады ғой, жақын сүйем.  
Сыпataй, Кебекбай мен Ноғайбайың,  
Жалайыр — нағашысы, бізге жиен.

Сұрасаң менің атам Қарабалпық,  
Атамның нағашысы Алтай-Қарпық.  
Кенебай, Кербез балам, қорықпандар,  
Атаңды қара бура кетер тарпып.

Қазының сөзі әділ, өзі шешен,  
Қадірлі Жалайырға батыр, көсем.  
Кербездің айы жетіп бір ұл туды,  
Бақытты үйге кез боп аман-есен.

Кенебай көңіл тыныш жата берді.  
Өлең айтып қокпарды тарта берді.  
Той қылып өкіл бала, қыз Кербезге,  
Дос болып қолын жайып бата берді.



Ежелден «ел құлағы — елу» деген,  
Үш-төрт жыл Кенебайлар көрінбеген.  
«Шіріген жұмыртқа» деп қойған халық,  
Табылып енді қайта келу деген.

Бұл елде ұлан-асыр той болады,  
Сол тойға жиналған ел көп болады.  
Жетісу, жеті ояз қырғыз, қазақ,  
Үш жылда бас қосатын серт болады.

Аймағы Жетісудың — жеті дуан,  
Найман мен Жалайырлар, Албан, Суан.  
Түрлі ел тұс-тұсынан келіп жатыр,  
Күжілдеп болыс-бiler құрып думан.

Қази би осы топқа келген екен,  
Кенебай ақыны боп ерген екен.  
Қасқараудан бұл топқа кім келсе де,  
Солармен бір тілдесіп көрмек екен.

Тай сойып Ногайбайды шақырады,  
Сары қымыз мыс тегенге сапырады,  
Көрсетіп сән-салтанат қонақтарға,  
Көрісіп Ноғайбаймен отырады.

Әжібай бірге барған өрескел-ді,  
Қатарға кіріп қалған жігіт кезі.  
Кенебай мойнына шылбыр байлап,  
Күсырып екі қолын көніп келді.

Нұқаңа сәлем беріп бүгіледі,  
Кенебай бір жанынан түңіледі.  
— Өлтірсең өз қолыңдан арманым жоқ,  
Міне! — деп қылша мойнын жүгінеді.



**Қ а з и:**

Ноғайбай, Абақ — іні, Тарақ — аға,  
Ноқта ағасы депті ғой ата-баба.  
Төрт Дулат — Домалақ ана түқымысын,  
Кешірім берініздер бұл балаға.

Жиенжан, жол бересің Жалайырға,  
Бұл болсын Қасқарауға тоқтам-тұлға.  
Екеуі ел-жұртына жазықты боп,  
Жүр екен аңдай қашып біздің қырда.

Кез болды маған Кербез, Кенебайың,  
Бұларды айдал келген бір құдайым.  
Ескелді, Балпық бидің үргағы едім,  
Күнәсін кешкенінді мен сұраймын.

**Н оғ а й б а й:**

Қазеке, сөзінізді екі қылман,  
Мұнданай іс кім сұрайды қыз бен ұлдан.  
Қазақтың салтында жоқ бір іс болды,  
Қарғысын алды бұлар кемпір-шалдан.

Қазеке, сіз айтқан соң кештік, — деді.  
Шылбырды мойындағы шештік, — деді.  
Кенені өзім бастап елге апарам,  
Жатарсыз тілектес боп естіп, — деді.

Қазекен алғыс айтып, бата берді,  
«Әумин» деп сипады сақалды енді.  
Жіберіп Кенебайды топ тарқамай,  
Кербезді ап келуге қайтарды енді.

Кенебай кетті шауып күн-тұн қатып,  
Кербезге болған істің бәрін айтып.



Қоштасып, өкіл шеше, достарымен,  
Үш күнде Кербезді алып келді қайтып.

Той тарқап жоқ табылып елге жүрді,  
Қордай мен Ырғайтыңай белге жүрді.  
Ноғайбай Қази бимен қатар түзеп,  
Бұлармен екі жігіт бірге жүрді.

Ауылға бір жігітті шаптырады,  
Қасқарау Ноғайбайға тақ тұрады.  
Қарабай, Кебекбайға хабар қылып,  
Шабарман ойға қырға шапқылады.

Үй тігіп Жамантының сағасына,  
Сүйінші айтып ана, ағасына.  
Туысқан-туғандарды түгел жиды,  
Қалмас үшін ағайын табасына.

Ау, жүртym!  
Анам — Домалақ, атам — Дулат,  
Үйірден құтылмайды асау тулап.  
Қази би қадірменді кеш, — деп келді,  
Осынша қалың елдің басын құрап.

Алыста Жалайырдан келіп отыр,  
Ордасын Аламанның көріп отыр.  
Кербез бен Кенебайға өкіл ата,  
Ертіп кеп, жоқты тауып беріп отыр.

Тентектер бола береді ел ішінде,  
«Қол сынса көрінбейді жең ішінде».  
Кебекең, Қаракең де қой, — деп отыр,  
Көпшілік келу керек келісімге.

Ноқаңның бәтуалы болды сөзі,



Айтқаны екі болмай тұрған кезі.  
Ашулы Аламанның жігіттері,  
«Қойдық» деп бата алды жылап өзі.

Өз қолын өзі батып кесе алмады,  
Бауырлас қекіл кесіп кете алмады.  
Салпы етек, сабау қамшы өсекшілер,  
Ел-жүрттың бірлігінен өте алмады.

Кенебай, Кербез елге араласты,  
Құрсініп туыстары төкті жасты.  
Анасы аңырап-боздап Кербезіне,  
Құшақтап бетін сүйіп, мауқын басты.

Қази би үш күн жатып елге қайтты,  
Халыққа разы болып алғыс айтты.  
Асыл тон, ат мінгізіп, түйе сыйлап,  
Жолдасына ат беріп, шапан жапты.

Қази би Кебекбаймен құшақтасып,  
Қоштасты төстеріне төсін басып.  
Құрметтеп Ноғайбайлар нағашым деп,  
Шығарды түстік жерге жолдастасып.

Қази би бата беріп Ноғайбайға,  
Найманбай аруақ қонған Малдыбайға,  
Бетке алып Алтай тауын жүріп кетті,  
Көрсеткен риза боп қонақжайға.

Кенебай, Кербез сұлу елге келіп,  
Кір жуып, кіндік кескен жерге келіп,  
Екеуі он шақты жыл дәурен сүрді.  
Балалы-шағалы боп ойнап-куліп.

...Бір тұні Кербез сұлу ұшып тұрып,  
Мойнынан Кенебайдың құшып тұрып.



«Ғашығым ақиретте көрелік», — деп,  
Амал не ажал жетті кетті жүріп.

Баланың атын қойған Текелі деп,  
Тұған соң Текелі тау мекені деп.  
Сол ұлы он жасында қайтыс бопты,  
Болжапты кім оны ерте өтеді деп.

К е н е б а й д ы ң з а р ы:

Кеттің бе, тастап мені, Кербезім-ай!  
Сен үшін ел-жұрттымнан безгенім-ай!  
Қалмады тым болмаса Текелі де,  
Амал не ағып тұсті-ау, қос көзім-ай!

Әлемнен алып қашқан нұр қызым-ай!  
Серттескен лебізіңнен бір бұзылмай,  
Мен үшін ата-анаңдан безіп едің,  
Қол жетпес аспандығы жұлдызым-ай!  
Өтермін өлгенімше жырлай-жырлай,  
Секілді егіз қозы сыңарым-ай!

Қош болғын, асыл ару Кербез сұлу,  
Сен үшін маған қарыз айтып жүру.  
Артыңнан арыстандай күніреніп,  
Жүрермін арам болып ойнап-кулу.

Аңдай боп араладық тау биігін,  
Ақылды әйелдегі кер миығым.  
Өтермін өлгенімше жырлап сені,  
Арылмас ажал алмай шер-күйігім.

Шолпандай жалт-жұлт еткен екі көзің,  
Кетпейді көкейімнен айтқан сөзің.  
Ұмытылмас сағат сайын сағынышым,  
Шаршасам болар қуат өр мінезің.



...Кенебай осылай деп жырлаушы еді,  
Көрі-жас таңдай қағып тындаушы еді.  
Жас дәурен, қызық дәурен қызығымен,  
Алыстан бізге қолын бұлғаушы еді.

Кенебай Әзіrbайға көп келетін,  
«Кененің ақын бопты» деп келетін.  
Екеуі бастан кешкен әңгіме айтып,  
Мінезі бір-біріне дөп келетін.

Кенебай қазақ-қырғызды аралайтын,  
Еш сері оған ермей қала алмайтын.  
Орт еді, болат еді, тіліп түсер,  
Бай-манап ажарына қарамайтын.

1936 ж



# **T Y C I H I K T E P**

## **AЙТЫСТАР**

**БЕТАШАРЫ АЙТЫСТАРЫН** — 1964 жылы Жамбыл облыстық ақындар айтысын бастардағы айтқан беташары. 1974 жылғы жинағында жарияланған.

**КЕНЕН МЕН ШӘЛИПА** — Бұл айтыс жөніндегі түсінік ақынның «Көкшолақ», «Көкшолақпен тойға барғаным» деген өлеңдерінде айтылды. Айтыс өуенін нотаға түсірген музыка зерттеушісі А. Серікбаева.

**КЕНЕНИҢ БӨДЕНЕ ЖӘНЕ ШӘЙНЕК ДЕГЕН ЖЕҢГЕЛЕРІМЕН ӘЗІЛ-ҚАҒЫСЫ** — 1921 жылы Алматы іргесіндегі Ақсай өзенінің жағасында, қазіргі Қаскелең ауданы Ленин совхозының «Ақсай» бөлімшесінде өткен. Бұл кезде Қордайда ревком председателі болып тұрған Кенен Бөдене және Шәйнек деген жеңгелерін көшіріп әкетпек болып келген. Айтысты Р. Байжасаров жазып алғып, 1961 жылғы жинағына қосқан. Содан бері кейінгі жинақтарында жарияланып келеді. Өуенін нотаға түсірген А. Серікбаева.

**КЕНЕН МЕН ЛӘТИПА** — Драмалық айтыс 1921 жылы Іле, Балқаш өңірінде өткен. Ревком Кенен жақадан үйымдастып жатқан Қызыл өскер полкіне көлік жинауға барғанда, сол ауылдың Ләтипа деген ақын келіншегімен айтысқан. Кенен мен Ләтипаның өз ән-әуендері болған. Ол өуенді алғаш рет А. Серікбаева нотаға түсіріп, «Бозторғай» (1977) жинағына қосқан.

**ЖАМБЫЛ МЕН КЕНЕН** — 1934 жылы халық таланттарының республикалық слетіне қатысып, ақындық даңқы танылған Жамбылды Кенен шәкірті құттықтап дидарласқанда айтқаны. Алғаш рет 1974 жылғы жинағында жарияланды.

**КЕНЖЕҚОЖА МЕН КЕНЕН** — Айтыс 1938 жылы 1 май мерекесі күні «Кіндіктас» колхозында



болған. Кенжеқожа Қалмырзаев (1898—1945) атақты «Майлықожа», «Мәделі шәкірті», «Мың бір тұн» хикаяларының жетпіске таяу түрін өлеңге айналдырган шебер ақын. Ол Кененді «әнші ақын фой» «қалайда женермін» деп айттысқан. Бірақ көпшілік Кененнің сөзін уәж деп тапқан. Айттыс Кененнің 1967 жылғы жинағында жарияланды. Кейінгі жинақтарында сол нұсқасы сақталып келеді.

**КЕНЕН МЕН ӘБДІҒАЛИ** — 1943 жылы Алматыдағы республикалық ақындар айттысында кездескен. Әбдіғали Сариев (1900—1964) Алматы облысы, Кенен — Жамбыл облысы атынан сөз сайысына түскен. 1967 жылғы жинағында жарияланды.

**КЕНЕН МЕН БОПИНА** — Айттыс 1944 жылы Қордай ауданының «Жаңа тұрмыс» колхозында өткен. Бопина Байсауытқызы сол ауданда ұзақ жылдар партия, совет қызметінде болған. Қүйеуі Жарылғап майданнан оралып, дерексіз кеткен інісі Оспанның табылғанына қуаныш тойын өткізген. Сол тойға Кененді арнайы шақырған. Айттыс алғаш рет 1961 жылғы жинағына енген. Әуенін нотаға түсірген А. Серікбаева.

**КЕНЕН НІҢ ШАШУБАЙ МЕН СОҢҒЫ КЕЗДЕСУІ** — 1949 жылы Москвадағы қонақүйінде Қазақстаннан барған әнші, күйші өнерпаздар екеуін қолқалап айттыстырған. Бұл сондағы қағысадың қысқаша нұсқасы. Шашубай Қошқарбаевтың жасы Кененнен едәуір үлкен. Екеуі Жетісуда талай рет кездесіп, ән салып, думан-сайран құрган достар. Айттыс 1961, 1967 жылдардағы жинағында жарияланған.

**КЕНЕН МЕН ӘСІМХАН** — 1949 жылы арнайы шақырумен Кенен Алматы облысы Жамбыл ауданының «Киров» колхозына барады. Сонда алдынан Үмбетәлінің шәкірті Әсімхан Қосбасаров шығып өлеңмен сәлемдеседі. Кенен оған өлеңмен жауап қайтарады. Бұл сәлемдесу алғаш рет 1974 жылғы жинағында жарияланған.



**КЕНЕН МЕН ХАЛИМА** — Айтыс 1961 жылы халық ақындарының Алматыда өткізілген республикалық мәслихат-кеңестерінде өткен. Халима Өтегалиева—(1889 жылы туған) ақын ана. Айтыс тұңғыш рет «Ақындар жыры» жинағында (1963) жарияланған.

**КЕНЕН МЕН ЕСДӘУЛЕТ** — 1963 жылы халық ақындарының, облыстық айтысында кездескен. Айтыстың мәтіні Жамбыл облыстық «Еңбек туы» газетінде 1964 жылғы 1 ақпанды жарияланып, 1967 жылғы жинағына қосылған.

**СҮЛУБИКЕ** — ЗЕЙНЕП — Колхоз бригадирлерінің өтініші бойынша айтылған түспал айтыс. Оны ақын 1943—45 жылдары егіс бригадалары арасында жырлап жүрген.

«Айтыс» жинағының 3-томында (1966): «Айтыс 1943 жылы болған. Оны өндеп институттың қолжазба фондына тапсырған халық ақыны Кенен Әзірбаев» деп түсінік берілген. Расында, ондай айтыс болмаған. Сұлубике, Зейнеп ойдан алынған кейіпкерлер.

**ҮМБЕТӘЛІ ДҮНИЕ САЛҒАНДА** — 1969 жылы халық ақыны Үмбетәлі Кәрібаев қайтыс болғанда оның шәкірті Әсімхан Қосбасаров Кененге барып естірту айтқан. Бұл сондағы екі ақынның кезек сөзі. Алғаш рет 1974 жылғы жинағында жарық керген.

**КЕНЕН МЕН ҮМБЕТӘЛІНІҢ ДИДАРЛАСУЫ** — Жазып алып, әдеби өндеген, Ақын Өмірбай Өмірзақұлы. 17.05.1966 ж. Үмбетәлі мұражай қорынан алынды.

**КЕНЕН МЕН ҚАЛҚАНЫҢ АЙТЫСЫ** — 1921 – 1925 жылдар Кенен мен Қалқаның бұл сөз қағыстыруы «Елім сені жырладым» деген Қ. Жапсарбаевтың кітабынан алынды. (1966 ж. 192-196 беттер)

### **ДАСТАНДАР**

**ӘЛИ БАТЫР** — Кененнің 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының оқығаларын суреттеген сүбелі дастаны. Алғаш рет ауызекі айтылып, кейінрек толықтырылып хатқа түскен. 1949 жылы жеке кітапша болып қазақ және орыс тілінде (аударған М. Тарловский) шықты.



1955, 1961, 1967, 1974 жылдардағы жинағында жарияланған.

**ҚЫРҒЫЗБАЙ** — Жетису өңіріндегі халық азаттық көтерілісін баян еткен дастан. 1916—17 жылдары ауызша айтылып, кейінірек хатқа түскен. Осы дастанның:

«Жер мен қокті сілкінтіп,

Он жетінші жыл келді», —

деп басталатын шумактарын ақын жеке өлең етіп те айтып жүрген.

Әуелі 1952 жылғы жинағында жарық көрді. Кейін 1955, 1961, 1967, 1974 жылдары шыққан жинағында жарияланған.

**ЖАМБЫЛ** — ЖЫР — Кенен ақынның жарты ғасыр бірге ғұмыр кешіп, жыр маржанын төгіскен үстазы Жамбылдың 125 жылдық мерекесіне арнаған дастан-жыры. Дастанның қалай тузы қақында осы түсініктеме авторының «Жамбыл мен Кенен» атты («Жалын» баспасы, 1978) кітабында жазылған. Дастан әуелі «Еңбек туы» газетінде (1971 жыл, 23, 24 ноябрь) «Жамбыл жайлы толғаулар» деген атпен, кіріспе бөлімі «Қазақ өдебиеті» газетінде (1972 жыл, 2 июнь) “Ақынды алғаш көргенім” деген үзінді күйінде жарияланған. Онан соң, «Той бастар» атты шағын кітапшасында, кейін 1974 жылғы (филология ғылымдарының кандидаты Мырзатай Жолдасбеков құрастырып, алғы сөз жазған) жинағында жарияланды. Бұл томға соңғы нұсқасы алынды.

**КЕНЕБАЙ** — КЕРБЕЗ — Лирикалық дастан. Кенебай — ақынның әкесі Әзіrbаймен түстас адам болған. Оның басынан кешкен оқиғаларын Кенен алғаш рет өз әкесінен есіткен. Әуелі үзік-үзік жыр күйінде, 1936 жылы бүтін дастан етіп жырлаған. Алғаш рет 1967 жылғы жинағында жарияланды.

Нысанбек ТӨРЕКҰЛОВ,  
филология ғылымдарының докторы.



# МАЗМҰНЫ

АЙТЫСТЫҢ БЕТАШАРЫ .....	4
КЕНЕН МЕН ШӘЛИПА .....	6
КЕНЕННИҚ БӨДЕНЕ ЖӘНЕ ШӘЙНЕК ДЕГЕН ЖЕҢГЕЛЕРІМЕҢ ӘЗІЛ-ҚАҒЫСЫ .....	8
КЕНЕН МЕН ЛӘТИПА .....	10
ЖАМБЫЛ МЕН КЕНЕН .....	14
КЕНЖЕҚОЖА МЕН КЕНЕН .....	15
КЕНЕН МЕН ӘБДІФАЛИ .....	20
КЕНЕН МЕН БОПИНА .....	35
КЕНЕН МЕН ШАШУБАЙДЫҢ СОҢФЫ КЕЗДЕСУІ .....	38
КЕНЕН МЕН ӘСІМХАН .....	40
КЕНЕН МЕН ХАЛИМА .....	42
КЕНЕН МЕН ЕСДӘУЛЕТ .....	45
СҰЛУБИКЕ – ЗЕЙНЕП .....	52
ҮМБЕТӘЛІ ДҮНИЕ САЛҒАНДА .....	60
КЕНЕННИҚ НҮРИЛА МЕН ҮМБЕТӘЛІГЕ АЙТҚАНЫ ....	63
КЕНЕН МЕН ҮМБЕТӘЛІНІҚ ДИДАРЛАСУЫ .....	64
КЕНЕН МЕН ҚАЛҚАНЫҚ АЙТЫСЫ .....	72
<b>ДАСТАНДАР .....</b>	<b>77</b>
ӘЛИ БАТЫР .....	78
ҚЫРҒЫЗБАЙ .....	108
ЖАМБЫЛ – ЖЫР .....	129
ЖАМБЫЛДЫҢ БАЛА КЕЗІ .....	131
ЖАМБЫЛДЫ БІРІНШІ КОРГЕНИМ .....	134



ЖАМБЫЛДЫҢ ЖЕЛДІРМЕСІ .....	138
ПАТШАНЫҢ ТОЙЫНДА .....	142
ТОЙ БАСТАЛДЫ .....	144
ҰЛЫ ОКТАБРЬ НҰРЫ .....	148
ҰЗЫНАҒАШТАҒЫ ӨСТЕПКЕ .....	152
ЖАМБЫЛДЫҢ TYCI .....	158
1934 ЖЫЛҒЫ СЛЕТ .....	160
ЖАМБЫЛ ТОЙЫ .....	163
СОЛ ТОЙДА ҚЫРҒЫЗ ЖЫРШЫЛАРЫНЫҢ	
АЙТҚАНЫ .....	165
ЖАМБЫЛДЫ ҚОНАҚҚА ШАҚЫРУ .....	167
КӨРКЕМЖАН ТУҒАНДА .....	170
ЖАМБЫЛ ЖАТЫП ҚАЛҒАНДА .....	173
СОҢҒЫ СӨЗ .....	177
КЕНЕБАЙ — КЕРБЕЗ .....	179
Т Y C I H I K T E R .....	198
АЙТЫСТАР .....	198



**Кенен ӘЗІРБАЕВ**

# **ШЫҒАРМАЛАРЫ**

Бестомдық

2-том

**ЖАРЫСТЫМ ТАЛАЙ ЕЛДІҢ ЖҮЙРІГІМЕН**

Айтыстар мен дастандар

Редакторы **Әлсейіт ОСПАН**

Корректоры **Қапиза БЕКЕНҚЫЗЫ**

Көркемдеуші редакторы **Дана ҚАЙЫРШАЕВА**

Техникалық редакторы **Нұркен СҮЙЕУБЕКҰЛЫ**

ISBN 978-601-03-0489-5



9 786010 304895

A standard 1D barcode representing the ISBN number 978-601-03-0489-5. Below the barcode, the numbers 9 786010 304895 are printed.

ИБ№18

Басуға ж. қол қойылды. Пішімі 60/90  $\frac{1}{16}$ .  
Қаріп түрі «Times/Kazakh» Көлемі 12,75 ш.б.т.  
Таралымы 5000 дана. Тапсырыс №28

«ҚАЗАКПАРАТ» баспа корпорациясының баспаханасы

